SAMRUK-KAZYNA CONSTRUCTION

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП. 2022

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ жылдық есептері электрондық және интерактивті форматта мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде компанияның веб-сайтында қолжетімді.

МАЗМҰНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ 2

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ 4

ЕСЕП ТУРАЛЫ 6

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 8

- Даму тарихы 9
- Бизнес үлгісі 10
- Жарғылық капиталдың құрылымы 10
- 2022 жылға дивидендтер төлеу туралы ақпарат 10
- Қызмет географиясы 10
- Ұйымдастырушылық құрылым 12
- Топ құрылымы (31.12.2022 ж. жағдай бойынша) 13

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ 14

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ 18

- Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау 19
- Жылжымайтын мүлікті басқару 20
- Жобалау және құрылыс кезеңінде компаниялар үлестерін сенімгерлік басқару 20
- Инвестициялық қызмет 21

НАРЫҚТЫ ҚЫСҚА ШОЛУ 26

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ 29

ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ 32

МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ 34

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР 35

ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ 36

- Тұрақты дамуды басқару тәсілі 37
- Маңызды тақырыптарды анықтау 39
- Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу 40
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ стейкхолдерінің картасы 43
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл 43
- Мемлекеттік саясатты қолдау 45
- Жеткізушілердің жауапты тізбегі 45
- E компоненті. Экологиялық аспект 46
- S компоненті. Әлеуметтік аспект 47
- G компоненті. Басқарушылық аспект 52

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ 66

- Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы 67
- Тәуекелдер тізілімі мен картасы 68
- Ішкі аудит 68

СЫРТҚЫ АУДИТ 70

- Байланыс ақпараты 71

ҚОСЫМШАЛАР 72

- № 1 қосымша 73
- № 2 қосымша 74
- № 3 қосымша 77

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ТӘЖІҒАЛИЕВ
Мұхтар Өтепқалиұлы

Директорлар кеңесінің Төрағасы

Пилоттық ұлттық жобаны іске асыру аясында «Samruk-Kazyna Construction» АҚ орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі дирекциясы ретінде айқындалды, сонымен қатар компанияға объектілердің сапасы мен уақтылы пайдалануға берілуі үшін жауапты, құрылыс жұмыстарының белгіленген мерзім мен талапқа сәйкестігін бақылайтын, мердігерлерді іріктеудің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін тапсырыс беруші функциясы жүктелді.

Құрметті әріптестер, серіктестер!

Назарларыңызға «Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – Компания, Қоғам) қызметі туралы 2022 жылға арналған жылдық есепті қуанышпен ұсынамыз.

Компания Дағдарысқа қарсы бағдарламаның, «Нұрлы жер» бағдарламасының жалға беру және коммерциялық тұрғын үй бағыттары бойынша операторы, әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысына тапсырыс беруші, сондай-ақ жобаларды басқару бойынша кеңесшісі ретінде өз дамуын жалғастыруда.

2022 жылдың 15 қыркүйегінде Қоғам Даму стратегиясын бекітті. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау, инвестициялық қызмет, қайта жаңарту бағдарламасы, қалаларда кешенді құрылыс жүргізу, импортты алмастыру мақсатында зауыттар салу, сондай-ақ әлеуметтік мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру – осы және басқа да мақсаттар Қоғамның 2031 жылға дейінгі даму стратегиясында көрсетілген. Сонымен қатар, Стратегияда еңбекті қорғауға, өндірістік қауіпсіздік пен қоршаған ортаға, адам ресурстарын дамыту саласындағы стратегияға, қоршаған ортаға ең аз әсер ететін жасыл құрылысты ескере отырып, жобаларды таңдау кезінде іріктеуді жетілдіруге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге ерекше назар аудара отырып, ESG қағидаттарын ұстану міндеті қойылған.

Жобалау және құрылыс сатысында компанияның үлестерін сенімгерлік басқарудың стратегиялық міндеті шеңберінде 2022 жылы Компания командасының күш-жігері «Самұрық-Қазына» АҚ тобының негізгі жобаларының бірі болып саналтын «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының (бұдан әрі – «ҰИМТ» АЭА) аумағында инфрақұрылым объектілерін салуға бағытталды. Бұл Атырау облысының мұнай-химия кластері үшін маңызы жоғары іс болды.

2022 жылы жалпы зауыттық инфрақұрылымды салу бойынша жұмыстар жүргізілді, 2023 жылы сыртқы электрмен жабдықтау, БГТЭС 165 МВт қосымша энергетикалық блогын, су өңдеу және ағындарды тазарту қондырғысын (2-кезегі), инженерлік желілер дәлізін (2-кезегі), сыртқы суағарды (2-кезегі), АГТС-пен газ құбырын, булану тоғанын салу бойынша жұмыстарды жобалау басталады.

Құрылыс материалдарының импортын алмастыратын өндірісті дамыту аясында Қоғам Астана қаласында шатыр және қаптау материалдарын шығаратын зауыт салу бойынша жобаны іске асыруда, құрылыс 2023 жылы аяқталады деп жоспарланған. Жобаның құны 2,6 млрд теңгені құрайды, оның ішінде Қоғамның инвестициясы – 2,1 млрд теңге (80 %).

2022 жылдың 22 қыркүйегінде «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес Түркістан облысында жалпы қуаттылығы 1000 МВт дейінгі маневрлі генерациялау режимі бар бу-газ қондырғысы негізінде электр станциясының құрылысы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 100% сенімгерлік басқаруына берілді. Түркістан облысында электр станциясын салу бойынша ауқымды жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда. Қуаттылығы 1000 МВт дейінгі бу-газ қондырғысы негізінде электр станциясын салу елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттырады, атап айтқанда, бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының жетіспейтін энергетикалық қуаттылықтарының орнын толтыруға мүмкіндік береді және энергетикалық жүйені маневрлік қуаттылықтармен қамтамасыз етеді. Оған қоса, бұл станция жаңартылатын энергия көздерін ұлттық энергетикалық жүйеге біріктіруге қолайлы жағдай жасайды. Станция құрылысы үшін 2 мың жаңа жұмыс орны ашылады.

2022 жылдың 28 қыркүйегінде Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңестің кезекті отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Samruk-Kazyna Construction» АҚ мектептер құрылысы бойынша бірыңғай тапсырыс беруші ретінде белгілеу туралы Үкіметтің ұсынысын қолдады.

Осылайша, пилоттық ұлттық жобаны іске асыру аясында «Samruk-Kazyna Construction» АҚ орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі дирекциясы ретінде айқындалды, сонымен қатар компанияға объектілердің сапасы мен уақтылы пайдалануға берілуі үшін жауапты, құрылыс жұмыстарының белгіленген мерзім мен талапқа сәйкестігін бақылайтын, мердігерлерді іріктеудің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін тапсырыс беруші функциясы жүктелді.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолданыстағы оқу мекемелерінде орын тапшылығы мәселесін жүйелі түрде шешуге, апаттық нысандар мен орта білім беру ұйымдарындағы үш ауысымды оқытуды жоюға бағытталған. 2023–2025 жылдары Қазақстан Республикасының барлық аймақтарындағы қалаларда да, шалғай елді мекендерде де 738 мың оқушы орнына арналған 369 жайлы мектеп салынады.

Сондай-ақ, Fitch Ratings 2022 жылы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ рейтингі бойынша болжамды «Оңнан» «Тұрақтыға» өзгертіп, Компания шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолт рейтингтерін («ЭДР») «BB» деңгейінде растағанын атап өткен жөн. AKPA рейтингтік агенттігі Қоғамның халықаралық шкаладағы кредиттік рейтингінің BB+ деңгейінде және болжамы «Тұрақты» екенін растады.

Компания 2031 жылға дейінгі стратегияны жүзеге асыру аясында негізгі қызмет бағыттары бойынша алдына қойылған барлық міндетті табысты орындауды жалғастыруда.

2022 жылдың қорытындылай келе, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Қоғам командасына, сондай-ақ біздің серіктестерге Компания қызметіне қосқан үлесі үшін алғысымды білдіремін.

Директорлар кеңесі атынан баршаңызға табыс пен өркендеу тілеймін!

М. Тәжіғалиев

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

АЙМАНБЕТОВ
Мәулен Зарлықұлы

Басқарма Төрағасы

Жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру 150,7 мың м² (жоспардың 103 %) құрады, 99,1 мың мүлік сатылды (жоспардың 110 %), сондай-ақ Қоғам халықаралық кредиттік рейтингін растайтын қаржылық тұрақтылығын сақтады.

Құрметті серіктестер, жалға алушылар, әріптестер!

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – Қоғам, Компания) ел көлеміндегі құрылыс жобаларын басқару қызметін жүзеге асыру барысындағы жоғары жауапкершілікті сезінеді және адамдар мен қоршаған ортаға барынша қамқорлық көрсете отырып, өз алдына табысты және тұрақты даму міндетін қояды.

Қоғам тұрғын үй құрылысына бағытталған дағдарысқа қарсы бағдарлама, «Қолжетімді баспана – 2020», «Нұрлы жер» бағдарламалары бойынша қолданысқа тапсырылған жылжымайтын мүлік объектілерінің үлескерлерімен және жалға алушыларымен жүйелі жұмыс жүргізуде.

Қоғам объектілерінің елдің әртүрлі аймақтарында орналасуын ескере отырып, жер-жерлерде үлескерлермен және жалға алушылармен көшпелі кездесулер өткізіліп, тұрақты кері байланыс орнатылды. Ақтөбе, Тараз, Шымкент, Астана, Атырау қалаларында орналасқан объектілер бойынша өткізілген кездесулердің қорытындысы негізінде тұрғын үйлердің жанындағы аумақ пен тұрақтарды абаттандыру, балалар алаңқайын, кіреберіс шатырын, паркингті жөндеу және жөндеу және жайластыру жөніндегі өтініштер қанағаттандырылып, қасбет бойынша олқылықтар жойылды.

Осыған ұқсас жұмыстар Қоғамның меншік құқығындағы және басқаруындағы бизнес орталықтарда да жүргізілді.

31.12.2022 ж. жағдай бойынша Қоғамның құрылыс саласына инвестициялау шарттары бойынша жылжымайтын мүлік пулы 362,98 мың м² құрады, жобалардың жалпы құны – 129,0 млрд теңге, оның ішінде Қоғам инвестициясының көлемі – 55,3 млрд теңге. Қоғамның жобалардағы үлесі орта есеппен 60% құрайды.

Жалпы 2022 жылы әлемдік экономика мен қаржы нарықтары белгісіздік пен валюта бағамының жоғары құбылмалылығына себеп болған күрделі сын-қатерлер мен күйзелістерге тап болды. Бұл факторлар құрылыс материалдары мен жабдықтар бағасының өсуіне және жеткізілуінің кешіктірілуіне, әлеуетті сатып алушылардың төлем қабілеттілігінің төмендеуіне әсер етті. Қазақстандағы қаңтар оқиғалары Қоғам объектілеріндегі құрылыс-монтаждау жұмыстарының кестеден кешіктірілуіне әкеліп соқтырды, бұл объектілерді пайдалануға беру мерзімдеріне және құрылыс салушылардың Қоғам қаражатын қайтаруға әсер етті.

Компанияны топтық басқару нәтижесінде, сыртқы факторлардың жағымсыз салдарына қарамастан, есепті жылы Қоғам өндірістік көрсеткіштер бойынша жоспарланған нәтижеге қол жеткізді: жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру 150,7 мың м² (жоспардың 103%) құрады, 99,1 мың м² жылжымайтын мүлік сатылды (жоспардың 110%), сондай-ақ Қоғам халықаралық кредиттік рейтингін растайтын қаржылық тұрақтылығын сақтады.

Даму стратегиясының жаңа бағыты шеңберінде Қоғам құрылыс материалдарының импортын алмастыруға бағытталған зауыттарды салу жобаларын іріктеу және қарастыру жұмыстарын бастады. Қоғам Астана қаласындағы шатыр және қаптау материалдарын шығаратын зауыт құрылысына инвестициялау бойынша келісімшартқа отырды. Жобаны іске асыру бұрын дайын күйінде Ресейден, Қытайдан және Финляндиядан жеткізілген жабындық және қасбеттік материалдардың 20%-қа жуығын отандық баламасымен алмастыруға мүмкіндік береді. Есепті жылдың тамызында «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында зауыт құрылысы жүргізілетін жерде капсула салынды.

Қоғамға өндірістік инфрақұрылымды салу бойынша бірқатар жобаларды сенімгерлік басқаруға беруге, сондай-ақ «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы бойынша бірыңғай тапсырыс беруші функцияларын беруге Қоғам қызметкерлерінің құрылыс жобаларын басқарудың бірыңғай тиімді жүйесін (баға белгілеу мониторингі, құрылыс барысын, пайдаланылған құрылыс материалдарының сапасын, құрылыс мерзімдері мен объектіні уақтылы пайдалануға берілуін бақылау) жүргізудегі мол тәжірибесі мен арнайы дағдылары себеп болды.

Сенімгерлік басқаруға берілген «Karabatan Utility Solutions» ЖШС қызметі шеңберінде Қоғам жалпы зауыттық инфрақұрылым құрылысының барысын бақылады.

Есепті жылы «Түркістан БГҚ» ЖШС сенімгерлік басқаруға берілді. «Түркістан облысында қуаттылығы 1000 МВт БГҚ негізіндегі электр станциясының құрылысы» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу басталды, ішкі нормативтік құжаттар бекітілді, ЕДБ-ден қарыз қаражатын тарту бойынша іс-шаралар жүргізілді, Жобаны алдын ала мақұлдау бойынша ішкі рәсімдерді жүргізген «Қазақстан Халық банкі» АҚ қарыздың бір бөлігі бойынша әлеуетті кредитор болып айқындалды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру үшін өндірістік қызметкерлерлер саны кеңейтілді, қажетті ресурстарды жұмылдыру үдерісі басталды, жер-жерлерде 3 мегаполистің және 17 облыстың әкімдерімен жер телімдерін бөлу, магистралдық инженерлік желілерді жобалау және салу, құрылыс компанияларына қойылатын талаптарды түсіндіру, отандық материалдар мен жабдықтарды өндірушілердің қатысуы жөніндегі мәселелер бойынша кездесулер өткізілді.

2023 жылы ESG енгізудің 2023–2025 жылдарға арналған жоспарымен бекітілген іс-шараларды іске асыру арқылы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және тұрақты даму қағидаттарын енгізу бойынша іс-әрекет жалғасады.

Операциялық қызметті басқару аясында 2022 жылы ішкі корпоративтік бизнес үдерістерді жетілдіру, рәсімдер мен үдерістерді автоматтандыру және цифрландыру бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Жалдау төлемдерін басқару жүйесін автоматтандыру басталып, кадрлық іс жүргізуді автоматтандыру үшін SimBASE электронды платформасы енгізілді.

Қоғамның Қазақстандағы құрылыс саласының одан әрі өсуі мен дамуына жәрдемдесу үшін айтарлықтай әлеуеті мен қажетті ресурстары бар. Таңдалған стратегияны жүйелі жүзеге асыру қаржылық тұрақтылық пен қойылған міндеттерді жауапкершілікпен орындау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Қорытындылай келе өз ұжымыма Компанияның дамуы мен өркендеуі игілігі жолындағы баға жетпес еңбегі үшін алғыс білдіремін және алдағы мерейтойлық жылда табыс тілеймін.

М. Айманбетов

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Қоғамның 2022 жылға арналған жылдық есебі корпоративтік есептілікті жыл сайын жариялау тәжірибесін жалғастырып, он төртінші есеп болып табылады. Есептердің барлығы Қоғамның www.skcn.kz ресми сайтында қолжетімді. Бұл Қоғамның 2022 жылға арналған қаржылық және қаржылық емес есептілігінің біріктірілуі мен корпоративтік басқару жүйелері және тұрақты дамудың өзара байланысын көрсететін есеп болып табылады. Жылдық есеп тұжырымдамасын әзірлеу кезеңінде мүдделі тараптармен жүргізілген диалогтардың нәтижелеріне, тұрақты даму саласындағы алдыңғы есепке қатысты алынған Директорлар кеңесінің ұсынымдарына мониторинг жүргізілді.

Сондай-ақ Қоғамның жылдық есебінің сапасын арттыру мақсатында еліміздің жетекші компанияларының корпоративтік веб-сайттарында жарияланған жылдық есептеріне салыстыру жүргізілді.

Осы есептің мақсаты – Қоғам қызметіне әсер ететін барлық маңызды оқиғалар туралы оқырмандарды хабардар ету. Біз стратегиямызды қалай қалыптастырғанымызды, активтерімізді қалай басқаратынымызды, қажетті қаржылық көрсеткіштерге қалай жететінімізді, ұзақ мерзімді келешекте тұрақты қызметті қалай қамтамасыз ететінімізді және акционерлер мен біздің қызметке қызығушылық танытқан барлық тараптар үшін жасауға ұмтылатын құндылықты қалай жасайтынымызды мүдделі тараптарға түсінуге көмектесуді компания өз алдына мақсат етіп қойды. Жылдық есептің нысаналы аудиториясы дәстүрлі түрде Компанияның мүдделі тараптарының кең ауқымы болып табылады, оның ішінде қызметкерлері, Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі, компания жұмыс істейтін аймақтардың тұрғындары, мемлекеттік органдар, қаржы институттары, Қоғамның клиенттері мен серіктестері. Біздің Компанияда кері байланыс алудың әртүрлі арналары жұмыс істейді. Жылдық есепке қатысты ескертулер мен ұсыныстар «Байланыс ақпараты» бөлімінде көрсетілген телефон және электрондық пошта арқылы қабылданады. Бірқатар жағдайларда, ақпараттың қайталануын болдырмау үшін Жылдық есепте басқа жалпыға қолжетімді құжаттарға сілтемелер беріледі.

Маңызды тақырыптарды жаңарту үшін Қоғам қызметкерлері мен сыртқы мүдделі тараптардың өкілдері арасында сауалнама жүргізілді. Жүргізілген жұмыстың негізінде маңызды тақырыптардың матрицасы құрастырылды, онда ең жоғары ұпай жинаған тақырыптар маңызды деп танылды. 2021 жылға арналған Жылдық есепте ашылған аспектілермен салыстырғанда, стейкхолдерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша «жұмыспен қамту», «жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қатынастары», «әртүрлілік және тең мүмкіндіктер» деген тақырыптар маңызды деп белгіленді, ал «сатып алу тәжірибесі», «инвестициялар», «жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік» деген тақырыптарды 2022 жылға арналған Жылдық есепке алу үшін маңызды болудан қалды. Маңызды тақырыптар бойынша ақпаратты жинау шекаралары жылдық есептің Қоғамның барлық маңызды әсер етулерін сипаттайтындай етіп белгіленді. Өткен есепті кезеңмен салыстырғанда ақпарат жинау шекаралары айтарлықтай өзгерген жоқ. Алдыңғы Есепте жарияланған ақпаратта өзгерістер орын алған жоқ.

Бұл Есеп сырттан растаудан өтпеген.

Деректерді дайындау және ұсыну үдерісінде Қоғам GRI стандарттарын, сондай-ақ қаржылық және өндірістік көрсеткіштер бөлігінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолдануға бағыт алады. Жылдық есепке 1-қосымша Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелері және ірі мәмілелері туралы ақпарат болып табылады, 2-қосымша GRI мазмұн индексі болып табылады, 3-қосымша – тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілік. Есеп GRI стандарттарына сілтемемен жасалған. Есепті кезең: 2022 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Есеп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей жарияланады. Құжатпен Қоғамның интернет-ресурсында танысуға болады.

Есепті Қоғам Басқармасы талқылап, кейін ол Директорлар кеңесінің отырысында бекітіледі.

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) «Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 265 қаулысын орындау үшін құрылған. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Жалғыз акционер, Қор) шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Қоғам қызметінің негізгі мақсаты болып Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытуға жәрдемдесу айқындалған.

Қоғамның Жалғыз акционері – Қор.

Қор коммерциялық құрылым – инвестициялық холдинг болып табылады, оның миссиясы – Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны – жеке меншік нысаны, акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға.

SAMRUK-KAZYNA CONSTRUCTION

ДАМУ ТАРИХЫ

2009

2009 жылдан бастап – жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруға жәрдемдесуге, үлескерлердің мәселелерін шешуге және проблемалық құрылыс объектілерін аяқтауға бағытталған дағдарысқа қарсы бағдарлама аясындағы қызмет.

2012

2012 жылдан бастап – 2020 жылға дейінгі аймақтарды дамыту бағдарламасына енген «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы жүзеге асырылды.

2016

2016 жылдан бастап – Қоғам «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасын іске асыру бойынша операторлардың бірі болып белгіленді.

2018

2018 жылдан бастап – Қоғам «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының құрылысын басқарады. Бұл ретте Қоғам жобаларды басқару, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының үлестерін сенімгерлік басқару туралы шарттары бойынша кеңесші ретінде әрекет етеді.

2020

2020 жылдан бастап – Қоғам тұрғын үй кешендерін салу бойынша инвестициялық жобаларды іске асыра отырып, инвестициялық қызметін кеңейтті. 2023 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша құрылысты инвестициялау, соның ішінде тозған тұрғын үйлерді қайта жаңарту аясында 11 шарт жасалды. Аталған жобалар пулынан 3 жоба аяқталды, оның ішінде 2 жоба 2022 жылы аяқталды.

2022

2022 жыл – Қоғамның 2022–2031 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясы бекітілді, онда ресурстарды, сенімді серіктестердің кең ауқымын, құрылыс пен құрылыс индустриясындағы инвестициялық қызмет бойынша құзырет пен тәжірибені, жобалар мен жылжымайтын мүлікті тиімді басқаруды ескере отырып, қызметтің жаңа түрлері қарастырылған. Сондай-ақ құрылыс материалдарын өндіру бойынша импортты алмастыру шеңберінде «Астана қаласындағы жабындық және қаптау материалдарын шығаратын зауыт» жобасын жүзеге асыру басталды. Қоғам ауқымды, Қазақстанда теңдесі жоқ «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын жүзеге асыру жөніндегі Дирекция болып белгіленді.

БИЗНЕС ҮЛГІСІ

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жарғылық капиталы 19 990 162 мың теңгені құрайды.

Қоғам акцияларының 100%-ы Жалғыз акционерге тиесілі.

Жарияланған және орналастырылған акциялардың жалпы саны 16 247 541 дана, оның ішінде:

- 1 000 теңге бір акцияның номиналды құны бойынша 15 000 000 дана;
- 4 000 теңге бір акцияның номиналды құны бойынша 1 247 540 дана;
- 2 490 теңге бір акцияның номиналды құны бойынша 1 дана.

Барлық акциялар жай болып табылады.

Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ жүргізеді.

2022 ЖЫЛҒА ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2022 жылдың 25 шілдесінде «Samruk-Kazyna Construction» АҚ еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ дивидендтік саясатына сәйкес, Жалғыз акционердің 2022 жылғы 27 мамырдағы № 29/22 шешімімен бекітілген 2 030 547 750 теңге көлемінде дивидендтер төлеуді жүзеге асырды. Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 124,97570 теңгені құрайды.

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Есепті жылы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ республикалық маңызы бар 3 қалада және республиканың 10 аймағында жұмыс істеді.



ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Қоғамның ұйымдық құрылымы веб-сайтта көрсетілген: ***https://skcn.kz/ru/page/struktura.***

Айта кету керек, 2023 жылы «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын жүзеге асыру аясында Қоғамның бірыңғай тапсырыс беруші ретінде айқындалуына байланысты Қоғамның саны 342 бірлікке дейін ұлғайтылады.

Әкімшілік-басқару персоналы



ӘБП штаттық саны – 89 бірлік

Өндірістік персонал



Өндірістік персоналдың штаттық саны – 253 бірлік
Барлығы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ бойынша – 342 бірлік

ТОП ҚҰРЫЛЫМЫ (31.12.2022 ж. жағдай бойынша)

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Самұрық-Қазына Девелопмент» ЖШС-нің 49 % үлесіне ие.

«Самұрық-Қазына Девелопмент» ЖШС 2013 жылғы 20 наурызда «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңы шеңберінде коммерциялық құрамдас бөлігі жоғары жасыл және экологиялық технологияларды пайдалана отырып, жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысы бойынша жобаларды іске асыру және ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізуді дайындау мақсатында құрылған.

2019 жылдан бастап «Самұрық-Қазына Девелопмент» ЖШС сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару қызметін жүзеге асырады және жауапкершілігі бірінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсетеді.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.

МИССИЯ

Қазақстан Республикасы халқының өмір жағдайын жақсарту және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестициялық қызмет арқылы құрылыс индустриясын дамыту, құрылыс тиімділігін арттыру және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының жобаларын басқару.

ПАЙЫМ

Құрылыста және құрылыс саласында инвестициялық қызмет атқару, жобаларды, құрылысты және жылжымайтын мүлікті тиімді басқару үшін жеткілікті ресурстары, сенімді серіктестерінің кең ауқымы, сондай-ақ құзыреттері мен тәжірибесі бар ұйым.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- Табандылық
- Жауапкершілік
- Тәртіп
- Серіктестік-әріптестік

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

Мем. бағдарламаларға қатысуды аяқтау

- Дағдарысқа қарсы қызмет
- Жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы
- Коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы
- «Жасыл орам» жобасы

Инвестициялық қызмет

- Қайта жаңарту бағдарламасын жүзеге асыру (тозған және апаттық тұрғын үйлер)
- Кешенді құрылыс жүргізу (қалалардың сыртқы келбетін өзгерту, оның ішінде құрылысы тоқтатылған объектілерді жалғастыру)
- Құрылыс секторындағы коммерциялық қызметті кеңейту
- Құрылыс материалдарының импортын алмастыруға бағытталған зауыттар салу бағдарламасына қатысу

Жылжымайтын мүлікті басқару

- Қоғамға тиесілі бизнес орталығы (Kazyna Tower)
- Жалға берілетін және коммерциялық тұрғын үй бағыттары бойынша «Нұрлы жер» бағдарламалары
- Қор инвестицияларының қайтарылуына мониторинг жүргізу бойынша операторы Қоғам болып табылатын объектілер («Аққент» және «Эдельвейс» ТК)
- Астана қ. «Жасыл орам» жобасы

«KUS» ЖШС СБ туралы шарт мерзімін ұзарту

- «АМӨЗ» ЖШС үшін ӘЖ салу
- БГТЭС кеңейту
- Су өңдеу және ағындарды тазарту қондырғысынан қалдықтарды қайта өңдеу кешені
- Жалпы зауыттық инфрақұрылым
- Техникалық су суағарын салу
- Су өңдеу және ағындарды тазарту қондырғысын салу

МЖӘ қағидаты бойынша жылжымайтын мүлік қорын құру

- Келесі қорларға ұқсас девелоперлік жобаларды дамыту үшін МЖӘ қағидаты бойынша жылжымайтын мүлік қорын құру:
- Damac (БАӘ)
- MUBADALA Холдинг (МАӘ)
- SIFEM (Швейцария)
- Finnfund (Финляндия)
- PROPARCO (Франция)
- KFW (Германия)

Әлеуметтік мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру

«Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысымен (бұдан әрі – Ұлттық жоба) Қоғам 2023 жылдан бастап орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі дирекциясы ретінде айқындалған. Ұлттық жобаның мақсаты – орта білім беру ұйымдарында апаттық мектептерді, үш ауысымда оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою.

КЛИЕНТТЕР

Тозған тұрғын үй иелерін жаңа пәтерлермен қамтамасыз ету, қалалардағы әлеуметтік шиеленісті жеңілдету, сондай-ақ құрылыс секторын дамыту үшін инвестициялық ахуалды жақсарту

Тұрғын үй ықшам аудандарына кешенді құрылыс салу арқылы тұрғындар үшін жайлы өмір сүру ортасын құру

Қазақстан Республикасының құрылыс индустриясын дамыту және ел халқының тұрғын үй жағдайларын жақсарту

Құрылыс материалдарының импортын алмастыру арқылы тұрғын үй және коммерциялық құрылыстың қолжетімділігін арттыру

ҚАРЖЫ

Облигациялар шығару, жобалық қаржыландыруды тарту, халықаралық қаржы институттары тарапынан және қорлар мен REIT ұйымдастыру арқылы қаржыландыру есебінен капиталды тарту құзыреттерін дамыту. Стратегия тиісті көздерден қаражат тарту қажеттілігі туындауына қарай қаржыландыруды тарту саласындағы құзыреттерді кезең-кезеңмен дамытуды көздейді

ІШКІ ҮДЕРІСТЕР

Бизнес үдерістерін автоматтандыру және цифрландыру

- Операциялық тиімділікті арттыру
- Құрылысты басқару және инвестициялау кеңсесін құру
- Жалға алушылармен сындарлы диалогқа бағытталған жедел кері байланысты ұйымдастыру
- Тікелей байланысты және ақпараттық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында бизнес үдерістерін автоматтандыру

ҰЙЫМДЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

ESG қағидаттарын орындау

- Еңбекті, өндірістік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау
- Адам ресурстарын дамыту саласындағы стратегия
- Қоршаған ортаға ең аз әсер ететін жасыл құрылысты ескере отырып, жобаны таңдау кезінде іріктеуді жетілдіру
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру

2031 ЖЫЛҒА СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНК

Таза кіріс – 31 783 млн тг

ROACE – 9,28%

NAV – 147 618 млн тг

Шикізаттық емес тауарлар мен қызметтерді шығару – 24 061

Борыш/капитал – 0,14

Корпоративтік басқару рейтингі – AA

Жылжымайтын мүлікті жыл сайын пайдалануға беру – 366,62 мың м²

Еңбек өнімділігі – 252 млн тг

ROI – >CoE

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Қоғамның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясы Қоғамның Директорлар кеңесімен 2022 жылғы 15 қыркүйекте бекітілген (№ 177 хаттама).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық пилоттық жобаны бекіту туралы» қаулысымен Қоғам 2023 жылдан бастап үш тетіктің біріншісін қолдану шеңберінде орта білім беру ұйымдарының объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі дирекциясы ретінде айқындалған, мұнда Қоғам жобаны Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес басқарады, ал Қоғамға тапсырыс беруші функциясы берілген.

Қор стратегиясының жаңартылуына және Қоғамның «Жайлы мектеп» жобасы бойынша тапсырыс беруші функциясының берілуіне байланысты Қоғамның Стратегиясы 2023 жылы жаңартылатын болады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСУДЫ АЯҚТАУ

Дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыру шеңберінде Қоғам жалға алушылармен жасалған, сатып алу құқығымен жалға алу бойынша берешектерді өтеу кестелеріне сәйкес қаражаттың қайтарылуын бақылауды жалғастырды. Дағдарысқа қарсы бағдарламаны қаржыландыру көзі ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен Қор берген 98,4 млрд теңге көлеміндегі кредиттік қаражат болды. Бұл кредиттік қаражат 2020 жылы толығымен өтелді.

Сатып алумен жалға алынатын тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын қаржыландыру көзі Қор ұсынған кредиттік желінің қаражаты болды. Осы бағдарлама бойынша Қоғам алған 95,8 млрд теңге кредиттік қаражаттың 51,0 млрд теңгесін кесте бойынша және мерзімінен бұрын өтеді, оның ішінде есепті кезеңде 4,7 млрд теңгені өтеді. 31.12.2022 ж. жағдай бойынша қарыз қалдығы 44,9 млрд теңгені құрады.

Коммерциялық бағыт аясында 73,9 млрд теңге қаржыландырылды. Бұл бағдарламаны қаржыландыру көзі ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен Қор бөлген кредиттік желі болды, оның аясында Қоғам 73,6 млрд теңгені алды. «Нұрлы жер» бағдарламасы қызметінің осы бағыты аясындағы негізгі қайтарылмаған инвестициялар Өскемен қаласындағы 220 млн теңге көлемінде жобаға салынған қаражат қалады, тиісті резервтер есептелген.

Қоғам Қорға кредиттік қаражатты қайтару бойынша міндеттемелерін орындауға бар күшін салады.

Қоғам тұрғын үй кешендерінің үлескерлері мен жалға алушылары алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, олардың арыз-шағымдарына дер кезінде жауап беру арқылы тиімді өзара іс-қимыл жасау жұмысын жүргізеді, кепілдік мерзімінде құрылыс ақауларының жойылуын, тұрғын үйлердің жанындағы іргелес аумақты абаттандыруды, балалар алаңдарын жөндеу және жайластыруды қамтамасыз етеді, мүлік иелерінің бірлестіктерін құруға және олардың жұмыс істеуіне қатысады, Қоғамның балансындағы активтердің қауіпсіздік техникасына сәйкестігі жөнінде аудит жүргізеді.

ТК атауы	Орналасқан жері	Шағымды қанағаттандыру
«Юнис Сити» ТК	Ақтөбе қ.	Іргелес аумақты жөндеу (ауланы абаттандыру) және су ағуын тоқтату үшін 7-ші кіреберістің шатырын жөндеу жүргізілді
«Батыс Премиум» ТК	Ақтөбе қ.	Автотұрақ пен жаяужолды абаттандыру жүргізілді
Маяковский к-сі, 42 бойындағы ТК	Тараз қ.	Су ағуын тоқтату үшін екі кіреберістің шатырына жөндеу жүргізілді
«Ішім» ТК	Астана қ.	Су ағуын тоқтату үшін паркингтің шатырына және және паркингтің еденүстілік жабынына ішінара жөндеу жүргізілді
«Жеруйық» ТК	Атырау қ.	Су ағуын тоқтату үшін кіреберістердің шатырын жөндеу жүргізілді
«Әдия» ТК	Шымкент қ.	ТК қасбетіндегі ақаулар ішінара жойылды

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ БАСҚАРУ

Тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру барысында жинақталған тәжірибе мен білікті персоналды ескере отырып, Қоғам өзіне меншік құқығында тиесілі жылжымайтын мүлікті басқарады, сондай-ақ осындай қызметтерді Қорға және «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компанияларына көрсетеді.

Мақсатқа жету үшін Қоғам келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- Маркетинг;
- Жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру немесе сату;
- Қаржылық менеджмент;
- Қаржы ағындарын және тәуекелдерді басқару.

Жылжымайтын мүлікті басқару мақсатының шеңберінде Қоғам бизнес-жоспарды жасау сәтінде қолда бар активтерді («Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі және Қоғамның сенімгерлік басқаруына берілетін «Жасыл орам» бизнес орталығы (Т4); «Kazyna Tower» бизнес орталығы және Қоғамға меншік құқығында тиесілі, 2015 жылы Қормен сенімгерлік басқаруға берілген басқа да жылжымайтын мүлік объектілері («Аққент» және «Эдельвейс» ТК) басқарады.

ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС КЕЗЕҢІНДЕ КОМПАНИЯЛАР ҮЛЕСТЕРІН СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ

Қоғам жобалау, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу сатысында тұрған жобалық компаниялардың үлестерін/акцияларын объектілер/жобалар пайдалануға берілгенге дейін басқарады. Қызметтің бұл бағыты қолда бар ресурстарды холдинг ішінде бөлу және оларды тиімді пайдалану мүмкіндігіне қарай стратегиялық тұрғыдан айқындалды, оның ішінде құрылыс жобаларын басқарудың бірыңғай тиімді жүйесін (баға белгілеу мониторингі, құрылыс барысын, пайдаланылған құрылыс материалдарының сапасын, құрылыс мерзімдері мен объектіні уақтылы пайдалануға берілуін бақылау) жүргізу үшін қажетті тәжірибе мен дағдыларының болуы ескерілді.

2018 жылғы желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне және 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 10-13/96 «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сенімгерлік басқару шартына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес компаниясы – «Біріккен химиялық компания» ЖШС (қазіргі уақытта «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС) – «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жарғылық капиталындағы үлесін Қоғамның сенімгерлік басқаруына берді. Бұл компания жобалау және құрылыс инвестициялық кезеңінде болды. «Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымдық объектілерін салу» жобасы бойынша объектілерді пайдалануға беру сәтіне дейінгі сенімгерлік басқару мерзімі – 2023 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей. Осы шарт шеңберінде Қоғам компанияның сенімгерлік басқаруына берілген барлық өндірістік-шаруашылық қызметті бақылайды және қадағалайды, құрылыс барысын тиісті бақылау, баға белгілеуді, пайдаланылатын материалдардың сапасын, сондай-ақ орындалған жұмыстардың мерзімдерін бақылау бойынша шаралар мен әрекеттер қолданады. 2022 жылы жалпы зауыттық инфрақұрылымды салу бойынша жұмыстар жүргізілді, 2023 жылы сыртқы электрмен жабдықтау, БГТЭС 165 МВт қосымша энергетикалық блогын, су өңдеу және ағындарды тазарту қондырғысын (2-кезегі), инженерлік желілер дәлізін (2-кезегі), сыртқы суағарды (2-кезегі), АГТС-пен газ құбырын, булану тоғанын салу бойынша жұмыстарды жобалау басталады.

2022 жылдың 22 қыркүйегінде «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес Түркістан облысында жалпы қуаттылығы 1000 МВт дейінгі маневрлі генерациялау режимі бар бу-газ қондырғысы негізінде электр станциясының құрылысы Қоғамға 100 % сенімгерлік басқаруына берілді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қоғам тұрғындар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру және құрылыс компанияларын қолдау мақсатында жаңа объектілердің құрылысына инвестиция құюда. Көрсетілген жаңа жылжымайтын мүліктің бір бөлігін Қоғам тікелей сату әдісін қолдана отырып, дербес сатады. Бұл жобаларды қаржыландыру нарықтық шарттармен қарыз қаражатын тарту және өзінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Астана, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Қонаев және Өскемен қалаларында 11 объект[1] бойынша тұрғын үй құрылысын инвестициялау туралы шарттар жасалды, олар бойынша Қоғамның жылжымайтын мүлік пулы 362,98 мың м^2, жобалардың жалпы құны 129,0 млрд теңгені құрайды, оның ішінде Қоғамның инвестиция көлемі – 55,3 млрд теңге. Қоғамның жобалардағы үлесі орта есеппен 60 % құрайды. Оның ішінде 2022 жылы 3 тұрғын үй объектісі пайдалануға берілді және 3 объект жартылай пайдалануға берілді, Қоғамның пайдалануға берілген жылжымайтын мүліктегі жалпы үлесі 150,7 мың м^2 құрады, 99,1 мың м^2 сатылды. Бұл жобалар өз қаражаттары мен нарықтық шарттар негізінде қарызға қаржы тарту есебінен қаржыландырылады.

Есепті жылы құрылыс материалдарының импортын алмастыруға бағытталған зауыт құрылысы бағдарламасына қатысу шеңберінде Қоғам «Астана қаласындағы шатыр және қаптау материалдарын шығаратын зауыт» жобасы бойынша құрылысты инвестициялау туралы шарт жасасты.

Жобаның құны – 2,6 млрд теңге, оның ішінде Қоғамның инвестициялары – 2,1 млрд теңге (80 %), Қоғамның инвестициялық кірісі – 1,0 млрд теңге.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл жоба аясында 732 млн. теңге инвестиция салынды.

1 Ақтөбе қ. «Бавария» ТК жобасы 2021 жылы аяқталды.

2022 ЖЫЛЫ АЯҚТАЛҒАНДАР:

Астана қ.

Мыңжылдық аллеясында көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы (1-кезегі)

Құрылыс компаниясы – «Базис-Астана» ЖШС
Пәтерлер саны: 1 183
Жобаның басталуы: 31.12.2020
25.08.2022 ж. **қабылдау актілерімен пайдалануға берілді**
Құрылыс мерзімі: 18 ай
Жалпы ауданы (м²): 83 433
Жобаның жалпы сомасы: 20 476 000 мың теңге
Қоғамның үлесі: 70%

«Француз орамы» тұрғын үй кешенінің құрылысы

Құрылыс компаниясы: «Stream Energy Company»
Пәтерлер саны: 257
Жобаның басталуы: 28.05.2021
29.03.2022 ж. **қабылдау актісімен пайдалануға берілді**
Құрылыс мерзімі: 11 ай
Жалпы ауданы (м²): 33 546
Жобаның жалпы сомасы: 11 595 384 мың теңге
Қоғамның үлесі: 51,16%

Атырау қ.

Астана қ.

«ЭКСПО» ауданындағы тұрғын үй кешенінің құрылысы

Құрылыс компаниясы: «Smart Story 2050» ЖШС және «ЕРЕН-Групп» ЖШС
Пәтерлер саны: 226
Жобаның басталуы: 21.12.2021
30.12.2022 ж. **қабылдау актісімен пайдалануға берілді**
Құрылыс мерзімі: 12 ай
Жалпы ауданы (м²): 23 794,2
Жобаның жалпы сомасы: 5 678 036 мың теңге
Қоғамның үлесі: 76,28%

АҒЫМДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

«Ақкент» ықш. тұрғын үй орамының құрылысы*

Құрылыс компаниясы: «AYTHOUSING COMPLEX» ЖШС
Пәтерлер саны: 4 158
Жобаның басталуы: 01.06.2021
Пайдалануға беру: 01.07.2024
Құрылыс мерзімі: 37 ай
Жалпы ауданы (м²): 189 483
Жобаның жалпы сомасы: 44 579 057 мың теңге
Қоғамның үлесі: 80%
**ауданы 23 659 м² 5 үй 2022 жылдың 15 желтоқсанында пайдалануға берілді*

Алматы қ.

Астана қ.

Мыңжылдық аллеясында көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы (2-кезегі) *

Құрылыс компаниясы: «Аргон Строй» ЖШС
Пәтерлер саны: 1 040
Жобаның басталуы: 19.05.2021
Пайдалануға беру: 30.05.2023
Құрылыс мерзімі: 24 ай
Жалпы ауданы (м²): 72 946
Жобаның жалпы сомасы: 20 034 091 мың теңге
Қоғамның үлесі: 60%
** ауданы 23 600 м² № 3 және 4 орындар 2022 жылдың 30 желтоқсанында пайдалануға берілді*

«Бавария» тұрғын үй кешенінің құрылысы (2-кезегі)*

Құрылыс компаниясы: «Bavaria Construction» ЖШС
Пәтерлер саны: 231
Жобаның басталуы: 22.10.2021
Пайдалануға беру: 31.03.2023
Құрылыс мерзімі: 13 ай
Жалпы ауданы (м²): 16 977
Жобаның жалпы сомасы: 3 040 999 мың теңге
Қоғамның үлесі: 80%
** 2022 жылдың 27 желтоқсанында ішінара пайдалануға беру жүзеге асырылды, 3 орыннан 2-орын, жалпы ауданы 7 304,7 м² үй (Қоғамның ауданы) пайдалануға берілді*

Ақтөбе қ.

Алматы қ.

«Qazyna» тұрғын үй кешенінің құрылысы

Құрылыс компаниясы: «QAZAQ INVEST QURYLYS» ЖШС және «ABBA Invest» ЖШС
Пәтерлер саны: 280
Жобаның басталуы: 01.03.2022
Пайдалануға беру: 01.03.2023
Құрылыс мерзімі: 12 ай
Жалпы ауданы (м²): 18 000
Жобаның жалпы сомасы: 3 704 574 мың теңге
Қоғамның үлесі: 80%

Өскемен қаласында орналасқан көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы

Құрылыс компаниясы: «UK Building LTD» ЖШҚ
Пәтерлер саны: 279
Жобаның басталуы: 15.12.2022
Пайдалануға беру: 15.03.2024
Құрылыс мерзімі: 15 ай
Жалпы ауданы (м²): 21 593
Жобаның жалпы сомасы: 5 321 548 мың теңге
Қоғамның үлесі: 80%

Өскемен қ.

«Sun City» тұрғын үй кешенінің құрылысы

Құрылыс компаниясы: «KIK Qurylys» ЖШС және «JK Sun City» ЖШС
Пәтерлер саны: 360
Жобаның басталуы: 10.10.2022
Пайдалануға беру: 11.10.2023
Құрылыс мерзімі: 12 ай
Жалпы ауданы (м²): 23 061
Жобаның жалпы сомасы: 6 612 082 мың теңге
Қоғамның үлесі: 42,39%

Қонаев қ.

Астана қ.

Шатыр және қаптау материалдарын шығаратын зауыт құрылысы

Құрылыс компаниясы: «MetalFormer» ЖШС
Бір айдағы өнімділік: 25 мың ш. шатыр материалдары және 600 тонна қаптау материалдары
Жобаның басталуы: 15.09.2022
Пайдалануға беру: 15.10.2023
Құрылыс мерзімі: 13 ай
Жалпы ауданы (м²): 6 246
Жобаның жалпы сомасы: 2 596 928 мың теңге
Қоғамның үлесі: 80%

Алматы қ.

«Gul-Ana» тұрғын үй кешенін қайта жаңарту (3-кезегі)

Құрылыс компаниясы: «KIK Qurylys» ЖШС және «Gul-Ana» ЖШС
Пәтерлер саны: 184
Жобаның басталуы: 10.08.2022
Пайдалануға беру: 15.09.2023
Құрылыс мерзімі: 12 ай
Жалпы ауданы (м²): 9 756
Жобаның жалпы сомасы: 4 365 449 мың теңге
Қоғамның үлесі: 37,95%

НАРЫҚТЫ ҚЫСҚА ШОЛУ.

Геосаяси жағдайдың нашарлауы, соның салдарынан орын алған жаһандық жеткізу тізбегінің бұзылуы, тауар нарықтарындағы құбылмалылық және әлемдегі белгісіздіктің жоғары деңгейі ішкі экономикалық үдерістерге әсер етті. Теңгенің әлсіреуі, геосаяси жағдайға байланысты импортқа шектеулер Қазақстандағы инфляцияның өсуіне айтарлықтай әсер етті, бұл сонымен қатар құрылыс шығындарының өсуіне әкеліп соқты.

Осылайша, соңғы 10 жылда алғаш рет пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы қысқарды, 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда бұл көрсеткіш 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,8 %-ға азайды. Теріс динамикаға негізгі үлесті жалға берілген ауданның төрттен бір бөлігінен астамын құрайтын Астана мен Алматы мегаполистері қосты.

Тұрғын үй ғимараттарының жалпы ауданын пайдалануға беру



	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022 қаң-жел
Қазақстан	6 742	6 844	7 516	8 940	10 513	11 168	12 521	13 134	15 239	17 076	15 422
Астана	1 293	1 101	789	1 759	2 257	2 360	2 378	1 793	3 079	3 212	2 369
Алматы	786	832	717	1 374	1 862	1 902	2 006	2 102	2 402	2 632	1 720
Шымкент								524	649	1 013	1 073
Қазақстан	103,2%	101,5%	111,8%	118,9%	117,6%	106,2%	112,1%	104,8%	116,7%	111,4%	91,2%
Астана	92,1%	85,2%	104,4%	145,8%	128,3%	104,5%	100,7%	75,4%	171,7%	104,3%	75,3%
Алматы	101,5%	105,8%	120,2%	103,2%	135,6%	102,1%	105,4%	104,7%	114,2%	109,6%	65,4%
Шымкент								119,2%	123,9%	156%	106,1%

Тұрғын үй құрылысына инвестиция көлемі өсті: 2021 жылдың сәйкес көрсеткішімен салыстырғанда 2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы көрсеткіш 16,8 %-ға өсіп, 2 902 млрд теңгені құрады.

Тұрғын үй құрылысына инвестициялар



	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022 қаң-жел
Қазақстан	428	498	613	740	840	1 022	1 162	1 423	1 968	2 436	2 902
Астана	64	99	143	162	153	308	286	309	505	593	686
Алматы	74	83	129	145	169	147	177	243	401	490	598
Шымкент							50	60	29	151	224
Қазақстан	1,7%	16,3%	23,2%	20,6%	13,5%	21,8%	13,6%	22,4%	38,3%	23,8%	16,8%
Астана	-14,2%	53,0%	44,8%	13,2%	-5,5%	101,6%	-7,3%	8,0%	63,4%	17,4%	10,9%
Алматы	-14,3%	12,6%	54,8%	12,3%	16,4%	-13,2%	20,5%	37,3%	65,2%	22,2%	16,9%
Шымкент								19,4%	48,7%	69,9%	43,1%

Қазақстанда соңғы 10 жылдағы баға динамикасы жаңа тұрғын үйлердің бір шаршы метрі орташа есеппен 154 мың теңгедег 437,4 мың теңгеге дейін, яғни 2,8 есеге қымбаттағанын көрсетеді.

2021 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда жаңа тұрғын үйдің орташа бағасының артуы келесі қалаларда байқалады: Астана (20,1 %), Көкшетау (20 %), Ақтау (26,6 %), Алматы (12 %), Семей (22,3 %), Ақтөбе (29,3 %). Астана, Шымкент және Алматы қалаларында жаңа тұрғын үйлердің 1 шаршы метрінің бағасы орташа республикалық көрсеткіштен жоғары болып, тиісінше 575,3 мың теңгені, 461 мың теңгені және 460,5 мың теңгені құрады.

Айта кету керек, валюта нарықтарындағы бағалардың ауытқуына байланысты 2023 жылы инфляциялық болжам және соның салдарынан бастапқы және қайталама тұрғын үй бағасының өсуі байқалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің деректері бойынша, соңғы 10 жылда ипотекалық кредиттеу көлемі 9,3 есеге өсті. Ипотекалық кредиттеу саласындағы белсенділіктің басым бөлігі тұрғын үй құрылысы саласындағы мемлекеттік қолдауға байланысты орын алған.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда жеке тұлғаларға тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген қарыздар 1 989 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен 12,4 %-ға жоғары.

Есепті кезеңде тұрғын үйді сатып алу-сату нарығында төмендеу байқалды. 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 23 %-ға азайып, 465 822 мәмілені құрады.

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Стратегиялық ҚНК	2021 жыл	2022 жыл		Жоспар-дың %-да	2021 ж. деректің %-да
		дерек	жоспар	дерек		
	ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР					
1	Жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру, мың м²	8,18	146,73	150,65	103 %	1 842 %
2	Сатылған жылжымайтын мүлік, мың м²	29,07	90,237	99,079	110 %	341 %
3	Ақшалай қаражатты игеру, млрд теңге	21,12	30,86	22,44	73 %	106 %
4	Басқарудағы құрылыс объектілерін уақытылы пайдалануға беруді қамта-масыз ету	орындалды	шартта көрсетілген мерзімнен кейін 1 айдан кешіктірмей	орындалды		
	НЕГІЗГІ ҰЛТТЫҚ ИНДИКАТОРЛАР					
5	Еңбек өнімділігі, млн теңге/адам	170,62	263,91	255,08	97 %	150 %
6	Негізгі капиталға инвестициялар, млрд теңге	21,17	30,88	22,49	73 %	106 %
	ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР					
7	Таза кіріс, млн теңге	9 786,1	8 178,63	5 283,7	65 %	54 %
8	ROACE, %	8,08 %	7,28 %	5,29 %	73 %	65 %
9	Борыш/капитал, коэф.	1,54	0,92	1,13	123 %	73 %
10	NAV, млн теңге	65 342,5	73 521,15	70 611,5	96 %	108 %

1. Жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру Қоғамның барлық бағдарламалары мен жобалары бойынша жылжымайтын мүлікті пайдалануға беруді көрсетеді. Есепті кезеңде 146 729 м² жоспармен 150 654 м² (жоспардың 103%) пайдалануға берілді, оның ішінде үш объект толығымен пайдалануға берілді – Атырау қ. «Француз орамы» ТК, Астана қ. «ЭКСПО» ТК және Астана қ. Мыңжылдық аллеясындағы ТК (1-кезегі), Алматы қ. «Аққент» ТК, Ақтөбе қ. «Бавария-2» ТК, Астана қ. Мыңжылдық аллеясындағы ТК (2-кезегі) ішінара пайдалануға берілді.

мың м²

№	Объектілердің атауы	2021 ж.	2022 ж.		%-да	
		дерек	жоспар	дерек	жоспардың	2021 ж. деректің
Пайдалануға беру, оның ішінде:		**8,18**	**146,73**	**150,65**	**103%**	**1 842%**
1.	Ақтөбе қ. «Бавария» ТК	8,18	–	–	–	–
2.	Астана қ. Мыңжылдық аллеясындағы ТК, 1-кез.	–	56,81	58,40	103%	–
3.	Алматы қ. «Аққент» ТК	–	43,31	23,66	55%	–
4.	Атырау қ. «Француз орамы» ТК	–	16,84	16,53	98%	–
5.	Астана қ. Мыңжылдық аллеясындағы ТК, 2-кез.	–	–	26,61	–	–
6.	Астана қ. «ЭКСПО» ТК	–	–	18,15	–	–
7.	Ақтөбе қ. «Бавария-2» ТК	–	13,52	7,31	54%	–
8.	Алматы қ. Apple Residence ТК	–	11,58	–	–	–
9.	Тұрғын үй қорын қайта жаңарту аясындағы жоба	–	4,68	–	–	–

2. Сатылған жылжымайтын мүлік. Есепті кезеңде жылжымайтын мүлікті сату 90 123 м² деңгейінде жоспарланған, бірақ іс жүзінде 99 079 мың м² сатылды (жоспардың 110%).

м²

Объектінің атауы	2021 ж. дерек	2022 ж. жоспар	2022 ж. дерек
Ақтөбе қ. «Бавария» ТК	8 180	–	–
Астана қ. Мыңжылдық аллеясындағы ТК, 1-кез.	–	22 722	58 403
Астана қ. Мыңжылдық аллеясындағы ТК, 2-кез.	–	–	6 416
Алматы қ. «Аққент» ТК	–	32 483	18 536
Ақтөбе қ. «Бавария-2» ТК	–	13 516	–
Атырау қ. «Француз орамы» ТК	–	16 842	15 724
Тұрғын үй қорын қайта жаңарту аясындағы келешекті жоба		4 675	–
БАРЛЫҒЫ	8 180	90 237	99 079

3. Ақшалай қаражатты игеру. Есепті кезеңде 30 856 380 мың теңге жоспармен 22 443 458 мың теңге игерілді (жоспардың 73%).

4. Басқарудағы құрылыс объектілерін уақытылы пайдалануға беруді қамтамасыз ету. «Біріккен химиялық компания» ЖШС-мен жасалған 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 10-13/96 Сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Қоғам «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін басқаруды жүзеге асырды. «Karabatan Utility Solutions» ЖШС бойынша сенімгерлік басқару мерзімі – 2023 жылдың 30 маусымына дейін. «Жалпы зауыттық инфрақұрылым» жобасы бойынша аумақты абаттандыру және қоршау, айналма жол салу, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріз желілерін тарту, шатырлы БӨП, операторлық бөлмесі бар автотаразы, ТП 10/0,4, КНС1-4, нөсерлік ағындыларды тазарту құрылыстарын салу жұмыстары аяқталды. Өртке қарсы су құбырының резервуарлары мен сорғы станциясында, кедендік тексеру БӨП, алаң ішіндегі байланыс желілерінде жұмыстар аяқталуға жақын. Жоба бойынша жалпы физикалық ілгерілеу 99,4% құрайды.

Қормен жасалған 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 1533-И Сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Қоғам «Түркістан БГҚ» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін басқаруды жүзеге асырды. Сенімгерлік басқару мерзімі – «Түркістан облысында жалпы қуаттылығы 1000 МВт дейінгі маневрлі генерациялау режимі бар бу-газ қондырғысы негізінде электр станциясын салу» жобасы бойынша объектілерді жобалау, салу кезеңіне, пайдалануға беру және жобалық қуатына шығуға дейін, бірақ 2025 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей. Сенімгерлік басқару кезінде келесі іс-шаралар атқарылды:

1) 2022 жылғы 30 қыркүйекте «ҚазЭнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ институты» АҚ-мен ТЭН әзірлеу бойынша жұмыстарды сатып алу туралы № 752656/2002/1 шартқа қол қойылды;
2) 2022 жылғы 8 қарашада Қор 11,8 млрд теңге көлемінде «Түркістан БГҚ» ЖШС жарғылық капиталын толықтырды;
3) Келесі ұйымдарды қаржыландырудың индикативті шарттары алынды: Еуразиялық даму банкі, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «ForteBank» АҚ, «First Heartland Jusan Bank» АҚ, China Development;
4) Есепті кезеңде сонымен қатар қаржы институттары мен екінші деңгейлі банктердің қарыз қаражатын тарту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

5. Еңбек өнімділігі 2022 жылы 263,9 млн теңге/адам жоспарымен 255,1 млн теңге/адам құрады (жоспардың 97%).

6. Негізгі капиталға инвестициялар есепті кезеңде 30,9 млрд теңге жоспармен 22,6 млрд теңгені құрады (жоспардың 73%), оның ішінде құрылысқа инвестициялар 30,9 млрд теңге жоспармен 22,4 млрд теңгені құрады (жоспардың 73%), әкімшілік активтерді жұмыс жағдайында ұстау – 27 494 млн. теңге жоспармен 3,0 млн. теңгені құрады.

7. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның таза кірісі 5 284 млн теңгені (жоспардың 65%) құрады, Қоғамның қаржылық нәтижесіне ресейлік рубльдің жоғары құбылмалылығы теріс әсер етті, соның салдарынан Қоғам рубльмен тартылған қарыздар бойынша бағамдық айырмашылықтардан залал таныды. Бұл ретте Қоғамның операциялық пайдасы (NOPLAT) жоспардан 7%-ға жоғары болып, 9 524 млн теңгені құрады. Қоғам берешектерді қайтару бойынша белсенді жұмыс жүргізді, осыған байланысты құнсыздануға бұрын құрылған резервтер қалпына келтірілді.

8. ROACE. Есепті кезеңде бұл көрсеткіш 7,3% жоспармен 5,3% құрады (жоспардың 73%).

9. Борыш/капитал есепті кезеңде 0,92 жоспармен 1,13 құрады (жоспардың 139%). Көрсеткіштің ауытқуы ресейлік рубльде тартылған қарыздардың күтілген валюта бағамынан өзгеше болуымен және облигациялық қарызды өтеу мерзімін ұзартумен байланысты.

10. Таза активтердің құны (Net asset value) 31.12.2022 ж, жағдай бойынша 73,5 млрд теңге жоспармен 70,6 млрд теңге құрады (жоспардың 96%). Бұл көрсеткішке есепті кезеңде танылған бағам айырмасынан залал әсер етті.

ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ

Наурыз

2022 жылғы 2 наурыздан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 ақпандағы шешімімен (№ 13/22 хаттама) Мәулен Айманбетов «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы болып тағайыналды.

Қоғам «Астана» халықаралық қаржы орталығының «Astana International Exchange» (AIX) биржасында орналастырылған ISIN KZX000000633 облигациялары бойынша жарты жылдық купондық сыйақыны төлеуді жүзеге асырды.

Сәуір

2022 жылдың 1 сәуірінде Атырау қ. «Француз орамы» тұрғын үй кешені пайдалануға берілді.

Шілде

2022 жылдың 25 шілдесінде «Samruk-Kazyna Construction» АҚ еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ дивидендтік саясатына сәйкес, Жалғыз акционердің 2022 жылғы 27 мамырдағы № 29/22 шешімімен бекітілген 2 030 547 750 теңге көлемінде дивидендтер төлеуді жүзеге асырды. Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 124,97570 теңгені құрайды.

Қазан

Fitch Ratings Қоғамның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолт рейтингтері («ЭДР») бойынша болжамды **«Оңнан»** «Тұрақтыға» өзгертіп, **«BB»** деңгейінде ЭДР растады.

Қыркүйек

ISIN KZX000000633 облигациялары бойынша купондық сыйақы төленді.

Мәскеу биржасында (MOEX) облигацияларды кейіннен өтеу үшін 2,5 млрд рубль көлеміндегі СККН Финанс (ЖШҚ) қарызы өтелді.

Тамыз

2022 жылдың 19 тамызында «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында Астана қаласындағы шатыр және қаптау материалдарын шығаратын зауыттың құрылыс жеріне капсула салынды.

2022 жылдың 31 тамызында Астанада «Мыңжылдық аллеясындағы ЖТК» (1-кезегі) пайдалануға берілді.

Қараша

АКРА Қоғамның халықаралық шкаладағы кредиттік рейтингін **BB+** деңгейінде, болжамы **«Тұрақты»** деп растады және СККН Финанс (ЖШҚ) облигацияларының кредиттік рейтингін растады.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2023–2027 жылдарға арналған бизнес-жоспары бекітілді.

Желтоқсан

Жалпы сомасы 2 млрд ресейлік рубль Astana International Exchange (AIX) биржасында 2023 жылдың 29 қыркүйегіне дейін орналастырылған Қоғамның ISIN KZX000000633 облигацияларының өтеу мерзімі ұзартылды.

2022 жылдың 15 желтоқсанында Алматы қ. Аққент ықшамауданында «Аққент» тұрғын үй кешенінің 5 блогы (№ 1, 2, 3, 4, 5) пайдалануға берілді.

2022 жылдың 27 желтоқсанында Ақтөбе қаласының «Батыс-2» ықшамауданында «Батыс Премиум» тұрғын үй кешенінің 2-кезегінің № 2 орны пайдалануға берілді.

2022 жылдың 30 желтоқсанында Астана қ. «ЭКСПО» ауданындағы тұрғын үй кешені пайдалануға берілді.

МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2022 жылы жасалған жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер, сондай-ақ ірі мәмілелер туралы ақпарат № 1 қосымшада келтірілген.

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР

Қоғам 2023 жылы Қоғамның Миссиясы мен Пайымы негізінде айқындалған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруды, оның ішінде «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынған инвестицияларды қайтару, дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында жалға және сатып алумен жалға берілген үй-жайларды басқару, «Kazyna Tower» бизнес орталығы, «Жасыл орам» бизнес орталығы (Т4 блогы), «Аққент» ТК және «Эдельвейс» ТК объектілері бойынша қаржылық ағындарды басқару, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-де және «Түркістан БГҚ» ЖШС-де үлестерді сенімгерлік басқару бойынша жұмыстарды жалғастыруды жоспарлап отыр.

Қайта жаңарту бағдарламасын (тозған және апаттық тұрғын үй) жүзеге асыру аясында Алматы қаласындағы «Gul-Ana» тұрғын үй кешенін қайта жаңарту жобасын аяқтауды жоспарлануда.

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру аясында Қоғам Астана, Алматы, Ақтөбе, Қонаев қалаларында 4 тұрғын үй кешенінің және Астана қ. шатыр және қаптау материалдарын шығаратын зауыттың құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр.

«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын жүзеге асыру аясында Қоғам еліміздің 20 аймағында мектеп құрылысын бастауды жоспарлап отыр.

2023 жылға арналған мақсаттарға жету үшін Қоғам операциялық тиімділікті арттыру, басқару кеңсесін құру және құрылысқа инвестициялау, жалға алушылармен сындарлы диалогқа бағытталған жедел кері байланыс ұйымдастыру, сондай-ақ тікелей байланысты болдырмау мен ақпараттық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында бизнес үдерістерді автоматтандыру арқылы барлық бизнес үдерістерді автоматтандыру және цифрландыру деңгейін арттыруды жоспарлап отыр.

2023 жылы ESG енгізудің 2023–2025 жылдарға арналған жоспарымен бекітілген іс-шараларды іске асыру арқылы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және тұрақты даму қағидаттарын енгізу бойынша іс-әрекет жалғасады.

ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Компания 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған 17 Тұрақты даму мақсатын толығымен қолдайды, оның 8-і Қоғамның Тұрақты даму саясатының негізіне алынған.

БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын мойындай отырып, Қоғам өз қызметінде келесі қағидаттарды ұстанатынын мәлімдейді:

Адам құқықтарын қорғау саласында	• Халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді; • адам құқықтарын бұзуға қатысы жоқтығын қамтамасыз етеді.
Еңбек қатынастары саласында	• Жиналу бостандығын қолдайды және ұжымдық шарттар жасасу құқығын мойындайды; • міндетті немесе мәжбүрлі еңбекті жоюға ықпал етеді; • балалар еңбегін жоюға ықпал етеді; • еңбек пен жұмыспен қамтуда кемсітушілікті жоюға ықпал етеді.
Қоршаған ортаны қорғау саласында	• Қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің алдын алуға жәрдемдеседі; • бастамаларды қабылдайды және экологиялық жауапкершіліктің таралуына ықпал етеді; • экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға ықпал етеді.
Сыбайлас жемқорлықпен күресу саласында	• Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, оның ішінде бопсалау мен парақорлыққа мүлдем төзбеушілігін мәлімдейді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, Тұрақты даму саласындағы саясатына сәйкес Қоғамда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылған, оған келесілер кіреді:

- Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаттарын ұстанушылық;
- ішкі және сыртқы жағдайды үш құрамдас бөлікте талдау (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер);
- әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді анықтау;
- мүдделі тараптар картасын құру;
- тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНК анықтау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды айқындау;
- тұрақты дамуды негізгі үдерістерге, оның ішінде тәуекелдерді басқару, жоспарлау, адам ресурстарын басқару, инвестициялар, есептілік,

операциялық қызмет және т.б., сондай-ақ даму стратегиясы мен шешім қабылдау үдерістеріне біріктіру;
- тұрақты даму саласындағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың тұрақты мониторингі мен бағалауы, мақсаттарға және ҚНК қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын қабылдау, үздіксіз жетілдіру мәдениетін енгізу.

Осы салада 7 ҚНК айқындалған, атап өту керек, 2022 жылы төмендегі ҚНК басқарушы қызметкерлердің жұмысын бағалау үшін Қоғамның Директорлар кеңесімен 2022 жылғы 23 желтоқсанда (№ 182 хаттама) бекітілген:
- еңбекке жарамдылықты уақытша жоғалтумен жарақаттану жиілігінің коэффициенті (LTIR);
- жобалар бойынша инвестициялар мен маржаны қайтару;
- ESG енгізудің 2023 жылға арналған жоспары іс-шараларының орындалу дәрежесі;
- 2023 жылы көзделген «Қазақстан Республикасында бутадиен және оның туындыларын өндіру» жобасын инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жөніндегі жол картасы бойынша іс-шаралар жоспарын орындау;
- «Түркістан облысында қуаттылығы 1000 МВт БГҚ негізіндегі электр станциясын салу» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) аяқтау;
- «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде объектілердің құрылысын бастау / объектілерді пайдалануға беру;
- компанияның сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесі бойынша көрсеткішті орындау.

Директорлар кеңесі мен Басқарма тұрақты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Барлық қызметкерлер мен барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосады. Қоғам Басқармасы жанынан консультациялық-кеңесші орган – Тұрақты даму комитеті құрылды, оның негізгі міндеті – тұрақты даму саласындағы саясат пен рәсімдерді әзірлеу, сондай-ақ Басқарманың қарауына тұрақты даму жүйесін енгізу жөніндегі ұсыныстар енгізу. Комитет Төрағасы – тұрақты дамуға жетекшілік ететін Басқарма Төрағасының орынбасары. Осы Жылдық есепте біз қоршаған ортаға, қоғамға және экономикаға әсеріміз (оң және теріс) туралы ақпаратты ашуға ұмтыламыз. Осы бағыттар бойынша қабылданатын шаралар Қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтылығына қол жеткізу, экономикалық тиімділігіні және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан ең үлкен оң нәтиже береді. Тұрақты даму саясатын жүзеге асыра отырып, Қоғам ESG енгізу жоспары шеңберінде тұрақты даму саласындағы іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді. Тұрақты даму саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру мәселелері тоқсан сайын Директорлар кеңесінің отырыстарында талқыланды. 2022 жылғы 23 желтоқсанда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 182 хаттама) «Samruk-Kazyna Construction» АҚ ESG енгізудің 2023–2025 жылдарға арналған жоспары бекітілді.

Инвесторлармен және қаржы институттарымен өзара қарым-қатынас құру шеңберінде ESG қағидаттарын сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, Қоғам өз қызметінің экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік аспектілерін басқару тәсілдерін жетілдіруге және мүдделі тараптарға есеп беруге ұмтылады.

ENVIRONMENT

қоршаған ортаға жауапты қарау

SOCIAL

жоғары әлеуметтік жауапкершілік

GOVERNANCE

жоғары сапалы корпоративтік басқару

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ

Есептің тұрақты даму саласындағы мазмұнын анықтау үшін жыл сайын тұрақты даму саласындағы мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізіледі. GRI Standards сәйкес 2022 жылы стейкхолдерлер арасында сауалнама жүргізілді, олар: акционердің өкілі, Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, қызметкерлер, еншілес ұйым, инвесторлар, тапсырыс берушілер, бас мердігерлер, сенімгерлік басқарудағы кәсіпорындар, сатып алушылар, орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, БАҚ, жеткізушілер, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар, қаржы институттары. Сауалнама нәтижелері бойынша Қоғам мен стейкхолдерлер үшін аспектілердің маңыздылығы арасындағы байланысты бейнелейтін Анықталған аспектілердің маңыздылық матрицасы әзірленді. Матрицаның көлденең осінде аспектілер Қоғам үшін маңыздылық дәрежесіне қарай, ал тік ось бойынша мүдделі тараптардың бағалауына қарай сараланады. Маңызды аспектілердің саралауы олардың басымдықтарын нақты түсіну негізінде стейкхолдермен өзара әрекеттесуді сындарлы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Анықталған аспектілердің маңыздылық матрицасы

Сауалнама нәтижелері бойынша 4 және 4,7 аралығындағы ең жоғары ұпайлары бар келесі маңызды тақырыптар анықталды:
- 201 Экономикалық нәтижелілік (4,7);
- 413 Жергілікті қоғамдастықтар (4,5);
- 401 Жұмыспен қамтылу (4,5);
- 403 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік (4,5);
- 404 Дайындық және білім (4,3);
- 205 сыбайлас жемқорлыққа қарыс іс-қимыл (4,3);
- 415 Мемлекеттік саясат (4,2);
- 406 Кемсітушілікке жол бермеу (4,2);
- 402 Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қатынастары (4,1);
- 405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер (4,1).

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ТИІМДІ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Қоғам мүдделі тараптармен құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген өзара әрекеттесудің тиімді жүйесін құруға ұмтылады.

Қоғам стейкхолдерлердің үлесін және олардың мүдделерін сипаттай отырып, өз қызметі барысында өзара әрекеттесетін стейкхолдерлердің толық тізімін белгілейді. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде стейкхолдерлер Қоғам үшін маңыздылығы жағынан екі фактор бойынша сараланады: мүдделі тараптың Қоғамға әсер ету күші және стейкхолдердің Қоғам қызметіне қызығушылық дәрежесі.

Қоғамның мүдделі тараптары (стейкхолдерлері) – Қоғамның тұрғын үй-жайларын сатып алушылар мен жалға алушылар, Қоғамның қызметкерлері, Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі, еншілес және тәуелді ұйымдар, бас мердігерлер мен құрылыс салушылар, сенімділік басқарудағы кәсіпорындар, тапсырыс берушілер, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік органдар, қаржы институттары, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерді пайдаланушылар.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу қағидаттары, механизмдері және рәсімдері Әдеп кодексінде, Тұрақты даму саясатында және Стейкхолдерлер картасында тұжырымдалған:

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы	Өзара әрекеттесудің әдістері мен механизмдері
ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР	
Негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Қоғамның Жарғысының, ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты, Қоғамның жоспарлары, жетістіктері туралы қосымша ақпаратты, есептерді, презентацияларды орналастыру үшін Қоғамның корпоративтік сайты мен әлеуметтік желілерін пайдалануға болады. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Кездесулер. Интернет сайт. Хат алмасу мен сұраулар.
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	
Қоғам қызметінің басым бағыттарын, Даму стратегиясын белгілеу.	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына (қажет болған жағдайда) сәйкес жалпы ақпаратты интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында орналастыру. Директорлар кеңесінің отырыстары. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп.
БАСҚАРМА	
Қоғамның ағымдағы қызметін басқару.	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жалпы ақпаратты интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында орналастыру (қажет болған жағдайда). Басқарма отырыстары. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Хат алмасу мен сұраулар.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы	Өзара әрекеттесудің әдістері мен механизмдері
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	
Білікті және ынталы персоналды қалыптастыруға бағытталған ашық, айқын кадр саясатын жүргізу. Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі барысында өз әлеуетін іске асыруға тең мүмкіндіктер қамтамасыз ету, олардың нәтижелерін бейтарап және әділ бағалау, қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттері, білімдері мен дағдылары негізінде іріктеу және олардың мансаптық өсуі.	Қоғамның кадр саясатын іске асырылуына, қызметкерлерді конкурстық іріктеу нәтижелерін жариялауға ақпараттық қолдау көрсету үшін интернет-ресурстарды, атап айтқанда корпоративтік сайтты пайдалануға болады. Басшылықтың қызметкерлермен кездесулері. Тренингтер мен семинарлар. Корпоративтік іс-шаралар. Жылдық нәтижелілікке шолулар. Сауалдау және сауалнамалар. Корпоративтік БАҚ.
ТЕҢ ИНВЕСТОРЛАР	
Пайда табу мақсатында жобаларды жүзеге асыруға инвестиция тарту.	Құрылысқа жеке секторды тартудың шетелдік және отандық тәжірибесі туралы ақпаратты тарату, Қоғамның мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытуы, іскерлік іс-шараларға (бизнес-форумдар, конференциялар, іскерлік кеңестер, көрмелер және т.б.) қатысу интернет-ресурстар арқылы, атап айтқанда. корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер, корпоративтік БАҚ. Жобалау мәселелері. Шарттар.
БАС МЕРДІГЕРЛЕР	
Құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.	Корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз мәлімдемелерін, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды орналастыру арқылы мақсатты аудиторияны Қоғамның жобаларды іске асыруы туралы ақпараттандыру. Жобалау мәселелері. Іскерлік серіктестермен және жеткізушілермен кездесулер. Конференциялар мен іс-шараларға бару.
СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАР	
Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.	Корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз мәлімдемелерін, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды орналастыру арқылы мақсатты аудиторияны Қоғамның жобаларды іске асыруы туралы ақпараттандыру. Жобалау мәселелері. Шарттар. Есептер мен хат алмасу.
ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕР	
Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.	Корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз мәлімдемелерін, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды орналастыру арқылы мақсатты аудиторияны Қоғамның жобаларды іске асыруы туралы ақпараттандыру. Шарттар. Есептер мен хат алмасу.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы	Өзара әрекеттесудің әдістері мен механизмдері
ЖЕТКІЗУШІЛЕР	
Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.	Жасалып жатқан сатып алулар, олардың нәтижелері туралы ақпараттық хабарламалар интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылады. Шарттар. Сатып алу ережелері және жасалып жатқан сатып алулар туралы ақпарат. Жеткізушілердің жүгінулерін қарау.
САТЫП АЛУШЫЛАР/ ЖАЛҒА АЛУШЫЛАР	
Сатып алушылардың/жалға алушылардың ҚР ҚНжЕ сәйкес сапалы және қолжетімді тұрғын үйді алу бойынша қалауларының орындалуын, жайлылық, қауіпсіздік және үнемділік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.	Корпоративтік сайтты, әлеуметтік желілерді, электрондық ақпараттық бюллетеньдерді, e-mail жөнелтуді, мессенджерлерді, Басқарма Төрағасының блогын пайдалану арқылы баспасөз мәлімдемелерін, мақалаларды, есептерді, сауалнамалар мен басқа да ақпараттық хабарламаларды жариялау, сондай-ақ call-орталық арқылы кеңестер беру, арнайы іс-шаралар, акциялар, жарнамалық науқандар және т.б. өткізу жолымен мақсатты аудитория арасында Қоғам қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу. Жалға беру/сатып алумен жалға беру/сату туралы шарттар. Клиенттердің қанағаттануына шолу. Үй-жайларды жалға алушылардың қанағаттану деңгейін анықтау.
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР, ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР	
Тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару, объектілер құрылысына мониторинг жүргізу, техникалық аудит жүргізу, мемлекеттік сараптама, объектілерді пайдалануға қабылдау мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыру. Жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрған адамдарға пайдалануға берілген тұрғын үйлерді сату туралы келісімдер жасасу.	Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудағы Қоғам қызметін (кеңестер, кездесулер, жария тыңдаулар, сұхбаттар, сөз сөйлеулер, жұмыс топтары, форумдар, конференциялар және т.б.) ақпараттық жариялау үшін интернет-ресурстарды, атап айтқанда корпоративтік сайтты, әлеуметтік желілерді пайдалануға болады. Хат алмасу мен сұраулар. Заңнамалық және нормативтік реттеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен жұмыс жасау. Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу.
БАҚ, ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫ	
Қоғамның қызметі туралы қоғамның оң пікірін қалыптастыру.	PR бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы ақпараттық қызметті ұйымдастыру, баспасөз мәлімдемелерін, жарияланымдарды, есептерді, сұхбаттарды, фото және бейнероликтерді, презентацияларды БАҚ-та, корпоративтік сайтта және әлеуметтік желілерде тарату арқылы мақсатты аудиторияға Қоғамның мықты тұстары мен мүмкіндіктері туралы хабардар ету. Интернет сайт. Баспасөз мәлімдемелері, баспасөз мәслихаттары және брифингтер. Жылдық есеп. Конференциялар мен саммиттер.
ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ	
Шарттарды жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау (депозиттік шоттарға ақшалай қаражат орналастыру, банктік қызмет көрсету, арнайы шоттарға қызмет көрсету).	Біріктірілген қаржылық есептілікті, бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы ақпаратты және басқа да ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында жариялау. Шарттар. Қаржы институттарында ақшалай қаражатты орналастыру.

«SAMRUK-KAZYNA CONSTRUCTION» АҚ СТЕЙКХОЛДЕРІНІҢ КАРТАСЫ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Қоғам өз қызметінде адам құқықтарын қатаң сақтайды. Компания ұлты, жынысы, шыққан тегі, жасы немесе басқа негіздер бойынша кемсітуге жол бермейді және қызметкерлердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар құру құқығын мойындайды.

Есепті кезеңде Қоғамда қандай да бір белгілер бойынша кемсітушілік жағдайлары тіркелген жоқ.

Қоғамның стратегиялық мақсаттары мен оның қызметін жүзеге асыру сыбайлас жемқорлықтың қандай да бір көріністерімен үйлеспейді. Қоғам мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етудің және сенімді ішкі корпоративтік қарым-қатынастарды құрудың қажетті факторлары ретінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы тұру, корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын болдырмауды қоса алғанда, адал бизнес жүргізуді ұстанады.

Қоғамда Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалатын Комплаенс- бақылаушы жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының комплаенс саласындағы заңнамасын, «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларындағы комплаенс функциясының эталондық үлгісін және Қоғамның Комплаенс-бақылаушы жөніндегі ішкі нормативтік құжаттары шеңберінде ол ішкі нормативтік құқықтық құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар-жоғына қарастырады және талдайды, Қоғамның комплаенс-тәуекелдерге ұшырағыш бизнес үдерістерін сәйкестендіреді және бағалайды, сыбайлас жемқорлық және беделді тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.

Жыл сайын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Тәртіп кодексін білуге комплаенс-тренингтер, тестілеу өткізу арқылы Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жалғасуда, сондай-ақ Қоғам қызметкерлері арасында жедел желі жұмысының мәселелері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізілуде.

2022 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес активтерді сату және оларға, бухгалтерлік есепке және қорытындысы бойынша ұсынымдар беріліп, тәуекелдер тізілімі жасалған қаржылық есептілікке мониторинг жүргізудің бизнес үдерісіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, комплаенс-тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау туралы ақпарат беру мақсатында Қоғамның ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық технологиялар және корпоративтік коммуникациялар бизнес үдерістері үшін ықтимал тәуекелдер тізілімі жасалды.

Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, Тәртіп кодексін сақтау бойынша оқыту (комплаенс-тренинг) өткізілді, Қоғамдағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын білуге тестілеу өткізілді, Қоғамдағы мүдделер қақтығысын реттеу саясаты бойынша қызметкерлерге тестілеу өткізілді. Тестілеуге қатысқан жұмыскерлерді қамту 70%, тренингке қатысқандарды қамту 100% құрады. Кірістер мен мүлікті жалпыға бірдей декларациялау мәселесі бойынша вебинар өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау үшін бақылау қамтамасыз етіледі, тұлғаларға ақпаратты жария ету қажеттілігі туралы хабарланады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үлестес тұлғалардың тізімі қалыптастырылады, үлестес тұлғалардың тізімін Қаржылық есептілік депозитарийінде орналастырудың уақтылығы бақыланады, CEO-1-ге қатысты үлестестік пен мүдделер қақтығысының бар-жоғы тексерілді, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Қоғам қызметкерлеріне кеңес беру тұрақты негізде жүргізіледі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарының және бекітілген комплаенс саясатының сақталуына мониторинг тұрақты негізде жүргізіледі. 2022 жылы Комплаенс қызметіне 27 өтініш түсті:

- 24 өтініш жедел желіге;
- 2 ұжымдық өтініш eotinish.gov.kz сайтына (ПМК, МҚІА);
- 1 өтініш «Karabatan Utility Solutions» ЖШС басшылығының үстінен түскен шағым бойынша Қордан жолданды.

17 өтініш бойынша – бұзушылық фактісі расталмады, 8 өтініш бойынша бұзушылық фактісі жартылай расталып, тиісті ұсынымдар берілді, 1 өтініш бойынша факті расталды – Қоғамның сенімгерлік басқаруына берілген «Karabatan Utility Solutions» ЖШС қызметкерімен еңбек шарты бұзылды, 1 өтініш бойынша сыбайлас жемқорлық құрамдастарының болмауына байланысты қарау тоқтатылды.

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ҚОЛДАУ

Қоғам қызмет еткен жылдар ішінде мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға бірнеше рет қатысып, мемлекеттік саясатты қолдауға үлесін қосқан.

Осылайша, 2011 жылы Қоғам жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруға, үлескерлердің мәселелерін шешуге және проблемалық құрылыс объектілерін аяқтауға бағытталған дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында өз қызметін жүзеге асырды. 2012 жылдан бастап Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 767 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына кейіннен енгізілген «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасын жүзеге асырды. 2016 жылдан бастап Қоғам «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық даму мемлекеттік бағдарламасын іске асыру операторларының бірі болып белгіленді. Тұрғын үй саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру Қоғамға инвестициялық жобаларға бастамашылық ету, оларды талдау және іріктеу, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін серіктестерді және құрылыс жобаларын жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде мердігерлерді тарту, жылжымайтын мүлікті түпкілікті тұтынушыларға сату, жылжымайтын мүлік нарығын талдау құзыреттерін меңгеруге және дамытуға мүмкіндік берді. Қоғам нарық қатысушыларымен, соның ішінде жергілікті атқарушы органдармен және басқа да мемлекеттік органдармен жұмыс істеу тәжірибесін жинақтады.

2023 жылдан бастап «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысына сәйкес Қоғам сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес жобалық басқаруды жүзеге асыратын үш тетіктің біріншісін қолдану шеңберінде орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы қызметі, ал Компанияға тұтынушы функциясы жүктелген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық пилоттық жобаны бекіту туралы» қаулысымен Қоғам 2023 жылдан бастап үш тетіктің біріншісін қолдану шеңберінде орта білім беру ұйымдарының объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі дирекциясы ретінде айқындалған, мұнда Қоғам жобаны Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес басқарады, ал Қоғамға тапсырыс беруші функциясы берілген.

Ұлттық жобаның мақсаты – орта білім беру ұйымдарында апаттық мектептерді, үш ауысымда оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою.

ЖЕТКІЗУЛЕРДІҢ ЖАУАПТЫ ТІЗБЕГІ

Қоғамның сатып алу саласындағы негізгі мақсаты – барлық бөлімшелердің тұрақты жұмыс істеуі үшін ресурстарға қажеттілікті, оларды сатып алудың оңтайлы жағдайларымен уақтылы, тиімді және толық қамтамасыз ету. Қоғамда ақпараттық ашықтық, айқындық, теңдік және адал бәсекелестікті дамыту қағидаттарына негізделген тиімді сатып алу жүйесі құрылған. Сатып алу рәсімдері ашық, айқын, стандартталған және қарапайым. Қоғамның сатып алу қызметінің басым бағыттары: «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобындағы Мүгедектер ұйымдарының тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдарынан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу; «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының Тауар өндірушілер тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарларды тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу. Қоғамда жеткізушіні таңдау келесі тәсілдермен жүзеге асырылады: ашық тендер өткізу (соның ішінде төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып); баға ұсыныстарын сұрату (соның ішінде төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып); бір көзден алу; сондай-ақ ерекше тәртіпті қолдана отырып сатып алу.

E КОМПОНЕНТІ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

Қоғам экологиялық тепе-теңдікті сақтау және қоршаған ортаға ұқыпты қарау қажеттілігін түсіне отырып, қоршаған ортаны қорғау қызметін ағымдағы жұмысының маңызды бөлігі ретінде қарастырады.

Тұрғын үй құрылысының инвестициялық жобаларын іске асыру шеңберінде Қоғамның қоршаған ортаны қорғау қызметі Құрылыс салушы/Мердігер жүргізетін құрылыс сапасын бақылау арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте Қоғам Құрылыс салушымен бірлесіп мердігерлердің құрылыс алаңдарында қоршаған ортаға жанама шығындыларына мониторинг жүргізеді. Құрылыс объектісінің теріс әсері ауа ортасына түседі. Көбінесе құрылыс алаңдарының тұрғын үйлерге жақын орналасып, құрылыс салынған аумақтардың атмосфералық ауасына және халықтың денсаулығына теріс әсер ету орталықтарын құрайтындығы жағдайды қиындатады. Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары құрылыс алаңы аумағын инженерлік дайындаудан бастап абаттандыру мен көгалдандыруға дейінгі құрылыс үдерісінің барлық кезеңдерінде пайда болады. Құрылыс алаңындағы ауаны ластау көздері – құрылыс машиналары мен механизмдері: автокрандар, экскаваторлар, грейдерлер, самосвалдар, борттық автомобильдер, бетон сорғылар мен бетон араластырғыштар, аунақтар, асфальт төсегіштер, автогудронаторлар, дизель генераторлары, дәнекерлеу аппараттары, кескіш білдектер, ажарлағыш машиналар және атмосфераға әртүрлі дәрежеде теріс әсер ететін Қоғамның басқа да құрылыс объектілері және бұл ең алдымен орындалатын құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлеміне байланысты. Қазақстан Республикасының заңнамасы қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуын реттейді. Қазақстан Республикасының заңнамасында қоршаған ортаға зиянда заттар эмиссиялары реттеледі. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға зиянды заттар эмиссиялары үшін төлем алынады. Қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтері шегінде және (немесе) олардан асатын қоршаған ортаға эмиссиялардың нақты көлемі салық салу объектісі болып табылады: ластаушы заттардың шығарындылары; ластаушы заттардың төгінділері; орналастырылған өндіріс және тұтыну қалдықтары. Қоғам құрылыс салушылардың объектіні салу және міндеттемелері мен нормативтерді орындау кезінде ластануды кешенді бағалауын міндетті түрде жүргізуін қадағалап тұрады.

Сонымен қатар, құрылыс компаниялардың жұмыс жобасын әзірлеу кезінде экологиялық сараптама алуы, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу барысында облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармаларынан қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттарды алуы тексеріледі.

Қоршаған ортаға өзінің әсерін басқару мақсатында Қоғам қағазды, шығын материалдарын және энергия ресурстарын ұқыпты тұтыну шараларын қабылдайды, электрондық құжат айналымы, электрондық есептілік жүйелерін енгізеді және жетілдіреді, энергия тұтынуды азайту және энергия тиімділігін арттыру шараларын қолданады.

2022 жылғы энергия ресурстарын тұтыну	Электр энергиясын тұтыну, мың кВт/сағ	Суды тұтыну, м³	Жылумен жабдықтау, Гкалл
«Жасыл орам» БО	36 796	20 836	4 512
«Kazyna Tower» БО	1 355	6 042	2 727

S КОМПОНЕНТІ
ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ

КАДРЛАР ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ

Персонал – Қоғамның негізгі активі, оның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі стратегиялық серіктесі. Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен Адам ресурстарын басқарудың корпоративтік стандартының негізінде портфельдік компанияларда эталондық үлгіге сәйкес адам ресурстарын басқару бөлігінде негізгі бизнес үдерістері жаңартылып тұрады. Жыл сайын персоналды қатыстыруды бағалау жүргізіледі. 2022 жылы қатыстыру индексі 76% құрады, бұл көрсеткіш тұрақтылық аймағында тұрғанын және менеджмент тарапынан жағдайға назар аударуды (бақылауды), бәлкім, шамалы араласуды қажет ететінін білдіреді.

Қоғамның адам ресурстарын басқару бөлігіндегі басым бағыттары – Қоғамның алдында тұрған міндеттерін іске асыру үшін тиісті кәсіби құзыреттері бар мамандарға деген қажеттілікті қанағаттандыру, құрылыста жобаларды басқару саласындағы құзыреттерді дамыту, инвестициялық жобаларды тарту және іске асыру, Қоғам қызметінің табыстылығын арттыру. Қоғамның кадрлық саясатының маңызды бағыттарының бірі – қызметкерлерді дамыту, қызметкерлерге кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктерін беру, қызметкерлердің жоғары еңбек өнімділігінің корпоративтік мәдениетін енгізуге ынтасын арттыру. Цифрлық технологиялардың дамуын ескере отырып, қашықтықтан оқыту курстары, вебинарлар және жұмыс орнында оқыту сияқты оқыту әдістері белсенді түрде қолданылуда.

Персонал бойынша негізгі көрсеткіштер	2020	2021	2022
Жыл соңындағы орташа тізімдік саны, адам	99	99	76
Еңбек шарты бойынша	99	99	76
Қызметтер көрсетут шарты бойынша	11	12	42
Әйелдер	46	40	36
Ерлер	53	59	40
Кадрлар тұрақтамауы, %	21%	35%	15%
Жүктілік, бала туу және бала күтімі бойынша демалысқа шыққан қызметкерлер саны, адам	6	4	3
Аналық/әкелік бойынша демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған және жұмысын жалғастырған қызметкерлер саны, адам	3	2	2
Аналық/әкелік бойынша демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған және жұмысын жалғастырған қызметкерлердің үлесі, %	50	50	67
Еңбекақы төлеу қоры (соның ішінде ЕТҚ-на кіретін жеңілдік төлемдері мен біржолғы сыйлықақылар (мың теңге)	1 165 340	939 846	1 036 600
Әлеуметтік салық (мың теңге)	118 187	96 755	110 349

Қажетті дағдылары мен құзыреттері бар мамандарды тарту үшін Қоғамда кадрларды іздеу мен іріктеудің ашық конкурстық рәсімдері өткізіледі. Барлық бос орындар «Самұрық-Қызмет» – «QSamruk» корпоративтік сайтында орналастырылады. 2022 жылы 33 жұмыскер конкурстық рәсімдерден өтіп жұмысқа қабылданды. Барлық үміткерлер «Samruk Business Academy» ЖМ порталы арқылы кәсіби білімдерін тексеру және одан әрі даму әлеуетін бағалау рәсімдерінен өтеді.

ЖҰМЫСКЕРЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІН БАҒАЛАУ

Қызмет тиімділігіне тұрақты шолулар – 100%. Басшы қызметкерлер (Басқарма мүшелері) бойынша жылға арналған қызметтің негізгі көрсеткіштерін (ҚНК) Директорлар кеңесі бекітеді, сонымен қатар жыл соңында ҚНК көрсеткіштерін орындау бағаланады. Директорлар кеңесіне бағынатын қызметкерлердің жұмысын (4 қызметкер) жыл басында бекітілген ҚНК негізінде Директорлар кеңесі бағалайды.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері әр қызметкердің жылға арналған мақсаттар картасын бекітуі арқылы қызметкерлерге каскадты түрде беріледі. Қызметті бағалау тиімділігіне шолу жарты жылдағы мақсат картасының орындалуына мониторинг жасау және қызметкерлердің бір жылдағы қызметін кешенді бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыскерлердің қызметін бағалау тәртібіне сәйкес әкімшілік және басқарушылық қызметкерлерді кешенді бағалау жыл сайын есепті жылдың 31 желтоқсанына дейін жүргізіледі. Осылайша, 2022 жылы жұмыс нәтижелері мен мансаптық өсу бойынша тұрақты шолуларды алған қызметкерлердің пайызы 100% құрады (2021 жылы – 100%).

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУ

Кәсіби оқыту үдерісіне қойылатын талаптар Қоғам қызметкерлерін кәсіби оқыту және дамыту қағидаларында реттелген.

Қоғамның барлық қызметкерлерін оқытумен қамту және қызметкерлер әзірлеген Жеке даму жоспарларына сәйкес оқу мен даму қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында қызметкерлерге «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінің оқыту порталына қолжетімділік қамтамасыз етілді және де Қазақстан Республикасының жетекші оқу орталықтары ұсынатын онлайн курстардан өту мүмкіндігі берілді.

Қызметкерлерді оқыту (сағаттар)	2020	2021	2022
Бір қызметкерге жылына орташа оқу сағатының саны	16,4	17,4	21,3
Әйелдер	16	18	25,6
Ерлер	16.6	17	19,2
Басшы және басқарушы қызметкерлер	16	12	12,8
Әйелдер	32	24	13
Ерлер	12	18	12,7
Мамандар	15,6	7,8	7,5
Әйелдер	16	8	7,2
Ерлер	15,3	6,5	7,7

ЖҰМЫСКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫ

Қоғамда жүзге асырылып жатқан барлық маныызды жобалар бойынша Басқарма Төрағасының қызметкерлерге арналған үндеуі қалыптастырылады. Осылайша, 2022 жылы Қоғам қызметкерлеріне арналған үндеу корпоративтік мәдениетті дамыту жобаларына, сондай-ақ персоналды қатыстыру туралы сауалнамаға қатысты болды. Сонымен қатар, қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынас аясында Қоғамда тұрақты түрде:

- басшы қызметкерлер мен құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерінің қатысумен операциялық қызмет мәселелері бойынша апта сайынғы аппараттық кеңестер;
- функциялық міндеттерді орындау мәселелері және Есепті кезеңге бекітілген мақсат карталарына қол жеткізу бойынша құрылымдық бөлімшелердің барлық қызметкерлерімен Басқарма Төрағасының жартыжылдық кездесулері;
- қызметкерлердің мәселелерін, қиындықтарын және ұсыныстарын бейресми жағдайда талқылау үшін тоқсан сайын «Галстуксыз кездесулер» форматында басшылықтың еңбек ұжымымен кездесулері өткізіледі. Басшылықтың апта сайынғы негізде қызметкерлерді жеке мәселелері бойынша қабылдау сағаттары белгіленген.

Қоғамда Қоғам қызметінің ағымдағы мәселелерін талқылау және алқалық шешімдер қабылдау үшін комитеттер мен жұмыс топтары әрекет етеді.

Қоғамда қызметкерлерден әлеуметтік-еңбек сипаттағы шағымдар мен өтініштерге жауаптарды қабылдайтын және бақылайтын Омбудсмен жұмыс істейді. Түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін Омбудсмен ай сайын ақпараттық хабарлар жібереді. «Нысана» желісі арқылы 10 өтініш түсті, оның 3 фактісі расталды, анықталған бұзушылықты жою шаралары қабылданды, 6 факті бойынша ақпарат расталмады, бір өтініш қарау сатысында.

ҮӘЖДЕМЕ ЖҮЙЕСІ

Қоғамның еңбекақы төлеу жүйесі Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру қағидаларымен реттеледі, оның мақсаты қызметкерлерді есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері үшін көтермелеуге және қызметкерлердің өз мақсаттарына жетудегі тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін еңбек ақысын төлеу жүйесін орнату арқылы Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу болып табылады. 2022 жылы Қоғам қызметкерлерінің еңбекақысының бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау үшін лауазымдарды грейдтеу және еңбекақы нарығына талдау жасалды, басшы және әкімшілік қызметкерлер лауазымдарына белгіленген грейдтерді ескере отырып, еңбекақы төлеу жүйесі енгізілді. Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына сәйкес Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдаудың келесі түрлері көрсетіледі: материалдық көмек, өтемақы шығындары, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру, фитнес сабақтарына клубтық карталарды сатып алу ақысын Қоғамның аванстық төлемдері арқылы бөліп төлеу мүмкіндігі. Қоғамда ерлер мен әйелдердің еңбегі үшін бірдей сыйақы беру қарастырылған.

Қызметкерлердің қызметін бағалау нәтижелері бойынша қызметкерлерге жалақының ауыспалы бөлігін төлеуге жоспарланған қаражат шегінде сыйлықақы төлеу түрінде сыйақылар қарастырылған.

Құрылысшылар күні кәсіби мерекесіне және Тәуелсіздік күніне орай Қоғамның үздік қызметкерлері құрмет грамоталары мен төсбелгілермен марапаттауға ұсынылады, оның ішінде мемлекеттік марапаттармен марапаттауға ұсынулар жолданады.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Қоғам қызметкерлердің денсаулығына, еңбек жағдайларына және жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің жеке денсаулық әлеуетін арттыру үшін Қоғамда:

- медициналық сақтандыру қызметтеріне қолжетімділік беріледі (ауру жағдайына сақтандыру), оның ішінде тәуліктік кеңесші-диспетчерлік қызмет (call-centre), жедел жәрдем қызметтері, стационарлық емдеу, амбулаториялық-емханалық көмек, қызметкерді медициналық-профилактикалық тексеру; үйдегі отбасылық дәрігердің және мейірбикенің қызметтері, стоматология қызметтері, тұмауға қарсы вакцинация және т.б.;
- еңбек демалысына сауықтыруға арналған жәрдемақы түрінде қаржылық қолдау көрсетіледі;
- спорт мекемелеріне бару үшін жеңілдіктер сатып алу мүмкіндігін беру арқылы қызметкерлерді салауатты өмір салтын сақтауға ынталандыру және нығайту бойынша жүргізіліп жатқан саясатқа көмек көрсетіледі.

Қоғам сонымен қатар жұмыс орнында қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырылған жұмыстарды жүргізеді:

- қызметкерлердің қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша міндетті нұсқамалық беру және білімдерін тексеру арқылы өндірістік үдерістер бойынша қызметкерлерді оқыту жүргізіледі, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тақырыптары бойынша, ең алдымен, жаңадан қабылданған қызметкерлерге нұсқамалық жүргізіледі;

- әкімшілік ғимараттың кеңселік үй-жайларында жабдықтар мен инженерлік желілерге, қызметкерлердің жұмыс орындарындағы компьютерлер мен кеңсе техникасына реттелген профилактикалық жабдықтарды жөндеу жүргізіледі.

Қоғам қызметкерлері «Жасыл орам» БО Т4 блогының (бұдан әрі – ғимарат) 14-15 қабаттарында орналасқан. Әрбір жұмыс орны функциялық мақсатына және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін кеңсе техникасымен жабдықталған. Апаттық жолдар мен ғимараттың үй-жайларынан шығулар белгілермен көрсетілген. Ғимараттың өрт автоматикасының жұмысқа қабілеттілігі және қызметкерлердің жұмыс орнындағы өрт қауіпсіздігі қызмет көрсету шарты бойынша мамандандырылған қызмет көрсету ұйымымен қамтамасыз етіледі. Тексеру техникалық регламентке сәйкес жарты жылда 1 рет жүргізіледі.

Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлердің үлесі 74% құрады.

Техникалық персоналдың апаттар, өрттер кезінде әрекет ету дағдыларын жұмыспен өтеу бекітілген Жаттығулар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Жаңадан қабылданған қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқамалық беріледі. Жұмыс уақыты ішінде жұмыс орындары орналасқан ғимарат үй-жайларындағы температура, жарықтандыру және де микроклимат санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді және ғимараттың инженерлік жүйелері мен жабдықтарына реттелген мерзімді техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-профилактикалық жөндеу мен қарау жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

	2021	2022
Заңнама талаптары шеңберінде өндірістік қауіпсіздік саласында оқытудан өткен қызметкерлер саны	197	241
Мемлекеттік өртке қарсы қызметтерді тарта отырып өткізілген өрт/өртенудің алдын алу оқу-жаттығуларының саны	1	1
Жұмыс берушіден ерікті медициналық сақтандыруы бар қызметкерлердің саны	83	66
Еңбек қызметіне байланысты тіркелген жазатайым оқиғалардың саны	0	0

2022 жылы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сервистік компания «Зевс Энерго» ЖШС Қоғамның 15 жұмыскеріне өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамалық өткізді.

CEO, CEO-1 деңгейіндегі басшылар NEBOSH HSE Certificate in Health and Safety Leadership Excellence оқуынан өтіп, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы бойынша көшбасшылық жетістігінен халықаралық деңгейдегі сертификатқа ие болды.

Қоғамның еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы уәкілетті тұлғасы құрылыс салушылардың, мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдардың еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындауы бойынша «Samruk-Kazyna Construction» АҚ құрылыс объектілерін тексеру регламентіне сәйкес құрылыс объектілерінде тексеру жүргізеді. 2022 жылы тексеру нәтижелері бойынша мердігерлік ұйымда өндірістік қауіпсіздік саласында 96 сәйкессіздік анықталып, оның 84-і жойылды.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық саясаты мен Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес демеушілік және қайырымдылық қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының бірыңғай операторы – «Samruk-Kazyna Trust» АҚ Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асырылады. Осы саладағы қызметке қаражат Қоғамның 2022 жылға арналған бюджетінде қарастырылмаған. «Самұрық-Қазына» компаниялар тобында волонтерлік қозғалысты дамыту шеңберінде Қоғам қызметкерлері волонтерлік қозғалысқа, акциялар мен әлеуметтік көмек көрсетуге бағыталған іс-шараларға белсенді қатысады, мысалы: экологиялық жобалар; білім беру жобалары және т.б. 2022 жылы қызметкерлер «Мектепке жол» акциясына, «Самұрық-Қазына» АҚ жас мамандарының өзін-өзі дамыту челленджіне, «Самұрық-Қазына» АҚ бірінші жастар форумына, «Самұрық-Қазына» АҚ спартакиадасына (шахмат, тоғызқұмалақ), жалпы қалалық марафонға, IRONMAN триатлон жарыстарына қатысты. Кәсіби мереке – Құрылысшылар күніне орай жұмыскерлердің балалары арасында да балалар суреттерінің байқауы ұйымдастырылды.

АЙМАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ

Қоғам жобаларды іске асыру шеңберінде Қоғамның мердігерлері мен серіктестіктерінің бюджетке салықтар мен төлемдерді төлеуін қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын құру, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жергілікті өндірушілерден сатып алу арқылы өзі жұмыс істейтін аймақтардың дамуына үлес қосады. 2022 жылы құрылыс объектілерінде 1 500 астам жұмыс орны ашылды.

Қоғамның әлеуметтік бағдарланған қызметі жаңа тұрғын үй объектілерін пайдалануға беру арқылы халыққа баспананың қолжетімділігін арттырумен; тозған және апаттық тұрғын үйлерді қайта жаңарту бағдарламасын іске асыру арқылы халықтың қолайлы және жайлы өмір сүру жағдайын жасаумен; қаланың сәулеттік келбетін жаңартумен; тұрғын үй құрылысы және аумақтарды дамыту саласындағы инвестициялық ахуалды жақсартумен көрсетілген.

Сонымен қатар, аймақтарда құрылыс сегментін қолдау халықтың әртүрлі санаттары үшін баспананың қолжетімділігін арттыруға, жылжымайтын мүлік нарығын жандандыруға ықпал етеді.

«Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымдық объектілерін салу» жобасы бойынша Қоғам құрылыс объектілерін уақтылы тапсыру арқылы мұнай-химия кластерін дамытуға, қосылған құны жоғары экспортқа бағытталған өнімдерді шығаруға, өнеркәсіпті әртараптандыруға және соның нәтижесінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық өсуіне жәрдемдеседі. Пайдалану және құрылыс кезеңінде 1 283 жұмыс орнын құру, 1 млрд теңгеге жуық салық шегерімдерін төлеу жоспарлануда.

Түркістан қаласында қуаттылығы 1000 МВт дейінгі бу-газ қондырғысы негізінде электр станциясын салу еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін арттырады, атап айтқанда, жетіспейтін энергия қуаттылықтарының орнын толтыруға, Орталық Азияның (Өзбекстан, Қырғызстан) энергетикалық жүйесі жасайтын апаттық кернеу айырымын теңестіруге мүмкіндік береді және әлеуметтік бағдарланған тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін энергиямен дербес және үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Оның үстіне бұл станция жаңартылатын энергия көздерін ұлттық энергетика жүйесіне біріктіру үшін қолайлы жағдай жасайды. Станция құрылысы үшін 2 мың жаңа жұмыс орны жасалады.

G КОМПОНЕНТІ
БАСҚАРУШЫЛЫҚ АСПЕКТ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазіргі экономикада корпоративтік басқару ұйымның даму деңгейін ғана емес, инвестициялық тартымдылық дәрежесін де анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Корпоративтік басқару жүйесі Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Корпоративтік хатшының, Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс бақылаушының жұмысын қамтиды. Мұндай жүйе ішкі қамтамасыз ету құралдарына жатады және мақсаттарды қою механизмдерін, оларға қол жеткізу және бақылау құралдарын анықтайды.

Корпоративтік басқару тәуекелдерді басқару, менеджментті бақылау, ашықтықты арттыру үдерістерін оңтайландырады, сондай-ақ мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібін сақтауға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесі, Басқарма, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктердің нақты бөлінуі бар. Органдардың құзыреттері, өкілеттіктері мен жауапкершілігі Жарғымен, Директорлар кеңесі және Басқарма туралы ережелермен айқындалған.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ОРЫНДАУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қоғам дәстүрлі түрде үздік әлемдік тәжірибеге негізделген тиімді корпоративтік басқару жүйесін құруға басты рөлді береді. Қоғам Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын сақтауды Компанияның ұзақ мерзімді табысты дамуының және оның инвестициялық тартымдылығын арттырудың қажетті шарты деп санайды.

Корпоративтік басқару кодексінде тұжырымдалған қағидаттар Қоғам үшін өзінің ішкі құжаттарын әзірлеудің маңызды көзі және корпоративтік басқарудың ең жақсы тәжірибесін қалыптастырудың бағдары болып табылады. Қоғам корпоративтік басқару құрылымының Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес болуын және басқару органдары арасындағы міндеттерді бөлуді нақты анықтайтынын қамтамасыз етуге тырысады.

Корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау Қоғам қызметіне объективті талдау жүргізудің тиімді тәсілін құруға ықпал етеді. Корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, есеп берушілік, айқындылық, кәсібилік және құзыреттілік негіздеріне құрылған.

Тиімді корпоративтік басқару құрылымы барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді қарастырады, Қоғамның табысты жұмыс істеуіне, оның ішінде оның құндылығының өсуіне және нарықтық құнының ұлғаюына, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты сақтауға ықпал етеді. Қоғамда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша тұрақты шаралар қабылдануда. «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын орындауы туралы есеппен Қоғамның интернет-сайтында танысуға болады: https://skcn.kz/ru/news/otchet-o-sledovanii-principam.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне басым бағыттарды анықтау және Қоғамның даму стратегиясын, Бизнес-жоспарын бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау және т.б. кіреді.

Директорлар кеңесінің тәжірибесі парасаттылық, тиімділік, белсенділік, риясыздық, адалдық, жауапкершілік, нақтылық, кәсібилік, сақтық, объективтілік, жүйелілік қағидаттарына негізделген.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелеріне басшылық етуге және олардың өз міндеттерін тиімді орындауына, тиісті қарым-қатынас пен өзара іс-қимылды құруға жауапты. Туындаған корпоративтік қақтығыстарды олардың жағымсыз әсерін азайту үшін қарастырады. Директорлар кеңесінің мүшелеріне жағдай жасайды, сондай-ақ өкілеттіктердің тиісті тепе-теңдігін, есеп берушілікті және шешім қабылдаудың тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді. Сәтті басшылық ету тәжірибесі бар, Директорлар кеңесінің мүшелері мен басқа да мүдделі тараптар арасында құрмет пен сенімге ие.

Директорлар кеңесі мен Басқарманың әртүрлі гендерлік құрамын кезең-кезеңмен қалыптастыру мақсатында Қоғам Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына кемінде 20 % әйелдерді кіргізуді жоспарлап отыр.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУ

31.12.2022 ж. жағдай бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы

№ р/с	Т.А.Ә.	Лауазымы	Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы
1.	Тәжіғалиев Мұхтар Өтепқалиұлы	Директорлар кеңесінің Төрағасы, Жалғыз акционердің өкілі	2022 жылдың 18 ақпаны
2.	Қорабаев Елжас Қайратұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі	2022 жылдың 18 ақпаны
3.	Аманжолов Ақтан Амангелдіұлы	Тәуелсіз директор	2021 жылдың 26 тамызы

2022 жылы Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер болды:

1) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/22 шешімімен:

- қазіргі Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды: «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Е.Қ. Бердіғұловтің және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Б.А. Сандықбаевтың;
- Тәжіғалиев Мұхтар Өтепқалиұлы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып «Самұрық-Қазына» Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 17/21 хаттама) айқындалған, жалпы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттігі аяқталғанға дейінгі мерзімге сайланды;
- Қорабаев Елжас Қайратұлы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып «Самұрық-Қазына» Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 17/21 хаттама) айқындалған, жалпы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттігі аяқталғанға дейінгі мерзімге сайланды.

2) Тәуелсіз директор А.А. Аманжолов 2022 жылғы 18 шілдеден бастап өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш жазды. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен оның бастамасы бойынша А.А. Аманжоловтың өкілеттігі тоқтатылды. Қазіргі уақытта Қоғам «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімін күтуде.

Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында 3 мүше, олардың біреуі тәуелсіз директор және екеуі Жалғыз акционердің мүдделерінің өкілдері.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің толық құрамы туралы ақпаратпен Қоғамның интернет-сайтында танысуға болады: https://skcn.kz/ru/news/sostav.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ
(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

ТӘЖІҒАЛИЕВ МҰХТАР ӨТЕПҚАЛИҰЛЫ

Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Жалғыз акционердің өкілі

Туған күні: 1971 жылдың 11 тамызы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні:
2022 жылдың 18 ақпаны

Білімі:
- **1988–1993 жж.** – В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, тау-кен инженері;
- **1994–1996 жж.** – Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, мемлекеттік әкімшілендіру магистрі;
- **2003–2005 жж.** – Шелл ашық университеті, Голландия, мұнай технологиялары магистрі;
- **2013–2014 жж.** – Назарбаев Университеті, басшыларға арналған іскерлік әкімшілендіру магистрі / Executive MBA.

Соңғы 10 жылдағы жұмыс орны және ұйымдарда атқарған лауазымдары:
- **2022 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін** – «Самұрық-Қазына» АҚ Мұнай-газ, тау-кен және энергетикалық активтер департаментінің директоры;
- **2021 ж. шілдесі – 2022 ж. қаңтары** – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директоры;
- **2021 ж. сәуірі – 2021 ж. шілдесі** – «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару және әлеуметтік-еңбек қатынастары жөніндегі басқарушы директоры;
- **2019 ж. сәуірі – 2021 ж. сәуірі** – «Самұрық-Қазына» АҚ «Мұнай-газ» дирекциясының басшысы;
- **2017 ж. қарашасы – 2019 ж. сәуірі** – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Операциялық емес өндіруші активтер департаментінің директоры;
- **2017 ж. сәуірі – 2017 ж. қарашасы** – «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК Қазақстан Республикасындағы өндіріс тиімділігі және өзгерістерді басқару жөніндегі менеджері;
- **2014 ж. тамызы – 2017 ж. қарашасы** – «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК Қазақстан Республикасындағы жоспарлау және технологиялар бөлімшесінің басшысы;
- **2017 ж. сәуірі – 2017 ж. қарашасы** – «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК Қазақстан Республикасындағы өндіріс тиімділігі және өзгерістерді басқару жөніндегі менеджері;
- **2014 ж. тамызы – 2017 ж. қарашасы** – «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК Қазақстан Республикасындағы жоспарлау және технологиялар бөлімшесінің басшысы.

Қосымша жұмыс істеу және ұйымның Директорлар кеңестеріне/Бақылау кеңестеріне мүшелік:

«Самұрық-Қазына» АҚ басқа да еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қоғамның, Қоғамның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

ҚОРАБАЕВ ЕЛЖАС ҚАЙРАТҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Жалғыз акционердің өкілі

Туған күні: 1990 жылдың 10 шілдесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні:
2022 жылдың 18 ақпаны

Білімі:
- **2009–2012 жж.** – Манчестер университеті (The University of Manchester), математика және қаржы бакалавры;
- **2011 ж.** – Нью-Йорктегі Оксбридж академиясы (Oxbridge Learning Academy);
- **2012–2013 жж.** – Лондондағы Империялық колледж (Imperial College London), қаржы магистрі;
- **2017 ж.** – CFA 2-деңгейі, CFA 3-деңгейіне үміткер.

Соңғы 10 жылдағы жұмыс орны және ұйымдарда атқарған лауазымдары:
- **2022 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін** – «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік қаржы және қазынашылық департаментінің директоры;
- **2020 ж. сәуірі – 2022 ж. қаңтары** – «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің директоры;
- **2018 ж. шілдесі – 2020 ж. сәуірі** – «Самұрық-Қазына» АҚ Қазынашылық департаментінің директоры;
- **2017 ж. мамыры – 2018 ж. шілдесі** – Еуропалық қайта құру және даму банкінің Инфрақұрылым және көлік жобалары саласындағы банктік сарапшысы;
- **2015 ж. наурызы – 2017 ж. мамыры** – Ernst & Young Мәмілелерді бағалау, үлгілеу және құрылымдау саласындағы кеңесшісі;
- **2014 ж. мамыры – 2015 ж. наурызы** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ҰҚ Монетарлық операциялар және активтерді басқару департаментінің қаржы талдаушысы;
- **2012 ж. қыркүйегі – 2014 ж. мамыры** – NIA Drilling Ltd Қаржы талдаушысы.

АМАНЖОЛОВ АҚТАН АМАНГЕЛДІҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор

Туған күні: 1975 жылдың 30 тамызы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 2021 жылдың 26 тамызы

Білімі:
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, КӘБ (кәсіпорындағы экономика және басқару);
- MBA, Іскерлік әкімшілендіру магистрі;
- Сертификатталған жоба директоры, IPMA Level A.

Соңғы 10 жылдағы жұмыс орны және ұйымдарда атқарған лауазымдары:
- **1995–2019 жж.** – BI-Group, соның ішінде:
- **2007–2019 жж.** – ӨАҚ өнеркәсіп дивизионының Бас директоры;
- **2006–2019 жж.** – «АБК Құрылыс 1» ЖШС Бас директоры.

Марапаттары:
«Құрмет» ордені, Қазақстанның Құрметті құрылысшысы.

«Smart Stom цифрлық стоматология орталығы» ЖШС 100% және «Вавилон НВ» ЖШС (құрылыс материалдарын өндіру) 50% қатысу үлесі бар.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ акциялары-ның болуы: жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Жарғысының 29-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері; Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 1-бабының 20-тармағына, Жарғыға және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес «тәуелсіз директор» Директорлар кеңесінің мүшесі болып айқындалады, ол:

- Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды;
- өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда);
- Қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы жөнінен үлестес тұлға болып табылмайды; Қоғамның немесе Қоғам үлестес тұлғалары ұйымдарының лауазымды адамдарына бағынышты емес;
- Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған;
- Қоғамның аудиторы болып табылмайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
- қоғам органдарының отырысында Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай өкіл болмаған.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесін басқа ұйымдардағы және Директорлар кеңесі мүшелерінің лауазымдарында қосымша жұмыс істеуі туралы алдын ала хабардар етеді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды және атқарушы лауазымдарды атқара алмайды.

Жалғыз акционер Басқармасының 2021 жылғы 26 тамыздағы № 36/21 шешімімен Қоғамның тәуелсіз директоры болып Аманжолов А.А. сайланды. Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор мен Қоғам арасындағы өзара қатынастар Қоғам атынан Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасымен 2021 жылғы 26 тамызда жасалған шартпен реттеледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 27 ақпандағы шешімімен бекітілген (№ 130 хаттама), 2019 жылғы 08 қарашадағы өзгерістер мен толықтырулармен (№ 149 хаттама), Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Саясатқа сәйкес Директорлар кеңесі бағалауды кеңесшіні тарта отырып, сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы немесе аралас тәсілді пайдалана отырып жүргізе алады: үдерісті кеңесшінің үйлестіруімен дербес жүргізе алады. Жалғыз акционер де өз қызметін бағалауды дербес немесе Кеңесшінің қатысуымен жүргізе алады.

Тәуелсіз бағалау кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі. Бұл ретте, егер есепті кезеңде Қоғамда тәуелсіз кеңесшілерді тарта отырып, корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілсе, үдерістердің қайталануын болдырмау мақсатында сол есепті кезең үшін бөлек бағалау жүргізудің қажеті жоқ.

2021 жылы Жалғыз акционер ұқсас халықаралық ұйымдарға қарай корпоративтік басқару тәжірибесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар беру мақсатында «PricewaterhouseCoopers» ЖШС тәуелсіз кеңесшілерінің күшімен Қоғамдағы корпоративтік басқарудың сыртқы диагностикасын жүргізді. Сыртқы кеңесшінің бағалауды аяқтауы нәтижесінде одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

2022 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу жоспарланған болатын. Алайда, 2022 жылғы 23 қарашада ««Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшысының қызметіне бағалау жүргізу туралы» мәселені қарау кезінде «Самұрық-Қазына» АҚ ESG департаментінің ұсынымы бойынша Директорлар кеңесі «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директордың болмауына байланысты 2021–2022 жылдар кезеңіндегі «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшысының қызметін өзін-өзі бағалауды орынсыз деп тану туралы шешім қабылдады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Қоғамда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Қоғамның Директорлар кеңесінің сыртқы сарапшыларды тарту саясаты бар, ол Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін олардың біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту бөлігінде айқындайды.

Іс-шаралар жоспарының 9-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің «Самұрық-Қазына» АҚ реформалау мәселелеріне қатысты тапсырмасын орындау үшін Қоғамға жалпы және әкімшілік шығындарды тиісінше қысқартуды қамтамасыз ету тапсырылды. Шығындарды оңтайландыру мақсатында, сондай-ақ осы тапсырманы орындау үшін Қоғамның 2022–2026 жылдарға арналған бизнес-жоспарын түзету шеңберінде Директорлар кеңесінің біліктілігін арттыруға арналған шығындары қысқартылды. Осыған байланысты 2022 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және біліктілігін арттыру жүргізілген жоқ.

Директорлар кеңесінің қызметі бекітілген жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

2022 жылы Қоғамда Директорлар кеңесінің 15 бет-пе-бет отырысы өткізілді (№ 168–182 отырыстар). Қоғам қызметінің негізгі аспектілері бойынша барлығы 109 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесінің ережесіне сәйкес Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда олар техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады (яғни бейне конференция сеансы, телефондық конференция байланысы режимінде және т.б.).

2022 жылы Директорлар кеңесінің бейне конференция арқылы өткізілген екі отырысын қоспағанда, Директорлар кеңесінің барлық отырыстары бет-пе-бет тәртіппен өтті.

2022 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесі мүшелерінің және «Самұрық-Қазына» АҚ Инвестициялар жөніндегі департаментінің инвестициялық қызметті сүйемелдеу секторының өкілдерінің қатысуымен көшпелі сессия өтті.

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру бойынша да іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, күн тәртібінің құрылымы әрбір отырыстың мәселелерінің басымдығы мен міндеттілігі бөлігінде өзгертіліп, Директорлар кеңесінің материалдарына қойылатын талаптар жаңартылды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2022 жылы директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы:

Директорлар кеңесінің мүшесі	Тәуелсіз	ДК отырыстарына қатысуы
Бердіғұлов Е.Қ.	жоқ	3-нен 3*
Сандықбаев Б.А.	жоқ	3-нен 1*
Аманжолов А.А.	иә	8-нен 8**
Тәжіғалиев М.Ө.	жоқ	12-нен 12***
Қорабаев Е.К.	жоқ	12-нен 12***

*«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/22 шешіміне сәйкес өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.
**«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 тамыздағы № 36/21 шешіміне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.
***«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/22 шешіміне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН 2021 ЖЫЛЫ ҚАРАЛҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы отырыстарында оның құзыретіне кіретін қызметтің стратегиялық және ағымдағы мәселелері қаралды.

Директорлар кеңесінің шешімімен келесі санаттар бойынша мәселелер қаралды және бекітілді:

ЕСЕПТЕР

- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ коммерциялық (тұрғын үй емес) жылжымайтын мүлікті басқару жөніндегі 2021 жылға арналған есебін қарау туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2021–2025 жылдарға арналған Бизнес-жоспарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы есептерді және қаржылық есептіліктің толық талдауының жартыжылдық есептерін қарау туралы;
- 2021 жылдың қорытындысы бойынша «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі Жол картасын орындау туралы ақпаратты қарау туралы;
- Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептер.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

- Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 156 шешіміне «СК Девелопмент» ЖШС-ны «Samruk-Kazyna Construction» АҚ компаниялар тобының құрамынан шығару жол картасына өзгерістер енгізу туралы (екінші кезең – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «СК Девелопмент» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 49% сату);
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2021 жылға арналған жылдық есебін, оның ішінде GRI нұсқаулығына сәйкес әзірленген тұрақты даму саласындағы есепті бекіту; Қоғамның 2021 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есепті бекіту;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ атқарушы органының сандық құрамын айқындау;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ атқарушы органының сандық құрамын және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ ұйымдық құрылымын бекіту туралы;
- Қоғамның Директорлар кеңесі мен Корпоративтік хатшысының 2021 жылғы қызметі туралы есебін қарау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмаларына тұрақты мониторинг жүргізу;
- Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның 2021 жылға арналған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және Қоғамның 2021 жылға арналған таза кірісін бөлу тәртібін бекіту туралы ұсынысты мақұлдау туралы шешім;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы есептер.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- «Сыртқы электрмен жабдықтау. 220 кВ ӘЖ мен 220 кВ ҚС, БГТЭС-тен «Іске асыру» кезеңіне «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нің ЦРП-3,4-тің 220 кВ АТҚ дейін электрмен жабдықтаудың екінші тәуелсіз көзін салу» маңызды инвестициялық жобасының көшуін бекіту туралы;
- «Астана қаласында газобетон блоктарын шығаратын зауыт салу» маңызды инвестициялық жобаның тұжырымдамасын мақұлдау туралы;
- «Қарағанды қаласында CLT жасау технологиясы негізінде ағаштан құрылыс материалдарын өндіру зауытын салу» инвестициялық жобасының тұжырымдамасын бекіту, «Сәйкестендіру және бағалау» кезеңінен «Таңдау және анықтау» кезеңіне көшу туралы;
- «Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымдық объектілерін салу» (Қарабатан учаскелері) маңызды инвестициялық жобасын іске асыру тұжырымдамасын мақұлдау туралы. БГТЭС 165 МВт қосымша энергия блогы», «Сәйкестендіру және бағалау» кезеңінен «Таңдау» кезеңіне көшу.

ІШКІ ҚҰЖАТТАРДЫ БЕКІТУ

- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2022–2026 жылдарға арналған бизнес-жоспарына түзетулерді бекіту туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2023–2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарын бекіту туралы.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР

- Қоғамның 2021 жылға арналған Кадрлық саясатын іске асыру және 2021 жылға арналған Кадрлық саясаттың ҚНК орындау барысы туралы ақпаратты қарау;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің 2022–2024 жылдарға арналған сабақтастық жоспарын бекіту;
- 2021 жылдың 2 жартыжылдығына арналған нақты мәндері бар Қоғамның басшы қызметкерлерінің қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталарын бекіту;
- 2021 жылға арналған нақты мәндері бар «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басшы қызметкерлерінің қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталарын қарау туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің 2022 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы.

ТӘУЕКЕЛДЕР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ «Samruk-Kazyna Construction» АҚ алдындағы міндеттемелерінің лимитін бекіту туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі тоқсан сайынғы есептерін бекіту туралы;
- «First Heartland Jusan Bank» АҚ «Samruk-Kazyna Construction» АҚ алдындағы міндеттемелеріне лимит белгілеу туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2023 жылға арналған тізілімін және тәуекел картасын бекіту туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2023 жылға арналған жалпы тәуекел-тәбетін, төзімділік деңгейлерін және негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту туралы.

ДК БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған жылдық есебін қарау туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2022–2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2022 жылға арналған жылдық аудит жоспарына өзгерістерді бекіту туралы (жыл ішінде бірнеше рет);
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Ішкі аудит қызметінің тоқсан сайынғы есептерін қарау туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, Корпоративтік хатшысының, Комплаенс бақылаушысының қызметін бағалау туралы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің қызметін қолдау мақсатында Қоғамда келесі комитеттер құрылды, олардың міндеттеріне өздерінің функциялық міндеттері шеңберінде мәселелерді қарау және белгілі бір мәселе бойынша ұсынымдар әзірлеу кіреді:

- Аудит комитеті;
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық және инвестициялық мәселелер жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер туралы ережелерге сәйкес Комитеттердің әрқайсысы жасалған жұмысы туралы есепті Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде береді. 2022 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің санының өзгеруіне байланысты Комитеттердің отырыстары өткізілмеді.

БАСҚАРМА

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма Төрағасы басқаратын Басқарма нысанындағы алқалы орган жүзеге асырады. Басқарманың қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ Қоғамның міндеттерін орындауға және оның стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған. Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Басқармасы туралы ережеде айқындалады. Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары: адалдық, риясыздық, парасаттылық, сақтық, жүйелілік. Басқарма бетпе-бет дауыс беру түрінде жүйелі отырыстарын өткізеді. Басқарма жанында 3 Комитет жұмыс істейді: Қызметі жоспарлау және бағалау комитеті, Тәуекелдерді басқару комитеті, Тұрақты даму комитеті.

Бұл ретте «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 қаңтардағы шешімімен (№ 06/22 хаттама) «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Сандықбаев Болатққан Айтқожаұлының өкілеттіктері, сондай-ақ онымен еңбек қатынастары мерзімінен бұрын тоқтатылды, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 ақпандағы шешімімен (№ 13/22 хаттама) 2022 жылғы 2 наурыздан бастап «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы болып Айманбетов Мәулен Зарлықұлы келісіліп, тағайындалды.

Сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы шешімімен Мұсанов Дархан Қалқабайұлының Сатып алу және объектілерді басқару жөніндегі басқарушы директор – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіктері және онымен еңбек қатынастары мерзімінен бұрын тоқтатылды, 2022 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен Ілияс Марат Жағыпарұлының Операциялық қызмет жөніндегі басқарушы директор – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіктері және онымен еңбек қатынастары мерзімінен бұрын тоқтатылды, 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен Уали Махаббат Жұмабекұлының Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіктері және онымен еңбек қатынастары мерзімінен бұрын тоқтатылды.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ
(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

АЙМАНБЕТОВ МӘУЛЕН ЗАРЛЫҚҰЛЫ

Басқарма Төрағасы

Туған күні: 1966 жылдың 28 қаңтары

Тұған жері: ҚазКСР, Алматы қ.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма Төрағасы болып сайланған күні: 2022 жылдың 2 наурызы

Білімі:

- **1983–1990 жж.** – Өскемен жол құрылысы институты, Алматы жалпы техникалық факультеті, автомобиль жолдары құрылысшы инженері;
- **2000–2002 жж.** – Қазақ ұлттық аграрлық университеті, ғалым агроном;
- **2000–2002 жж.** – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, экономист;

Соңғы 10 жылдағы жұмыс орны және ұйымдарда атқарған лауазымдары:

- **2022 жылдың 2 наурызынан бастап қазіргі уақытқа дейін** – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы;
- **2020 ж. қыркүйегі – 2022 ж. наурызы** – Шымкент қаласы әкімінің орынбасары, құрылыс, энергетика және инфрақұрылымдық даму, сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары, жайлы қалалық ортаны дамыту басқармаларына және төтенше жағдайлар департаментіне жетекшілік ету;
- **2014 ж. маусымы – 2020 ж. қыркүйегі** – Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының күрделі құрылыс бөлімінің. ҚР Президенті Іс Басқармасының объектілерін жобалау және салу және теңгерімге беру;
- **2014 ж. ақпаны – 2014 ж. мамыры** – Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының күрделі құрылыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары. ҚР ПІБ объектілерінің құрылысы;
- **2013 ж. наурызы – 2013 ж. тамызы** – Автомобиль жолдары комитетінің Ақмола облысы бойынша автомобиль жолдары департаменті директорының орынбасары;
- **2008 ж. мамыры – 2013 ж. наурызы** – Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің орынбасары. Көшелерді және орамішілік аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру және санитарлық күтіп ұстау салаларына жетекшілік ету.

Марапаттары:

- «Құрмет» орденімен (2017 ж.) және «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 ж.), «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» (2021 ж.) мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Қосымша жұмыс істеу:

2022 жылдың 22 тамызынан бастап қазіргі уақытқа дейін – Объектілер құрылысы компаниясы» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы.

Компанияның, Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

МАЛҒАЗДАРОВ ҒАБИТ ТІЛЕУКЕНҰЛЫ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Құрылыс және пайдалану жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі

Туған күні: 1975 жылдың 26 мамыры

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күні: 2022 жылдың 1 желтоқсаны

Білімі:

- **1992–1997 жж.** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, көтеру-тасымалдаушы, құрылыс, жол машиналары мен жабдықтары, инженер-механик;
- **2003–2005 жж.** – Қазақ гуманитарлық заң университеті, халықаралық құқық, халықаралық құқық – бакалавр.

Соңғы 10 жылдағы жұмыс орны және ұйымдарда атқарған лауазымдары:

- **2022 жылдың қарашасынан қазіргі уақытқа дейін** – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасының құрылыс және пайдалану жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі;
- **2022 ж. қазаны – 2022 ж. қарашасы** – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасының құрылыс және пайдалану жөніндегі орынбасары;
- **2022 ж. шілдесі – 2022 ж. қазаны** – «Integra construction KZ» ЖШС жоба жетекшісі;
- **2018 ж. қаңтары – 2022 ж. сәуірі** – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды басқару бөлімінің меңгерушісі;
- **2015 ж. мамыры – 2018 ж. қаңтары** – Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының күрделі құрылыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары;
- **2015 ж. наурызы – 2015 ж. мамыры** – Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының күрделі құрылыс бөлімі меңгерушісі орынбасарының м.а.;
- **2013 ж. тамызы – 2015 ж. ақпаны** – «Керемет Инвест» ЖШС инженері;
- **2010 ж. желтоқсаны – 2013 ж. шілдесі** – Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының күрделі құрылыс бөлімінің меңгерушісі.

Компанияның, Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

СЕЙТБЕКОВ ДАУЛЕТБЕК ТҰЯҚҰЛЫ

Активтерді пайдалану және сату департаментінің директоры – Басқарма мүшесі

Туған күні: 1965 жылдың 18 маусымы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күні: 2022 жылдың 23 желтоқсаны

Білімі:

- **1986–1989 жж**. – КСРО ІІМ Воронеж арнайы орта мектебі, электр байланыс технигі;
- **2003–2006 жж**. – Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, көп арналы телекоммуникациялық жүйелер инженері;
- **2013–2015 жж.** – Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, мұнай-газ ісі.

Соңғы 10 жылдағы жұмыс орны және ұйымдарда атқарған лауазымдары:

- **2022 жылдың желтоқсанынан қазіргі уақытқа дейін** – әрекет етуші. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасарының м.а.;
- **2022 жылдың маусымынан қазіргі уақытқа дейін** – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Активтерді пайдалану және сату департаментінің директоры –Басқарма мүшесі;
- **2022 ж. қаңтары – 2022 ж. маусымы** – Қазақстан алкоголь және темекі өнімдерін адал өндірушілері, импорттаушылары мен сатушылары қауымдастығы президентінің кеңесшісі;
- **2017 ж. қазаны – 2022 ж. желтоқсаны –** «Қазпошта» АҚ «Техникалық қызмет» филиалы директорының орынбасары;
- **2017 ж. наурызы – 2017 ж. мамыры** – Облыстық ақпараттық технологиялар орталығының Үйлестіру департаментінің бас маманы;
- **2012 ж. мамыры – 2017 ж. наурызы** – «Kazsatnet» ҮК» АҚ әкімшілік департаментінің материалдық-техникалық жабдықтау және күрделі құрылыс бөлімінің бастығы;
- **2008 ж. маусымы – 2012 ж. мамыры** – ҚР ТЖМ «КӘАҚҚ ОШ» РМКК басқарма бастығы, аппарат басшысы.

Компанияның, Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

2022 ЖЫЛҒЫ БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылы Басқарманың 47 отырысы бетпе-бет тәртіппен өткізіліп, онда 240 мәселе бойынша шешім қабылданды.

Басқарма мүшелерінің 2022 жылы басқарма отырыстарына қатысуы:

Басқарма мүшесі	Басқарма отырыстарына қатысуы
Айманбетов М.З.	47-нен 37
Сандықбаев Б.А.	47-нен 3
Мұсанов Д.К.	47-нен 3
Ілияс М.Ж.	47-нен 14
Уали М.Ж.	47-нен 45
Әбдірайымов Ә.Қ.	47-нен 13
Малғаздаров Ғ.Т.	47-нен 4
Сейтбеков Д.Т.	47-нен 1

Басқарма 2022 жылы қабылдаған негізгі шешімдер:

ЕСЕПТЕР

- Қоғамның 2021–2025 жылдарға арналған Бизнес-жоспарының орындалуы туралы есептер, оның ішінде 2021 жылға арналған жылдық бюджеттің атқарылуы туралы есеп және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ қаржылық есептілігіне егжей-тегжейлі талдау;
- инвестициялық жобаларды іске асыру туралы есептер;
- негізгі тәуекел көрсеткіштеріне ай сайынғы негізде мониторинг жүргізу.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2023 жылға арналған жылдық бюджетін бекіту;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2023–2025 жылдарға арналған ESG енгізу жоспарын алдын ала мақұлдау мәселесі туралы.

ДК БЕКІТУІНЕ ШЫҒАРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ АЛДЫН АЛА МАҚҰЛДАУ

- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2023–2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарын мақұлдау;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2021 жылға арналған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) мақұлдау.

ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ БЕКІТУ

- Қоғамның қазынашылық портфелінің негізгі параметрлерін мақұлдау;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ереже;
- Дауды (қақтығысты) реттеу туралы келісім;
- Еңбек тәртібінің қағидалары;
- Инвестициялық жобаларды іріктеу және қарау тәртібі;
- Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде төлемдердің жасалу тәртібі;
- «Құрылыс материалдарының өндірісі» саласындағы инвестициялық жобаларды іріктеу және қарау тәртібі;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын ерекше тәртіппен іске асыру шеңберінде жалпы білім беретін мектептерді салу және жобалау бойынша кешенді жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША

- тұрғын үй кешендеріндегі коммерциялық үй-жайлар мен пәтерлерді жалға беру бағасы мен құнын бекіту;
- Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қызметін реттейтін ішкі құжаттарды мақұлдау және бекіту, оның ішінде: штат саны мен ұйымдық құрылымын;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқармасының құрамын өзгерту;
- жарғылық капиталдағы үлестері, акциялары «Samruk-Kazyna Construction» АҚ сенімгерлік басқаруына берілген ұйымдардың қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорларды қоспағанда, өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы беру тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру қағидаларына сәйкес айқындалады. 2022 жылы тәуелсіз директорларға төленген сыйақы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін 5 317 808 теңгені құрады

Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің (Басқарма мүшелерінің) қызметін бағалау Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігін және Басқарма мүшесінің қызметтік функциялық бағыттары бойынша нәтижелерге жету деңгейін сипаттайтын қызметтің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы негізінде және Қоғамның Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау негізінде жүзеге асырылады. Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің карталарын әзірлеу, бекіту және бақылау үдерісі, сондай-ақ сыйақы мөлшерін есептеу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларында айқындалады.

Басқарма мүшелеріне 2022 жылдың қорытындысы бойынша сыйақы беру мөлшері «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2022 жылға арналған жылдық есебіне 3-қосымшада, аудиттелген жылдық қаржылық есептілігінің 29-ескертпесінде ашылған.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару және Қоғамның қаржылық тұрақтылығын сақтау үдерісінде маңызды рөл атқарады. Қоғамның тәуекелдерді басқару тәсілі сыртқы және ішкі мәнмәтінді ескере отырып әзірленген және тәуекелдерді басқарудың халықаралық стандарттарында белгіленген қағидаттарға сәйкес келеді.

Қоғамда белгіленген стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу сенімділігін қамтамасыз етуге және Қоғам қызметіне тәуекелдердің әсерін шектеуге бағытталған тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) ұйымдастырылған және жұмыс істейді. ТБЖ барлық маңызды тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және бақылауға, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шараларды қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады.

Қоғамның тәуекелдерін басқару келесі басқару элементтерін қамтиды:

- Директорлар кеңесінің тәуекелдерді бақылауы және тәуекел мәдениетін құру;
- қызметті тұрақты талдау және тәуекел-тәбетті айқындау;
- тәуекелдерді сәйкестендіру және тәуекелге әрекет ету шараларын жүзеге асыру;
- қызметтегі өзгерістерді бағалау, тәуекелдерді және іс-шаралардың орындалуын бақылау;
- тәуекел, мәдениет және тиімділік туралы есептілік.

Қоғамда тәуекелдерді басқару үдерісін ұйымдастыру басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Тігінен «жоғарыдан төменге» берілетін ақпарат тәуекел иелеріне стратегиялық мақсаттарды, тәуекел-тәбет деңгейін және тәуекелдерді басқару тәсілдерін жеткізуге көмектеседі. «Төменнен жоғарыға» ақпарат ағыны Қоғам басшылығына Қоғамның анықталған тәуекелдерінің жағдайы, оларды іске асырылу ықтималдығы мен әсерін бағалаудағы өзгерістер, сондай-ақ тәуекелдерді басқару іс-шараларының орындалу жағдайы туралы уақтылы және сенімді ақпаратты ұсынады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

ТБЖ тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруда және қадағалауда Қоғамның Директорлар кеңесі маңызды рөл атқарады. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саясаттары мен рәсімдерін әзірлеуге және қолдануға жауапкершілікті Қоғамның Басқармасы көтереді. Тәуекелдерді басқару үдерісін құруда және оның тиімділігін бақылауда басты рөлді Басқармаға есеп беретін Тәуекелдерді басқару комитеті атқарады.

Тәуекелдерді басқару үдерісін үйлестіруді және тұрақты әдістемелік қолдауды тәуекелдерді басқару қызметі жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару қызметі Қоғамның тәуекелдерін сәйкестендіру, талдау және бағалау мәселелері бойынша тұрақты кеңесшілік және әдістемелік қолдау көрсетеді.

Әрбір тәуекел бойынша Қоғам Басқармасының мүшелері және белгілі бір тәуекелді басқару аспектілеріне, атап айтқанда, тәуекелдің іске асырылу ықтималдығын және/немесе тәуекелдің іске асырылуы салдарының Қоғамға ықтимал әсерін төмендетуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары деңгейінде тәуекел иелері тағайындалған.

Қоғамның әрбір құрылымдық бөлімшесінде тәуекелдерді үйлестіруші – құрылымдық бөлімшенің тәуекелдерін басқару қызметін ұйымдастыруға және үйлестіруге, тәуекелдерді басқару қызметімен өзара әрекеттесуге жауапты маман тағайындалған.

ТӘУЕКЕЛДЕР ТІЗІЛІМІ МЕН КАРТАСЫ

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылғы 4 қарашадағы № 145 хаттама) «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты негізінде жүзеге асырылады.

Тәуекелдер туындау ықтималдығы мен тәуекел пайда болған кездегі әсерді ескеретін сапалық және сандық құралдарды қолдану арқылы бағаланады. Қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару шаралары әзірленеді. Тәуекелдерді басқару шаралары бойынша ұсыныстарды тәуекел иелері ұсынады, олар тәуекелдерді басқару іс-шараларының жоспарына енгізіледі.

Кезеңнің соңында тәуекелдер тізілімі мен картасы Қоғам үшін маңызды болып табылатын келесі елеулі тәуекелдерді көрсетеді:

- «Құрылыс объектілерін уақтылы пайдалануға бермеу»;
- «Құрылыс салушының құрылысқа инвестиция салу шарты бойынша міндеттемелерді өтеу мерзімдерін бұзу тәуекелі»;
- «Валюталық тәуекел»;
- «Жалға алу төлемдерін уақтылы алмау/алмау».

Тәуекел оқиғаларының іске асырылу ықтималдығын төмендету мақсатында құрылымдық бөлімшелер 2022 жылы келесі іс-шараларды өткізді:

- құрылыс объектілеріне бару, жұмыс кестелерінің орындалуына мониторинг жүргізу (апта сайын/ай сайын), инвестицияның қайтарылуына мониторинг жүргізу;
- кейіннен сатып алумен жалға алу шарттары бойынша төлемдерді қолмен бақылау тәуекелдерін азайту үшін жалға алу төлемдерін есепке алу жүйесін енгізу;
- Қоғамның меншігіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінде анықталған ақауларды жоюды бақылау және оларға мониторинг жүргізу;
- рубльді ең қолайлы бағам бойынша сатып алу үшін айырбас бағамдарына мониторинг жүргізу.

ІШКІ АУДИТ

Қоғамда ішкі аудит функциялары ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару функцияларынан бөлінген жалпыға бірдей танылған ішкі аудит үлгісі жұмыс істейді. Ішкі аудит объективтілік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ететін арнайы функциялық-әкімшілік бағыну және есеп беру режимінде болып тұрады. Ішкі аудит қызметі аудиторлық тексерулер мен кеңес беру кезінде ішкі бақылау жүйесін бағалаудың және тиімділігін арттырудың, тәуекелдерді басқарудың жүйелі және дәйекті тәсілін қолдану арқылы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге жәрдемдесу үшін құрылған және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

Ішкі аудит қызметі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін бағалайды;
- Қоғамда тәуекелдерді бағалау әдістемесін және тәуекелдерді басқару рәсімдерін қолданудың толықтығын және тиімділігін бағалайды;
- қабылданған корпоративтік басқару қағидаттарын, Қоғамның тиісті әдеп стандарттары мен құндылықтарын енгізу мен сақтауды бағалайды және т.б.

Директорлар кеңесі жыл сайын Ішкі аудит қызметінің тәуекелге бағдарланған Жылдық аудиторлық жоспарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі мен оның басшысы қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекітеді. Ішкі аудит қызметінің есебі Қоғамның Директорлар кеңесіне тоқсан сайын және жыл сайын ұсынылады. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде Халықаралық ішкі аудиторлар институты қабылдаған қолданыстағы Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын және Ішкі аудиторлардың әдеп кодексін ескереді және Қоғамда бекітілген ішкі аудит жөніндегі жергілікті нормативтік актілерді басшылыққа алады. 2022 жылы Ішкі аудит қызметі 12 жоспарлы тапсырманы және 1 жоспардан тыс аудит тапсырмасын орындады. Жүргізілген бағалау және тексеру нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі өз құзыретіне кіретін кез келген мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар мен пікірлер әзірлейді.

Біліктілікті арттырудың жылдық жоспарына сәйкес Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері біліктілігін арттыру және жетілдіру мақсатында семинарлар мен тренингтерден өтті. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының Ішкі аудиторлар институты мүшелерінің кездесулеріне тұрақты түрде қатысып тұрады.

СЫРТҚЫ АУДИТ

Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің шынайылығын растау үшін ашық конкурс негізінде аудиторлық ұйымды тартады.

2022 жылға арналған қаржылық есептіліктің аудитін «үлкен төрттіктің» өкілі «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізді. «Эрнст энд Янг» ЖШС-не 2022 жылға қаржылық есептіліктің аудиті бойынша қызметтері үшін сыйақы мөлшері ҚҚС-ты есепке алғанда 32 032 000 теңгені құрады. Сыртқы аудитор Қоғамға аудиторлық емес қызметтер көрсеткен жоқ.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ.
010000, Астана қ., «Есіл» ауданы, Сығанақ к-сі, 17/10 үй,
тел.: +7 7172 570210 (қабылдау бөлмесі),
тел.: +7 7172 570199 (Стратегия және сыртқы байланыстар департаменті),
E-mail: info@fnsk.kz.

ҚОСЫМШАЛАР.

№ 1 қосымша

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2022 жылға арналған жылдық есебіне

МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қоғам 2021 жылы келесі мәмілелер жасады.

Мүдделілігі бар мәмілелер:

- «Біріккен химиялық компания» ЖШС-мен жасалған Кеңсе үй-жайларын жалға беру қызметтерін көрсету туралы 18.01.2022 ж. № 662596/2022/1 шарт;
- «KT CLOUD LAB» ЖШС-мен жасалған Кеңсе техникасын жалға беру қызметтерін сатып алу туралы 24.01.2022 ж. № 652097/2022/1 шарт;
- «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-мен жасалған Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесін пайдалану бойынша қызметтерді сатып алу туралы 28.01.2022 ж. № 671641/2022/1 шарт;
- «SK Water Solutions» ЖШС-мен жасалған Кеңселік үй-жайларды жалға беру қызметтерін көрсету туралы 31.01.2022 ж. № 671281/2022/1 шарт;
- «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-мен жасалған Қызметкерлерді тасымалдау қызметтерін сатып алу туралы 01.02.2022 ж. № 666966/2022/1 шарт;
- «QazCloud» ЖШС-мен жасалған Кеңселік үй-жайларды жалға беру қызметтерін көрсету туралы 08.02.2022 ж. № 7 шарт;
- «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-мен жасалған Кеңселік үй-жайларды жалға беру қызметтерін көрсету туралы 21.02.2022 ж. № 11 жалдау шарты;
- 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 22 «Түркістан БГҚ» ЖШС-мен жасалған Кеңселік үй-жайларды жалға беру қызметтерін көрсету туралы 29.04.2022 ж. № 22 шарт;
- «KT Cloud Lab» ЖШС-мен жасалған Анықтамалық қызметтердің қызметтерін сатып алу туралы 08.06.2022 ж. № 718309/2022/1 шарт;
- «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-мен жасалған Бизнес үдерісі аутсорсинг қызметтерін сатып алу туралы 01.08.2022 ж. № 747963/2022/1 шарт.

Есепті кезеңде ірі мәмілелер жасалған жоқ.

№ 2 қосымша

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2022 жылға арналған жылдық есебіне

GRI МАЗМҰНЫНЫҢ ИНДЕКСІ

Пайдалану туралы мәлімдеме	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ GRI стандарттарына сілтеме жасай отырып, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі осы GRI мазмұнының индексінде көрсетілген ақпаратты хабарлады
GRI 1	GRI 1: 2021 негіздері

GRI стандарттары	Ашып көрсету	Бөлімнің атауы
GRI 2: Жалпы ақпаратты ашу 2021	2-1 Ұйым туралы мәліметтер	Компания туралы Даму стратегиясын жүзеге асыру Байланыс ақпарат Қызмет географиясы
	2-2 Ұйымның тұрақты даму туралы есептілігіне енгізілген кәсіпорындар	Есеп туралы
	2-3 Есепті кезең, мерзімділік және байланыстар	Есеп туралы Байланыс ақпарат
	2-4 Ақпаратты қайта тұжырымдау	Есеп туралы
	2-5 Сырттан растау	Есеп туралы
	2-6 Қызмет түрлері, құнды құру тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	Компания туралы
	2-7 Персонал	Кадрлар әлеуетін дамыту
	2-8 Жалданушы жұмыскер емес жұмыскерлер	
	2-9 Басқарудың құрылымы мен құрамы	Корпоративтік басқару
	2-10 Жоғарғы басқару органын тағайындау және іріктеу	Корпоративтік басқару
	2-11 Жоғарғы басқару органының төрағасы	Корпоративтік басқару
	2-12 Әсер етуді басқаруды қадағалаудағы жоғарғы басқару органының рөлі	Корпоративтік басқару
	2-13 Әсер етуді басқару үшін жауапкершілікті табыстау	Корпоративтік басқару
	2-14 Тұрақты даму туралы есептіліктегі жоғарғы басқару органының рөлі	Тұрақты даму
	2-15 Мүдделер қақтығыстары	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
	2-16 Маңызды мәселелер туралы хабарлау	
	2-17 Жоғарғы басқару органының ұжымдық білімі	Корпоративтік басқару
	2-18 Жоғарғы басқару органының қызметін бағалау	Корпоративтік басқару
	2-19 Сыйақы беру саясаты	Корпоративтік басқару
	2-20 Сыйақыны белгілеу үдерісі	Корпоративтік басқару
	2-21 Жылдық жиынтық өтемақы коэффициенті	Корпоративтік басқару
	2-22 Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Тұрақты даму
	22-25 Теріс әсерлерді жою үдерістері	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
	2-26 Кеңес сұрау және алаңдаушылық білдіру механизмдері	Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қатынастары
	2-27 Заңдар мен нормативтік актілерді сақтау	2022 жылы Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін 303 150 теңге сомасында айыппұл төледі (өрт қауіпсіздігін сақтамау және жалға алушылардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімнің жоқ болғаны үшін).
	2-28 Мүшелік қауымдастықтар	«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мүшелік
	2-29 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі	Маңызды тақырыптарды анықтау
	2-30 Ұжымдық шарттар	Қоғамда ұжымдық шарттарды әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-1 Маңызды тақырыптарды анықтау үдерісі	Тұрақты даму
	3-2 Маңызды тақырыптар тізімі	
	3-3 Материалдардың тақырыптамасын басқару	
GRI 201: Экономикалық көрсеткіштер 2016	201-1 Жасалған және бөлінетін тікелей экономикалық құндылық	3-қосымша Қаржылық есептілік
	201-2 Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық салдарлар және басқа тәуекелдер мен мүмкіндіктер	
	201-3 Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша міндеттемелер және басқа зейнетақы жоспарлары	
	201-4 Үкіметтен алынған қаржылық көмек	
GRI 203: Жанама экономикалық әсерлер 2016	203-1 Инфрақұрылымға және қызметтерге инвестицияларды қолдау	Әлеуметтік жауапкершілік
	203-2 Елеулі жанама экономикалық салдарлар	
GRI 204: Сатып алу тәжірибесі 2016	204-1 Жергілікті жет- Әлеуметтік жауапкер- кізушілерге шығын- шілік дар үлесі	Әлеуметтік жауапкершілік
GRI 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарыс іс-қимыл 2016	205-1 Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдер бойынша бағаланатын операциялар	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
	205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер бойынша қатынас және оқыту	
	205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	
GRI 308: Жеткізушіні экологиялық бағалау 2016	308-1 Экологиялық критерийлерді пайдалана таңдалған жаңа жеткізушілер	ESG енгізу жоспарына сәйкес сатып алу үдерісінде ESG критерийлерін қолдану бойынша ұсыныстарды әзірлеу 2023 жылға жоспарланған.
	308-2 Жеткізу тізбегіндегі қоршаған ортаға теріс әсер ету және қабылданған шаралар	
GRI 401: Жұмыспен қамтылу 2016	401-1 Жаңа жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау және кадрлардың тұрақтамауы	Кадрлар әлеуетін дамыту
	401-2 Уақытша жұмыс істейтін жұмыскерлерге немесе толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейтін жұмыскерлерге берілмейтін, толық жұмыс күнімен жұмыс істейтін жұмыскерлерге берілетін жеңілдіктер	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік

	401-3 Баланы күтуге берілетін демалыс	Кадрлар әлеуетін дамыту
GRI 402: Еңбек/ басқарушы қатынастар 2016	402-1 Жедел өзгерістер туралы ескертудің ең аз ескерту мерзімдері	Еңбек жағдайларының өзгеруі туралы ескертудің ең аз мерзімдері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қарастырылған.
GRI 403: Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі 2018	403-1 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік
	403-2 Қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және оқиғаларды тергеп-тексеру	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік
	403-3 Өндірістік қауіпсіздік қызметтері	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік
	403-4 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша жұмысшылардың қатысуы, кеңес алуы және байланысы	
	403-5 Жұмыскерлерді еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту	
	403-6 Қызметкерлердің денсаулығын нығайту	
	403-7 Үйымның іскерлік қатынастарымен тікелей байланысты теріс өндірістік әсерлердің алдын алу және оларды азайту	
	403-8 Еңбекті қорғауды басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлер	
	403-9 Жұмыспен байланысты жарақаттар	
	403-10 Кәсіптік аурулар	Бұл стандарт Қоғамда қолданылмайды.
GRI 404: Кадрларды дайындау және оқыту 2016	404-1 Бір қызметкерге жылына орташа оқу сағатының саны	Кадрлар әлеуетін дамыту
	404-2 Қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламалары және өтпелі кезеңде көмек көрсету бағдарламалары	
	404-3 Нәтижелілік пен мансаптық өсу туралы шолуларды үнемі алып тұратын қызметкерлердің пайызы	
GRI 405: Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016	405-1 Басқару органдары мен қызметкерлердің әртүрлілігі	
	405-2 Әйелдер мен ерлердің негізгі жалақысы мен сыйақыларының арақатынасы	Еңбек ақысын төлеу мен сыйақы беру мөлшері ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес атқаратын лауазымына байланысты белгіленеді.
GRI 406: Кемсітушілікті болдырмау 2016	406-1 Кемсітушілік оқиғалары және жағдайды түзету бойынша қабылданған шаралар	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
GRI 415: Жергілікті қоғамдастықтар 2016	413-1 Жергілікті қоғамдастықты тартумен жасалған операциялар, әсер етуді бағалау және даму бағдарламалары	Тұрақты даму
GRI 415: Мемлекеттік саясат 2016	415-1 Саяси жарналар	Қоғам ешқандай саяси жарна төлемейді.

№ 3 қосымша

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2022 жылға арналған жылдық есебіне

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ

Қаржылық есептілік

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі 78

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есеп 83-84
Жиынтық кіріс туралы есеп 85
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп 86
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп 87
Қаржылық п есептілікке ескертпелер....88-125

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Samruk - Kazyna Construction» АҚ-ның Акционері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Samruk - Kazyna Construction» АҚ-ның (бұдан әрі - «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса берілген отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компанияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты бұл мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстіде келтіріледі.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

EY
Building a better working world

Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса берілген отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі	*Аудитіміз аудиттің шешуші мәселелесін қалайша ескерді*
Қаржы активтерінің құнсыздануы	
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның берілген қарыздар бойынша айтарлықтай берешегі және қаржылық жалдау бойынша берешегі, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелерде қаражаты бар. Компания өзінің қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік залалардың резервін 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бағалайды. Берілген қарыздар бойынша күтілетін несиелік залалардың резервін, қаржылық жалдау, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат бойынша дебиторлық берешекті бағалау күрделі болып табылады, едәуір дәрежеде субъективті және атап айтқанда, дебитордың болжамды төлем жасай алу қабілеттігі туралы жорамалдарға негізделген. Осы себептермен, бұл мәселе біздің аудитіміз үшін барынша маңызды болып табылады. Берілген қарыздар, қаржылық жалдау бойынша берешек, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат туралы ақпарат қаржылық есептіліктің 9, 10, 14 және 16-ескертпелерінде ашылып көрсетіледі.	Біз берілген қарыздарға, қаржылық жалдау бойынша берешекке, ақша қаражаты мен оның баламаларына және кредиттік мекемелердегі қаражатқа қатысты күтілетін несиелік залалдар резервін есептеу процесін түсініп, Компанияның тиісті есеп саясатын бағаладық. Біз Компания резервтеу матрицасында пайдаланған ақпаратты Компания берген қарыздар, қаржылық жалдау бойынша берешек, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат пен барша ға қолжетімді экономикалық болжамдар туралы тарихи деректермен салыстырдық. Сондай-ақ біз берілген қарыздар, қаржылық жалдау бойынша берешек, берешектің мерзімдер бойынша пайда болу құрылымы, есепті күнге дейінгі және кейінгі есептеулер туралы ақпаратты қарастырдық. Біз үшінші тараптармен болған келіссөздердің ағымдағы мәртебесі мен түскен хат-хабарларды қарастырдық. Біз берілген қарыздарға, қаржылық жалдау бойынша берешекке, ақша қаражаты мен оның баламаларына, сондай-ақ кредиттік мекемелердегі қаражатқа қатысты Компания ашып көрсеткен ақпаратты және 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану әсерін талдадық.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

30 years in Kazakhstan

EY
Building a better working world

Компанияның 2022 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Компанияның 2022 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. 2022 жылғы Жылдық есеп, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтылмайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

«Samruk - Kazyna Construction» АҚ басшылығы мен Директорлар кеңесінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Компанияны таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмалаулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

EY
Building a better working world

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі жоғары, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән тұғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз «Samruk - Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз «Samruk - Kazyna Construction» АҚ-ның Директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

EY
Building a better working world

Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Рустамжан Саттаров.

„Эрнст энд Янг" ЖШС

Рустамжан Саттаров
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 2012 жылғы 6 қаңтардағы
№ МФ0000060 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 №0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 27 ақпан

A member firm of Ernst & Young Global Limited

30 years in Kazakhstan

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	**187.681**	212.060
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	6	**3.687.570**	3.793.230
Қауымдасқан компанияға инвестиция		**35.453**	15.544
Құрылыс компанияларына берілген ұзақ мерзімді аванстар	8	**–**	8.471.414
Материалдық емес активтер		**59.557**	41.194
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	9	**42.451.822**	46.343.025
Берілген ұзақ мерзімді қарыздар	14	**6.739.119**	17.602.955
Кредиттік мекемелердегі қаражат	10	**24.776.775**	31.386.386
Басқа да айналымнан тыс активтер	12	**6.957.177**	6.376.111
Айналымнан тыс активтер жиыны		**84.895.154**	114.241.919
Айналымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар		**6.171**	6.836
Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік	7	**290.314**	53.092
Құрылыс компанияларына берілген аванстар	8	**3.739.091**	–
Сауда дебиторлық берешек	13	**320.370**	2.593
Берілген қарыздар	14	**17.399.086**	440.145
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		**1.519.747**	537.257
Айналымдағы қаржы активтері	15	**5.317.120**	9.193.162
Кредиттік мекемелердегі қаражат	10	**75.813**	104.802
Басқа да айналымдағы активтер	11	**2.260.297**	386.042
Ақша қаражаты мен оның баламалары	16	**27.546.661**	40.785.783
Айналымдағы активтер жиыны		**58.474.670**	51.509.712
Активтердің жиыны		**143.369.824**	165.751.631

88–125 бет аралығындағы қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Меншікті капитал мен міндеттемелер			
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	17	**19.990.162**	19.990.162
Қосымша төленген капитал	17	**3.437.245**	3.437.245
БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалау резерві		**212.574**	227.317
Бөлінбеген пайда		**40.345.386**	37.092.232
Меншікті капитал жиыны		**63.985.367**	60.746.956
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	20	**1.965.062**	2.161.832
Келешек кезеңдер кірістері		**91.839**	107.145
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	21	**–**	2.086.004
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	28	**1.469.001**	1.083.958
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		**3.525.902**	5.438.939
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Алынған қарыздар, қысқа мерзімді бөлік	18	**59.082.123**	81.880.635
Облигациялар	19	**13.174.356**	11.801.600
Кредиторлық берешек	21	**2.158.781**	3.880.636
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	22	**1.443.295**	2.002.865
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		**75.858.555**	99.565.736
Міндеттемелер жиыны		**79.384.457**	105.004.675
Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны		**143.369.824**	165.751.631

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары - Басқарма мүшесі Б.А. Мукушев

Бас бухгалтер Б.К.Сипульдина

88–125 бет аралығындағы қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	23	**19.641.119**	14.314.798
Өзіндік құн	24	**(6.751.854)**	(1.304.390)
Жалпы пайда		**12.889.265**	13.010.408
Жалпы және әкімшілік шығыстар	25	**(1.675.694)**	(1.541.310)
Қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервін қалпына келтіру	10, 11, 14, 16	**1.146.253**	588.913
Қаржылық емес активтердің құнсыздану резервін есептеу		**(454.761)**	(167.119)
Операциялық кірістер		**11.905.063**	11.890.892
Қаржылық кіріс	26	**4.230.814**	3.565.526
Қаржыландыру бойынша шығындар	26	**(3.134.351)**	(2.971.425)
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес		**22.019**	2.110
Бағамдық айырма бойынша шығыс, нетто	27	**(6.566.852)**	(329.440)
Басқа да кірістер		**203.402**	200.630
Басқа да шығыстар		**(159.572)**	(28.022)
Салық салынғанға дейінгі пайда		**6.500.523**	12.330.271
Пайда салығы бойынша шығыстар	28	**(1.216.821)**	(2.544.139)
Есепті жылғы пайда		**5.283.702**	9.786.132
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық (зиян)/кіріс			
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша таза (зиян)/кірістер		**(14.743)**	32.876
Салықтар шегерілген есепті жылғы басқа да жиынтық (зиян) / кіріс		**(14.743)**	32.876
Салықтар шегерілген есепті жылғы жиынтық кірістің жиыны		**5.268.959**	9.819.008

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары - Басқарма мүшесі Б.А. Мукушев

Бас бухгалтер Б.К.Сипульдина

88–125 бет аралығындағы қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2020 жылғы 31 желтоқсанға	19.990.162	3.437.245	194.441	28.325.877	51.947.725
Есепті кезеңдегі пайда	–	–	–	9.786.132	9.786.132
Басқа да жиынтық кіріс	–	–	32.876	–	32.876
Жиынтық кіріс жиыны	–	–	32.876	9.786.132	9.819.008
Дивидендтер *(17-ескертпе)*	–	–	–	(1.019.777)	(1.019.777)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	**19.990.162**	**3.437.245**	**227.317**	**37.092.232**	**60.746.956**
Есепті кезеңдегі пайда	–	–	–	**5.283.702**	**5.283.702**
Басқа да жиынтық зиян	–	–	**(14.743)**	–	**(14.743)**
Жиынтық кіріс жиыны	–	–	**(14.743)**	**5.283.702**	**5.268.959**
Дивидендтер *(17-ескертпе)*	–	–	–	(2.030.548)	(2.030.548)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**19.990.162**	**3.437.245**	**212.574**	**40.345.386**	**63.985.367**

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары - Басқарма мүшесі Б.А. Мукушев

Бас бухгалтер Б.К.Сипульдина

88–125 бет аралығындағы қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Өнім мен тауарларды өткізу		**7.151.896**	589.449
Алынған пайыздар		**5.269.421**	4.660.834
Жалдау бойынша түсімдер		**13.110.470**	19.123.629
Басқа да түсімдер		**2.429.388**	9.775.225
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		**(5.538.923)**	(2.241.975)
Берілген аванстар		**(37.929)**	(69.531)
Жалақы бойынша төлемдер		**(1.263.890)**	(954.551)
Сыйақы төлеу	31	**(3.356.611)**	(3.021.953)
Корпоративтік табыс салығы		**(1.814.268)**	(2.131.520)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		**(381.415)**	(436.876)
Басқа да төлемдер		**(4.028.134)**	(2.422.672)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		**11.540.005**	22.870.059
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға алдын ала төлем		–	(8.468.163)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		**(41.819)**	(22.187)
Айналымнан тыс активтерді сатып алу		**(3.899.923)**	–
Үшінші тараптарға берілген қарыздар		**(13.117.804)**	(11.333.041)
Банк салымдарын қайтару		**6.758.025**	11.320.901
Үшінші тараптардан қарыздарды қайтару		**15.528.129**	2.697.448
Қауымдасқан компаниядағы қатысу үлесін сатудан түскен түсімдер		–	13.982
Басқа да үлестік құралдарды өткізуден түскен түсімдер		–	8
Борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер		–	500.000
Басқа да төлемдер		**(69.593)**	(63.967)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		**5.157.015**	(5.355.019)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Шығарылған облигациялар бойынша түсімдер	31	–	11.500.000
Алынған қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу	31	**(28.029.326)**	(12.995.033)
Төленген дивидендтер	17	**(2.030.548)**	(1.019.777)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		**(30.059.874)**	(2.514.810)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		**(13.362.854)**	15.000.230
Күтілетін несиелік зиян бойынша резервтегі өзгеріс	16	**7.124**	(8.982)
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		**116.608**	(10.585)
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		**40.785.783**	25.805.120
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	16	**27.546.661**	40.785.783

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары - Басқарма мүшесі Б.А. Мукушев

Бас бухгалтер Б.К.Сипульдина

88–125 бет аралығындағы қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша - «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 265 қаулысымен құрылды. 2019 жылғы 15 ақпанда Компания «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамы болып атауын өзгертті.

Компанияның кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10 ғимарат.

Мемлекет меншігінде Компанияның 100% қатысу үлесі бар «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша - «Бас компания» немесе «Самұрық-Қазына») арқылы Компанияға бақылау жүргізеді.

Компания миссиясы тұрғын-үй құрылысына инвестициялық қызмет пен сапалы тұрғын-үйді ұсыну арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір жағдайларын жақсарту, сондай-ақ құрылыс тиімділігін арттыру және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниясы Тобының жобаларын басқару болып табылады.

Компанияның негізгі қызметіне мыналар кіреді:

- Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау;
- Жылжымайтын мүлікті басқару;
- Инвестициялық қызмет;
- Жобалау және салу сатысында компанияның үлестерін сенімгерлік басқару;
- Әлеуметтік мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен бекітілген 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес Компанияның стратегиялық мақсаттарының бірі әлеуметтік мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру болып табылады. Осы стратегиялық мақсат шеңберінде және «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысына сәйкес Компания 2023 жылдан бастап Компания жобаны басқаруды жүзеге асыратын үш тетіктің біріншісін қолдану шеңберінде орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі Дирекциямен айқындалған сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес, бұл ретте Компанияға тапсырыс беруші функциясы берілген.

Компанияның миссиясы мен көзқарасы даму стратегиясын ескере отырып және Бас компанияның көзқарасымен қатар қалыптасады. Миссия Компанияның стратегиялық басымдықтарын және оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін көрсетеді.

Қауымдасқан компания

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі ұйымда қатысу үлесі болды:

Атауы	Орны тіркеу	Негізгі қызмет	Қатысу үлесі 2022 жыл	Қатысу үлесі 2021 жыл
«СК Девелопмент» ЖШС	Қазақстан	Девелопмент, жылжымайтын мүлік объектілерін қаржыландыру және кейіннен басқару/өткізу, техникалық қадағалау	49%	49%

Осы қаржылық есептілік Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қызметінің қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге оның қаржылық жағдайын білдіреді.

Компанияның қаржы нәтижелері құрылыс саласының ерекшелігіне байланысты болады, әрі оған ұзақ өндірістік цикл тән, өйткені жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысы, орташа, 1,5 жылдан 3 жылға дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте құрылыс және құрылысқа инвестициялау кезеңінде жылжымайтын мүлік объектілерін өткізуден түсетін кірістердің азаюы, құрылыс объектілеріне жұмсалатын шығындар капиталының / құрылыс ұйымдарына берілген аванстардың ұлғаюы байқалады. Тиісінше, жылжымайтын мүлік объектілері тапсырылғаннан кейін Компанияның негізгі қызметінен түсетін кірістердің өсімі байқалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ (жалғасы)

Қауымдасқан компания (жалғасы)

Осыдан басқа Компанияның қаржылық нәтижелеріне, мемлекеттік бағдарламаларды орындауға берілген және оны қаржыландырудан алынған пайыздық кірістер мен шығыстарды және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің депозиттерінде уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан болған пайыздар бойынша кірістерді қоса алғанда, ақша қаражатын басқарудан туындайтын қаржы құралдарын мойындау және кейіннен бағалау ықпал етеді *(31-ескертпе)*.

Жалпы, жылдар бойынша негізгі қызметтен түсетін кірістердің құбылуы құрылыс индустриясында жұмыс істейтін көптеген жергілікті және шетелдік компанияларға тән.

Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігін шығаруға Компания басшылығы 2023 жылғы 27 ақпанда бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Компанияның қаржылық есептілігі халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы қаржылық есептілік, егер өзгесі есеп саясатында және осы қаржылық есептіліктің ескертпелерінде аталмаса, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленген. Қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - «теңге») көрсетілген, және барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мыңдықтарға дейін дөңгелектенген.

3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Компанияның қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан пікір білдіруін, есепте көрсетілетін кіріс сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ мұндай баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалауға қатысты белгісіздік мұндай жорамалдар мен бағалаулар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің ағымдағы құнына қатысты келешекте едәуір түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін.

Компанияның болжаулары мен бағалауы ол қаржылық есептілігін дайындау кезінде оның қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Компания бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер, олардың жасалуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны сату шығындарын шегергендегі әділ құн немесе пайдаланудан болған құндылық өлшемдерінің ең көбі болып табылатын өтелетін сомадан асатын болса орын алады. Есептен шығаруға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді тәуелсіз тараптар арасындағы сату операцияларының міндетті күші бар қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған Компанияның жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша қаражатын жасайтын бірліктің құнсыздануына тестіленетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды. Өтелетін сома дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілетін ақша ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Күтілетін несиелік зиян

Компания берілген қарыздар, кредиттік мекемелердегі қаражаттар және ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша КНЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері шығындардың пайда болуының ұқсас сипаттамаларымен (яғни, географиялық өңір, өнімнің типі, сатып алушылардың типі мен рейтингісі, аккредитивтер арқылы қамтамасыз ету және несиелік тәуекелдерді сақтандырудың басқа нысандары бойынша) түрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлем мерзімін өткізіп алу күндеріне қарай белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтері матрицасының негізінде бұрынғы кезеңдердегі дефолттардың пайда болуының байқалатын деректері жатыр. Компания болжамды ақпаратты ескере отырып несиелік зиянның пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзетіп алу үшін матрицаны жаңартып отырады. Мысалға, егер келесі жылдың ішінде болжамды экономикалық талаптардың (мысалы. ЖІӨ) нашарлауы күтілетін болса, әрі ол өндірістік секторда дефолт жағдайларының ұлғаюына әкеп соқтыра алса, дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы байқалатын деректер жаңартылып отырады және болжамды бағалаудың өзгеруі сараланады.

Экономикалық талаптармен болжанатын дефолттың тарихи қадағаланатын деңгейлері мен және КНЗ арасындағы өзара байланысты бағалау едәуір есепті бағалау болып табылады. КНЗ көлемі жағдайлардағы және болжанатын экономикалық талаптардағы өзгерістерге сезімтал келеді. Компанияның несиелік зиянының пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптардың болжамы сатып алушының келешектегі іс жүзіндегі дефолты үшін көрнекі болып табылмауы мүмкін.

Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді және ағымдағы қаржы активтерінің құрамында қаржылық жалдау бойынша берешектің едәуір қалдықтары бар. Қаржылық жалдау бойынша берешек «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалға алушы - 8.000 астам жеке тұлғаға тиесілі дербес елеусіз қалдықтардан тұрады. Компания басшылығы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау берешегі бойынша күтілетін несиелік зиян резервін есептемеді. Компания басшылығы баланстың 100%-ы өтелуге жатады деп есептейді, өйткені қаржылық жалдау берешегі жалдау бойынша активтермен, жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген, әрі оның әділ құны қаржылық жалдау берешегінің баланстық құнынан айтарлықтай асады.

Операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер – Компания жалға беруші ретінде

Компания инвестициялық жылжымайтын мүлік портфелінің шеңберінде ескерілетін коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалдау шарттарын жасады. Шарт талаптарын талдаудың негізінде (мысалға, соларға сай жалдау мерзімі коммерциялық жылжымайтын мүлік нысанын экономикалық пайдалану мерзімінің негізгі бөлігін білдірмейді және ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны коммерциялық жылжымайтын мүліктің іс жүзіндегі барлық әділ құнына тең келмейді) Компания аталған мүлікке иелік ету құқығымен байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайда онда сақталып қалатындығын белгіледі және тиісінше, бұл шарттарға операциялық жалдау шарттары үшін айқындалған есепке алу тәртібін қолданады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің жіктелуі

Компания жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік немесе инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылатындығын былайша айқындайды:

- Инвестициялық жылжымайтын мүлікке Компанияның қызметінде пайдалану үшін қолданылмайтын, операциялық қызметте сатуға арналмаған, бірінші кезекте жалға беруден кіріс немесе капитал құнының өсімінен кіріс алу үшін ұсталатын пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар кіреді;
- Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке операциялық қызметте сатуға арналған жылжымайтын мүлік кіреді. Негізінен, бұл Компания құрылыс аяқталғаннан кейін сатқысы келген пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құны

Инвестициялық жылжымайтын мүлік өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жинақталған тозу мен құнсыздану бойынша жинақталған шығындарды шегеру арқылы көрсетіледі. Әділ құн соған ұқсас сипаттамалары мен орналасқан жері бар жылжымайтын мүлікпен жуырда жасалған мәмілелердің негізінде айқындалады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 6-*ескертпеде* ашылып көрсетілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құны (жалғасы)

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік өзіндік құнының ең азы және таза өткізу құны (ТӨҚ) бойынша көрсетіледі. Сатуға арналған жылжымайтын мүлік үшін ӨТҚ есепті күнге қолданылатын нарықтық конъюнктура мен бағаларды ескере отырып бағаланады және Компания тиісті жуырдағы нарықтық операцияларды назарға ала отырып айқындайды.

Сенімгерлік басқару шарттары

2022 жыл ішінде Компанияда «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-мен (бұдан әрі – «СКО») - бұрын «Біріккен химиялық компания» ЖШС-мен, байланысты тараппен «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-тегі СКО үлесін басқаруға сенімгерлік басқару шарты қолданылды. Сенімгерлік басқару шарты жобаның құрылысы аяқталғанға дейін қолданылады: «Ұлттық индустриялық мұнай-химия паркі» Арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылым объектілерін салу». Компания сенімгерлік басқару шарттарын сенімгерлік басқарудың өтуіне орай БХК еншілес компаниялары бақылауының болуына саралады және БХК еншілес компанияларындағы қатысу үлестерін бақылау амалы Компанияға 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтпеді деген тұжырымға келді.

2019 жылғы 24 қаңтарда Компания мен Бас компания офистік ғимаратты сенімгерлік басқару шартын жасады. Компания көрсетілген шартты сенімгерлік басқаруға өтуіне орай бақылаудың болуына саралады және ғимаратты бақылау амалы Компанияға 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтпеді деген тұжырымға келді. Компания әкімшілік ғимаратты басқару қызметтерін көрсетеді - үй-жайларды басқа ұйымдарға, негізінен байланысты тараптарға жалға береді.

2022 жылғы 15 қыркүйекте Компания мен Бас компания «ПГУ Туркестан» ЖШС-тің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100 %-ын Сенімгерлік басқару шартын жасады. Шарт «Түркістан облысында жалпы қуаты 1000 МВт-қа дейінгі электр энергиясын генерациялаудың маневрлік режимі бар бу-газ қондырғысы базасында электр станциясын салу» жобасы бойынша объектілерді жобалау, салу, пайдалануға беру және жобалық қуатына шығу кезеңіне қолданылады. Компания сенімгерлік басқару шартын сенімгерлік басқарудың өтуіне орай «ПГУ «Туркестан» ЖШС бақылауының болуына саралады және «ПГУ «Туркестан» ЖШС-тегі қатысу үлесін бақылау амалы Компанияға 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтпеді деген тұжырымға келді.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Компания 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін бірқатар стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Әр түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған:

«Ауыртпалық түсіретін шарттар – шартты орындау шығындары» 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Ауыртпалық түсіретін шарт - бұл міндеттемелерді орындаудың сөзсіз шығындары (яғни, Топ шартпен байланысты болғандықтан оны болдырмауға болмайтын шығындар) оның орындалуынан күтілетін экономикалық пайдадан асатын шарт.

Түзетулер шарттың ауыртпалық түсіретін немесе шығын әкелетінін бағалау кезінде ұйымға осындай шарт бойынша тауарларды немесе қызметтерді өндірумен тікелей байланысты шығындарды, оның ішінде қосымша шығындарды (мысалы, тікелей еңбек шығындары мен материалдардың құнын) және шарт бойынша қызметпен тікелей байланысты шығындарды бөлуді (мысалы, шартты орындау үшін пайдаланылатын жабдықтар амортизациясы және шарттың орындалуын басқару және қадағалау құны) қосу қажет екенін көрсетеді. Жалпы және әкімшілік шығындар шартқа тікелей байланысты емес және егер олар шарт бойынша контрагентке нақты түрде жүктелмесе, бағалаудан шығарылады.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Компания, егер бұл қажет болса, келешек кезеңдерде практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолдануға ниетті.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - Концептуалдық негіздерге сілтемелер

Түзетулер ХҚЕС-тің «Тұжырымдамалық негіздердің» алдыңғы нұсқасына сілтемені стандарт талаптарына елеулі өзгерістер енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған ағымдағы нұсқаға сілтememен ауыстырады.

Түзетулер *«Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер»* 37 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2 күннің» әлеуетті табысының немесе шығындарының пайда болуын болдырмас үшін *«Бизнестерді біріктіру»* 3 ХҚЕС-те (IFRS) мойындау қағидатынан ерекшелікті немесе егер олар жеке операциялардың шеңберінде туындаған болса, *«Міндетті төлемдер»* 21 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қосты. Ерекшелік ұйымдардан 37 ХҚЕС (IAS) критерийлерін немесе 21 КРМФО (IFRIC) түсіндірмелерін қолдана отырып, сатып алу күніндегі жағдай бойынша ағымдағы міндеттеменің бар-жоғын анықтауды талап етеді, сәйкесінше, Концептуалдық негіздер ережелерін қолданудың орнына.

Түзетулер сондай-ақ шартты активтер сатып алынған күні танылмайтынын түсіндіретін 3 ХҚЕС-ке (IFRS) жаңа абзацты қосады.

Өтпелі ережелерге сәйкес Компания түзетулерді перспективті түрде қолданады, яғни есепті жыл басталғаннан кейін пайда болатын бизнестердің бірігуіне, онда ол түзетулерді алғаш рет қолданады (алғаш рет қолдану күні).

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізген жоқ, өйткені Компанияда есепті кезең ішінде бұл түзетулердің қолданылу аясына жататын шартты активтер, міндеттемелер және шартты міндеттемелер туындамады.

«Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер»

Түзетулер ұйымдарға негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіру процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салады. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ бұл бұйымдарды шығару құнын пайданың немесе зиянның құрамында мойындайды.

Өтпелі ережелерге сәйкес Компания түзетулерді тек ұйым бұл түзетулерді алғаш рет қолданатын кезеңде ең бірінші болып ұсынылған қаржылық есептіліктің басталу күніне (немесе содан кейін) пайдалану үшін қолжетімді болған негізгі құралдардың объектілеріне қатысты ретроспективті түрде қолданады.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне ешқандай әсерін тигізбеді, өйткені Компания негізгі құралдарды ең ерте көрсетілген кезеңнің басынан бастап пайдалануға жарамды күйге келтіру процесінде өндірілген мұндай өнімдерді сатпады.

«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) - «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым»

Түзету 1 ХҚЕС(IFRS) D16 (а) тармағының ережелерін қолдануды шешетін еншілес компанияға, егер бизнесті шоғырландыру және біріктіру рәсімдеріне байланысты ХҚЕС бойынша есепке бас ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларды негізге ала отырып, валютаны қайта есептеуден жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға мүмкіндік береді, оның аясында бас ұйым еншілес компанияны сатып алды, ешқандай түзетулер болған жоқ. Бұл түзету 1 ХҚЕС-тің (IFRS) D16(а) тармағының ережелерін қолдануды шешкен қауымдасқан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға қолданылады.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне ешқандай әсерін тигізбеді, өйткені Компания халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші рет қолданып отырған жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС (IFRS) – «Қаржылық міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған жағдайда ««10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы»

Түзету ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндеттеменің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомаларын нақтылайды. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған сомалар ғана жатады. *«Қаржы құралдары: Тану және бағалау»* 39 ХҚЕС-ке (IAS) үшін ұқсас түзетулер ұсынылмады.

Өтпелі ережелерге сәйкес Топ түзетулерді ол бұл түзетуді алғаш рет қолданатын (алғаш рет қолданатын күн) жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе содан кейін) түрлендірілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты қолданады. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне ешқандай әсерін тигізбеді, өйткені Компанияда есепті кезең ішінде қаржы құралдарының түрлендірілуі болмады.

Түзету ұйымдардың есепке 41 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын активтердің әділ құнын бағалау кезіндегі салық салумен байланысты ақша ағындарын есепке алмайтындығы туралы 41 ХҚЕС-тің (IAS) 22-тармағындағы талапты алып тастайды.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне ешқандай әсерін тигізбеді, өйткені Компанияның есепті күнгі жағдай бойынша 41 ХҚЕС-ке (IAS) қатысты активтері болмады.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

- 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттары»;*
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - *«Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»*;
- *«Бухгалтерлік бағалауды айқындау»* 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) және *«Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету»* ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі №2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер;
- 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - *«Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық салу»*;

Шетел валютасын қайта есептеу

Компанияның қаржылық есептілігі Компанияның функционалдық валютасы және осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен көрсетілген. Теңге Компания қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады.

Компания шетел валютасындағы операцияларды бастапқыда өздерінің қызмет ететін валютасында операция тану көрсеткіштерін алғаш рет қанағаттандыратын күнге қолданылатын бағам бойынша көрсетеді.

Шетел валюталарында деноминацияланған монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнгі бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар пайда немесе зиян құрамында танылады.

Шетел валютасында тарихи құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы операциялар күніне айырбастау бағамдарын пайдалана отырып қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құны айқындау күніне айырбастау бағамдарын пайдалана отырып қайта есептеледі. Әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда немесе зиян баптың әділ құнының өзгеруінен пайданы немесе зиянды тану қағидаттарына сәйкес ескеріледі (яғни баптар бойынша валютаны есептеуден болған бағамдық айырмалар, БЖК құрамында танылатын әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған пайда немесе зиян не болмаса БЖК құрамында немесе тиісінше пайданың немесе зиянның құрамында танылады).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні Компания алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну операциялары жасалған жағдайда Компания әрбір төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін айқындайды.

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады.

Компания маңызды мәмілелерді жасаған шетел валюталарының айырбас бағамдары былайша көрсетілген:

Кезең соңындағы айырбас бағамы (теңгеге)	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
1 АҚШ доллары	**462,55**	431,80
1 ресей рублі	**6,43**	5,76

Бір жылғы орташа айырбас бағамы (теңгеге)	**2022**	2021
1 АҚШ доллары	**467,74**	426,03
1 ресей рублі	**7,16**	5,79

Қауымдасқан компанияға инвестициялар

Қауымдасқан компания - соның қызметіне Компанияның айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты жөнінде шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау емес.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Компанияның оның қауымдасқан компаниясына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны кейіннен Компанияның сатып алғаннан кейін туындайтын қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі үлестің өзгеруін мойындау салдарынан түзетіледі. Қауымдасқан компанияға қатысты гудвил инвестицияның баланстық құнына қосылады және құнсыздануға бөлек тестіленбейді.

Жиынтық кіріс туралы есеп Компанияның қауымдасқан компания қызметінің нәтижелеріндегі үлесін көрсетеді. Қауымдасқан компанияның меншікті капиталында тікелей мойындалған өзгеріс орын алса, Компания мұндай өзгерістің өз үлесін мойындап, бұл фактіні, қажет болғанда, капиталдағы өзгерістер туралы есепте ашып көрсетеді.

Компанияның қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындайтын жұмсалмаған пайда мен зиян Компанияның қауымдасқан компанияда қатысу үлесінің болған дәрежесінде алынып тасталды.

Компанияның қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлесі тікелей жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген. Ол салық салынғаннан және қауымдасқан компанияның еншілес ұйымдарындағы бақыланбайтын қатысу үлесін есепке алғаннан кейін пайданы немесе залалды білдіреді.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі Компанияның қаржылық есептілігіндей есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Компанияның есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Компания өзінің қауымдасқан компаниясына инвестициясы бойынша құнсызданудан келген қосымша залалын тану қажеттігін айқындайды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қауымдасқан компанияға инвестициялар (жалғасы)

Әрбір есепті кезеңде Компания қауымдасқан компанияға құйылған инвестициялардың құнсыздануының объективті растауының болуын белгілейді. Мұндай растаулар болған жағдайда, Компания құнсыздану сомасын қауымдасқан компанияның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды *«Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес»* бабы бойынша жиынтық кіріс туралы есепте мойындайды.

Қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Компания қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Едәуір ықпалдан айырылу сәтіне қауымдасқан компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығарылудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда, егер:

- Оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- Ол ең бастысы сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- Оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың шегінде өткізу болжанса; немесе
- Есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде қолданылатын міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе ақша қаражатының баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- Оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде реттеу болжанса;
- Ол көбінесе сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- Ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде реттелуі тиіс болса; немесе
- Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің реттелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Компания барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімділер ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Компания мұндай қаржы құралдарын қаржылық жағдай туралы есепті жасаудың әрбір күніне әділ құны бойынша туынды құралдар ретінде бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны және әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс қаржылық емес активтер туралы ақпарат тиісінше *31-ескертпеде* және *7-ескертпеде* ашылып көрсетіледі.

Активті сатып алу кезінде алынған немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттеменің берілгені үшін төленген баға әділ құны болып табылады. Әділ құны бойынша бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- Немесе бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- Не болмаса негізгі нарықтың жоқтығы шарттарында, бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта.

Компания негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік экономикалық мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайда әкелу не болмаса активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату арқылы пайда әкелу қабілетін назарға алады.

Компания мұндай бағалау үлгілерін пайдаланады, әрі олар мұндай жағдайларда орынды болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте релевантты қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше азайтуға мүмкіндік береді.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер *31-ескертпеде* сипатталған әділ құн көздері иерархиясының шеңберінде жіктеледі.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді мойындау

Компанияның қызметі жылжымайтын мүлікті басқарумен және құрылыспен байланысты. Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім тауарларға бақылау сатып алушыға берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Компания мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр. Компания түсім алуды көздейтін өзі жасаған шарттарда әдетте ол принципал ретінде болады деген тұжырымға келді, өйткені әдетте Компания тауарлар сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылап отырады.

Компания шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе алымдарды шегере отырып түсімді алуды көздейтін өзі жасаған барлық шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді.

Жылжымайтын мүлікті сату

Жылжымайтын мүлікті сатудан түскен кіріс, әдетте, жылжымайтын мүлікті иелік етуден болған едәуір тәуекелдер мен пайда сатып алушыға өткенде мойындалады. Аяқталмаған жылжымайтын мүлік объектілеріне талап ету құқықтарын қайта табыстаудан түскен кірістер сатып алушыға қатысты талап ету құқықтарына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы беру кезінде мойындалады.

Жалға беруден түскен кіріс

Операциялық жалға берілген инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен кіріс жалдау мерзімінің ішінде тік сызықты әдіс бойынша ескеріледі және оның операциялық сипатына орай түсім құрамына қосылады.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құны және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырған болашақ төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде ақша қаражаттың түсуін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза баланстық құнына немесе міндеттемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді.

Құрылыс компанияларын қаржыландырудан түскен пайыздық кіріс негізгі қызметтен болған кірістердің құрамына және басқа да пайыздық кірістер бөлігінде қаржыландырудан болған кірістердің құрамына қосылады.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу шамасына қарай танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қарыздар бойынша шығындар

Компанияның ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысы бар қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құнының бір бөлігі ретінде капиталданады. Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Компания қарызға алынған қаражатпен байланысты шеккен басқа да шығындар жатады.

Табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдары төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Компания өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Тікелей меншікті капиталда танылған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы жиынтық кіріс туралы есепте емес, меншікті капиталдың құрамында танылады. Компания басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестерді біріктіру болып табылмайтын операцияның барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты егер уақыт айырмасын қалпына келтіру мерзімін бақылау мүмкін болса уақытша айырмасы жақын болашақта қалпына келтірілмейді деген айтарлықтай ықтималдылық болса, уақытша айырмалар мойындалмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылатын пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын шамада барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады:

- Шегерілетін уақыт айырмасына жататын кейінге қалдырылған салық активі бизнестерді біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе зиянға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса;
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестеріне инвестициялармен байланысты шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері жақын болашақта уақытша;
- Айырмашылықтарды қалпына келтіру ықтималдығы және уақытша айырмашылықтар есептелуі мүмкін салық салынатын пайданың туындауы шамасында ғана танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін өтеуге мүмкіндік береді деген ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын немесе іс жүзінде қабылданған салық мөлшерлемелеріне (және салық заңнамасына) сүйене отырып активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе зиян құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе зиян құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей меншікті капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан қорғалған ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын ұйымға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

Жұмыскерлерге сыйақылар

Әлеуметтік салық

Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болу сәтіндегі шығыстарға жатады.

Белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары

Компания арнайы зейнетақы қорларына жарна ретінде өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% дейін ұстап қалады. Заңнаманың талаптарына сәйкес зейнетақы төлемдері бойынша жауапкершілік қызметкерлердің мойындарында жатыр, бұл ретте Компанияның қызметкерлерге еңбек қызметін аяқтағаннан кейін өтемақыларды төлеу бойынша ағымдағы немесе келешек міндеттемелері жоқ.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Компания бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешегі қоспағанда, Компания қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау «ақша ағындары» тестісі (SPPI-тест) деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. «Ақша ағындары» критерийіне жауап бермейтін қаржы активтері, ақша ағындары бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланады деп жіктеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)

Компания қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Компания өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптардағы» сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Компания өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады. Компанияның қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, қаржылық жалдау бойынша берешек, берілген қарыздар, мемлекеттік облигациялар, сауда және басқа да дебиторлық берешек жатады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктей отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Мойындау тоқтаған кезде жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктеместен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, ұйымның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Бұл санат Компания үшін барынша орынды болып табылады. Компания қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Компания берілген қарыздарды, сауда және басқа да дебиторлық берешекті, қаржылық жалдау берешегін жатқызады.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Компания борыштық құралдарды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалатын болса, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- Бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активі, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу, сол сияқты қаржы активтерін сату болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар) (жалғасы)

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар болған жағдайда, пайыздық кіріс, валюта бағамдарының қайта бағалануы және мұндай залалдың құнсыздануынан немесе қалпына келтірілуінен болған залал басқа да жиынтық кіріс туралы есепте танылады және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріндей дәл осылайша есептеледі. Әділ құнның қалған өзгерістері басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады. Мойындалу тоқтаған кезде басқа да жиынтық кірістің құрамында танылған әділ құн өзгерістерінің жинақталған сомасы пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктеледі. Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар санатына, Компания басқа да айналымнан тыс қаржы активтерінің құрамына қосылған, бағасы белгіленетін борыштық құралдарға жасалған инвестицияларды жатқызады. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның мемлекеттік облигациялары - басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері бар.

Компанияның қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген қаржы құралдары (үлестік құралдар)

Бастапқы мойындау кезінде Компания өз қарауына қарай, бірақ одан кейіннен бас тарту құқығынсыз, үлестік құралдарға жасалған инвестицияларды басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеу жөнінде шешім қабылдай алады, егер олар *«Қаржы активтері: ұсыну»* 32 ХҚЕС-ке (IAS) сай меншікті капиталдың анықтамасына жауап бермесе және саудаға арналмаса. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша бөлек қабылданады. Мұндай қаржы активтері бойынша пайда мен зиян ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына жіктелмейді. Дивидендтер, Компания қаржы активі құнының бір бөлігінің өтемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алуға құқық белгіленгенде жиынтық кіріс туралы есепте басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда осындай пайда басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Компанияның қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның ол бастапқыда мойындалған кезде айқындалған басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері жоқ.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына саудаға арналған қаржы активтері, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп бастапқыда танылған кезде Компанияның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері немесе міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар Компанияның қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Амортизацияланған құны бойынша немесе жоғарыда сипатталғандай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарды жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан бастапқыда танылған кезде Компания борыштық құралдарды өз қарауына қарай, егер мұндай жіктеу амалы есептегі сәйкессіздікті жоятын болса немесе айтарлықтай азайтатын болса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян туралы есепте танылады. Бұл санатқа Компания өз қарауына қарай, бас тарту құқығынсыз, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктемеген туынды құралдар мен бағасы белгіленетін үлестік құралдарға инвестициялар жатады. Бағасы белгіленетін үлестік құралдар бойынша дивидендтер, оларды алу құқығы белгіленгенде, жиынтық кіріс туралы есепте басқа да кіріс ретінде танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (жалғасы)

Қаржылық міндеттеме немесе қаржылық емес құрал болып табылатын негізгі шартты қамтитын гибридті шартқа ендірілген туынды құрал негізгі шарттан бөлінеді және бөлек туынды құрал ретінде ескеріледі, егер: оған тән экономикалық сипаттамалар мен тәуекелдер негізгі шарттың тәуекелдерімен және сипаттамаларымен тығыз байланысты болмаса; ендірілген туынды құрал сияқты дәл сондай талаптарды көздейтін бөлек құрал туынды құралдың анықтамасына жауап берсе; және гибридті шарт пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбаса. Ендірілген туынды құралдар әділ құны бойынша бағаланады, ал олардың әділ құнының өзгеруі пайда немесе зиян құрамында мойындалады. Есепке алу тәртібін қайта қарау өйтпеген жағдайда қажет болуы мүмкін ақша ағындарының елеулі өзгеруіне әкеліп соқтыратын шарт талаптарында өзгерістер болған жағдайда не болмаса қаржы активті қайта жіктелген және ол пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатынан аударылған жағдайда жасалады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе
  (а) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бергенде, не болмаса (б) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бермегенде және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

Егер Компания өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, ол берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы ағымдағы құны немесе Компаниядан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Компания пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несиелік зиянды (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Компания бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несиелік зиян) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиян) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Компания КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Компания несие тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиянға тең сомада залалдарға бағалау резервін мойындайды. Компания қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға қатысты Компания төмен несиелік тәуекел туралы оңайлатуды қолданады. Әрбір есепті күнге Компания тым аса шығын немесе күш жұмсамай қолжетімді болатын барлық негізделген әрі расталатын ақпаратты пайдалана отырып, борыштық құралдың төмен несиелік тәуекелі бар құрал болып табылатындығын бағалайды. Мұндай бағалауды жүргізу кезінде Компания борыштық құралдың ішкі несие рейтингісін қайта қарайды. Сонымен бірге, Компания несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы болды деп есептейді, егер шартта көзделген төлемдер мерзімі 30 күннен артық өтсе. 2022 жылдың 31 желтоқсанына және 2021 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның бағасы белгіленетін мемлекеттік облигациялармен білдірілген БЖК арқылы бағаланатын борыштық бағалы қағаздары болды.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен оның баламаларына банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз болатын, белгілі бір ақша қаражатының сомаларына оңай айырбасталатын және құнның өзгеруіне елеусіз тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді өтімділігі жоғары депозиттер жатады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек

Ұзақ мерзімді депозиттерді қоса алғанда, қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан түскен кірістердің құрамына жатқызылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар қарыздар болған жағдайда қаржыландыру бойынша шығындар құрамында және дебиторлық берешек болған жағдайда басқа да операциялық шығыстардың құрамында жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда танылған кезде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер, несиелер мен қарыз алулар немесе кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлы қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (несиелер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне кредиторлық берешек, Бас компанияның қарыздары мен купондық облигациялар жатады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер келесі екі санатқа жіктеледі:

- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер

«Пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына Компанияның қарауына қарай жіктелген саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржылық міндеттемелер жатады.

Егер олар таяу арада керіп сатып алу мақсатында болса, қаржылық міндеттемелер саудаға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа сондай-ақ Компания шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС (IFRS) айқындалғандай хеджирлеу қатынастарының шеңберінде хеджирлеу құралдары ретінде Компанияның қарауына қарай айқындалмаған туынды қаржы құралдар жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар олар Компанияның қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде жіктелген жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда немесе зиян жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Бастапқы тану кезінде Компанияның қарауына қарай пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күніне осы санатқа және тек 9 ХҚЕС-тің (IFRS) критерийлерін сақтай отырып жатқызылады. Компанияның пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын оның қарауы бойынша жіктелген қаржылық міндеттемелері жоқ.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар)

Бұл санат Компания үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зиян оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып амортизация есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

Бұл санатқа, ең алдымен, пайыздық несиелер, қарыздар мен купондық облигациялар жатады.

Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық жағдай туралы есептегі қаржылық міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады.

Егер Бас компанияның алдындағы қаржылық міндеттеме біршама айырмашылығы бар шарттарда Бас компанияның алдындағы өзге міндеттемеге ауыстырылса немесе, егер бар қаржылық міндеттеменің талаптары біршама өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау деп есептеледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы есепте танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылуы тиіс.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Құрылыс компанияларына берілген аванстар жылжымайтын мүлік объектілерін салу үшін төленген аванстық төлемдерді білдіреді, әрі ол кейіннен инвестициялық жылжымайтын мүлік не болмаса өткізуге арналған жылжымайтын мүлік ретінде қаржылық жағдай туралы есепте танылады. Құрылыс компанияларына берілген аванстар, егер болса, құнсыздануды шегеру арқылы үлестік қатысу шарттарын жасау күніне құны (нақты аударылған сома) бойынша бағаланады. Объектіге қатысты меншік құқығының құрылыс компаниясынан Компанияға ауысу сәтіне құрылыс компанияларына берілген аванстың баптары жабылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалдау ақысын немесе капитал құнының өсуінен түскен кірісті алу үшін ұсталатын жылжымайтын мүлік кіреді.

Жалдау талаптарында меншіктегі жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына сәйкес келгенде инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеледі. Жалдау бойынша міндеттемелер 16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес жалға алынатын жылжымайтын мүлік сыйақысының әділ құны бойынша танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашында бастапқы құны бойынша бағаланады, оған мәміле бойынша шығындар қосылады. Баланстық құнға, егер оларды тану критерийлері орындалса және инвестициялық жылжымайтын мүлікке ағымдағы қызмет көрсетуге арналған шығындар қосылмаса, мұндай шығындардың пайда болу сәтіне қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүлігінің бөліктерін ауыстыру құны кіреді. Бастапқы танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздануды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Тозу оның пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік әдіспен есептеледі, әрі оның мерзімі 50 жылды құрайды.

Материалдық емес активтің мойындалуы ол есептен шығарылғанда (яғни оны алушы бақылауға ие болатын күнге) немесе оны пайдаланудан немесе есептен шығарылудан ешқандай келешек экономикалық пайда болмағанда тоқтатылады. Активтерді тануды тоқтатудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе зиян (есептен шығарудан түскен түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алып отыратын жылжымайтын мүлік объектісіне аудару кезінде кейінгі есепке алу мақсаттары үшін шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісіне айналған жағдайда, Компания мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне дейін негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес ескереді.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік оның баланстық құны жалғасып отырған пайдаланудың нәтижесінде емес, сату арқылы өтеледі деп күтілгенде, сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтердің санатына аударылады. Егер жылжымайтын мүлік осы сияқты жылжымайтын мүлікті сату үшін әдеттегідей болатын шарттарда өзінің ағымдағы күйінде дереу сатыла алса, сондай-ақ сату мүмкіндігі жоғары болса, мұндай шарт сақталған болып есептеледі.

Басқа да ұзақ мерзімді активтер

Басқа да ұзақ мерзімді активтерге келешекте қаржылық жалға беруге арналған жылжымайтын мүлік не болмаса сол бойынша есепті күнге оның баланстық құны қалайша өтелетіндігі анықталмаған жылжымайтын мүлік кіреді. Басқа да ұзақ мерзімді активтер мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы мойындалғаннан кейін басқа да ұзақ мерзімді активтер жинақталған құнсыздануды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Басқа да ұзақ мерзімді активтер амортизацияланбайды. Басқа да ұзақ мерзімді активтер санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніне олардың әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, компания ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Материалдық емес активтердің шектелген пайдалы қызмет ету мерзімдері бар.

Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзімнің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады.

Тиімді пайдаланудың болжамды мерзімінің немесе активте көрсетілген келешек экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымының өзгеруі кезеңнің немесе жағдайға қарай амортизацияны есептеу әдісінің өзгеруі ретінде қаржылық есептілікте көрсетіледі және есепті бағалаудың өзгеруі ретінде ескереді. Тиімді пайдалану мерзімі шектеулі материалдық емес активке арналған шығындар жиынтық кіріс туралы есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активтің мойындалуы ол есептен шығарылғанда (яғни оны алушы бақылауға ие болатын күнге) немесе оны пайдаланудан немесе есептен шығарылудан ешқандай келешек экономикалық пайда болмағанда тоқтатылады. Активтерді тануды тоқтатудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе зиян (есептен шығарудан түскен түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

Материалдық емес активтер негізінен бағдарламалық жасақтама мен лицензиялардан тұрады. Материалдық емес активтер, әдетте бес жылдан он жылға дейінгі мерзімді құрайтын олардың пайдалы қызметін есептеу мерзімі ішінде желілік негізде өтелінеді.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және/немесе олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Компания осы сияқты құрамдастарды оларға сәйкес болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жеке активтер ретінде таниды және оларды тиісінше амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Тозу активтердің пайдалы қызметін келесі есепті мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

	Жылдар
Үйлер мен ғимараттар	8-100
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-50
Көлік құралдары	3-15
Басқалары	2-20

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды мойындауын тоқтату олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы есепке кіргізіледі.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қызмет ету мерзімдері және негізгі құралдарды амортизациялау әдістері әрбір қаржы жылының соңында талданады және қажетіне қарай перспективті негізде түзетіледі. Негізгі құралдарға көбінесе әкімшілік ғимарат, жер және кеңсе жабдықтары жатады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Мұндай белгілер болғанда немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тестілеуді орындау қажет болса, Компания активтің өтелетін құнын бағалайды.

Активтің өтелетін құны немесе ақша ағындарын жасайтын бірліктің құнсыздануы - бұл келесі көлемдердің ең үлкені: есептен шығару шығындарын шегере отырып активтің (ақша ағындарын жасайтын бірліктің) әділ құны немесе активті (ақша ағындарын жасайтын бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін сома негізінен актив басқа активтер немесе активтердің топтары тудыратын ағындардан тәуелсіз ақша ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, актив үшін анықталады.

Егер активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомадан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады. Есептен шығаруға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания жекелеген активтер жататын әрбір ақша қаражатын тудыратын бірлік үшін бөлек әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсім үрдістері бесінші жылдан кейін болжанатын келешек ақша ағындарына қатысты есептеліп, қолданылады.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы есепте құнсызданған актив мақсатына сәйкес келетін шығыстар санатының құрамында танылады.

Компания әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер ондай белгі бар болып шықса, Компания активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің өтелетін соманы есептейді. Құнсыздануан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсыздануан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі.

Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсыздануан болған зиян деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның осылайша қалпына келтірілуі жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық емес қорлар кос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құны және өткізудің таза құны. Шығындарға қорларды межелі жерге дейін жеткізу және оларды лайықты күйге келтіру кезінде болған шығыстар кіреді. Таза өткізу құны - өндірісті аяқтауға болжанған шығыстарды және өткізуге ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысындағы болжамды өткізу бағасы. Барлық қорлар орташа алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік

Жалға беру немесе капитал өсімі үшін ұстау үшін емес, операциялық қызметтің барысында сату үшін сатып алынған жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік ретінде ескеріледі және өзіндік құнның ең азы және сатудың таза құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құнына мыналар кіреді:

- Меншік құқығы және жерді жалдау құқығы;
- Мердігерлерге құрылыс үшін төленген сомалар;
- Қарыздар бойынша шығындар, жоспарлау және жобалау шығындары, құрылыс алаңын дайындау шығындары, заңгерлік қызметтер үшін кәсіби сыйақы, меншікті беру салығы, құрылысқа үстеме шығыстар және басқа да байланысты шығыстар.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік (жалғасы)

Өткізудің таза құны – бұл есепті күнге нарықтық бағаларға негізделген және ақшаның уақытша құнын бағалауды ескере отырып дисконтталған, егер бұл материалды болса, құрылысты аяқтауға арналған болжамды шығындарды және өткізуге арналған ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында өткізудің болжамды бағасы.

Есептен шығарылу кезінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құнына, сатылған жылжымайтын мүлікке байланысты болған шығыстар және сатылған жылжымайтын мүліктің салыстырмалы мөлшерінің негізінде бөлінген үстеме шығыстар кіреді.

Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері

Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері жалға алушылар қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде салатын сомаларды білдіреді. Жалдау мерзімінің соңында кепілдікті міндеттемелердің қаражатын жалға алушылар соңғы жалдау төлемдерін өтеу үшін пайдаланады.

Жалдау

Келісім жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау жалдау қатынастарының басталу күніне келісім мазмұнын талдауға негізделеді. Келісім жалдау болып табылады немесе активтерді пайдалануға тәуелді болатындығын және мұндай келісімнің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан басқа тарапқа өтетіндігін, тіпті егер бұл келісімде анық көрсетілмесе де, анықтауды талап етеді.

Компания жалға беруші ретінде

Сол бойынша Компанияға іс жүзінде жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау қатынастарының басталу күніне капиталданады немесе егер осы сома аз болса, - ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады.

Жалдау төлемдері өтелмеген актив сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындай етіп қаржыландыру кірістері мен қаржылық жалдау бойынша активтің ұлғаюы арасында бөлінеді. Қаржыландырудан түскен кірістер тікелей жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Компания активті иелік етуден тәуекелдерді және табысты бермейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы есепте кіріс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Компания жалға алушы ретінде

Компанияға активті иелік етуден тәуекелдер және табыс өтпейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы есепте шығыс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Резервтер

Егер Компанияның өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Компания резервтердің бір бөлігінің немесе барлықтарының өтемақысын алуды болжап отырса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтемақы тек өтемақыны алуда күмән болмаған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2022 және 2021 жылдардағы негізгі құралдардың қозғалысы келесідей көрсетілген:

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	Офистік құрал-жабдықтар	Жиыны
Бастапқы құн				
2020 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	31.913	419.734	477.748
Түсімдер	–	–	43.802	43.802
Шығулар	–	–	(11.181)	(11.181)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	31.913	452.355	510.369
Түсімдер	**–**	**–**	**15.438**	**15.438**
Шығулар	**–**	**–**	**(5.671)**	**(5.671)**
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**26.101**	**31.913**	**462.122**	**520.136**
Жинақталған тозу				
2020 жылғы 31 желтоқсанға	–	(4.521)	(270.389)	(274.910)
Бір жылғы есептелген тозу	–	(638)	(33.919)	(34.557)
Шығу кезіндегі тозу	–	–	11.158	11.158
2021 жылғы 31 желтоқсанға	–	(5.159)	(293.150)	(298.309)
Бір жылғы есептелген тозу	**–**	**(638)**	**(38.220)**	**(38.858)**
Шығу кезіндегі тозу	**–**	**–**	**4.712**	**4.712**
2022 жылғы 31 желтоқсанға	–	**(5.797)**	**(326.658)**	**(332.455)**
Қалдық құны				
2021 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	26.754	159.205	212.060
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**26.101**	**26.116**	**135.464**	**187.681**

6. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2021 және 2022 жылдардағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің қозғалысы келесідей көрсетілген:

Мың теңгемен	Ғимарат	Коммерциялық үй-жайлар	Жиыны
Бастапқы құн			
2020 жылғы 31 желтоқсанға	4.850.854	10.345	4.861.199
2021 жылғы 31 желтоқсанға	4.850.854	10.345	4.861.199
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**4.850.854**	**10.345**	**4.861.199**
Жинақталған тозу және құнсыздану			
2020 жылғы 31 желтоқсанға	(960.238)	(2.071)	(962.309)
Бір жылғы есептелген тозу	(105.660)	–	(105.660)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	(1.065.898)	(2.071)	(1.067.969)
Бір жылғы есептелген тозу	**(105.247)**	**(413)**	**(105.660)**
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**(1.171.145)**	**(2.484)**	**(1.173.629)**
Қалдық құны			
2021 жылғы 31 желтоқсанға	3.784.956	8.274	3.793.230
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**3.679.709**	**7.861**	**3.687.570**

2022 жылы, инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құнына тұрақты түрде жасалатын талдаудың нәтижесінде, Компания Басшылығы коммерциялық және тұрғын үй-жайлардың баланстық құны үй-жайлардың әділ құнынан аспады деген тұжырымға келді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 5.781.137 мың теңгені (2021 жылы: 5.825.228 мың теңге) құрады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Мың теңгемен	Пәтерлер	Тұрақ орындары	Басқасы	Жиыны
2020 жылғы 31 желтоқсанға	19.538	–	53.092	72.630
Басқа айналымнан тыс активтерден аударылғаны *(12-ескертпе)*	7.916	–	–	7.916
Өткізілген жылжымайтын мүлік *(24-ескертпе)*	(27.454)	–	–	(27.454)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	–	–	53.092	53.092
Басқа ұзақ мерзімді активтерден аударылғаны *(12-ескертпе)*	**1.167**	**1.388**	**–**	**2.555**
Өткізілген жылжымайтын мүлік *(24-ескертпе)*	**(5.683.424)**	**(1.388)**	**–**	**(5.684.812)**
Түсімдер *(8-ескертпе)*	**5.931.904**	**–**	**–**	**5.931.904**
Басқасы	**–**	**–**	**(12.425)**	**(12.425)**
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**249.647**	**–**	**40.667**	**290.314**

8. ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

